

**ҚАЗАҚСТАН
ЖАЗУШЫЛАРЫНЫҢ
ӘДЕБИ-КӨРКЕМ
ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК
ЖУРНАЛЫ**



1969 жылдан бастап шығады

**ҚҰРЫЛТАЙШЫ –
Қазақстан Жазушылар одағы**

**"Жалын" журналының
негізін салушы –
Мұхтар ШАХАНОВ,
Қазақстанның Еңбек Ері**

**РЕДАКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ
ТӨРАҒАСЫ –
Мереке ҚҰЛКЕНОВ**
**БАС РЕДАКТОР –
Құдияр БІЛӘЛ**

Редколлегия мүшелері:

**Бейбіт САРЫБАЙ
Дәурен ҚҰАТ
Досай КЕНЖЕТАЙ
Жанна ИМАНҚҰЛ
Жүсіпбек ҚОРҒАСБЕК
Көсемәлі СӘТТІБАЙҰЛЫ
Құлбек ЕРГӨБЕК
Пәтигүл МАҚСАТОВА
Сабырбек ОЛЖАБАЙ
Сәуле АХМЕТОВА
Серік ТҰРҒЫНБЕКҰЛЫ
Төлен ӘБДІК
Мәмбет ҚОЙГЕЛДІ**

**ақпан
2026
№2
(246)**

ISSN-1618-0842

*Редакцияға түскен шығармалар
редакцияланбайды. Қолжазба
қайтарылмайды. Көшіріп басқан
жағдайда "Жалынға" сілтеме жасау
міндетті.*

*Жарияланған дүниелердегі деректердің
нақтылығына авторлар жауап береді.
Пікір-толғамдар редакция
көзқарасымен сәйкес келе бермеуі
мүмкін.*

"Жалын" журналы редакциясы



Қанат АЛТЫНБЕК,

2001 жылы туған. 2022 жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Тарих» факультетін бітірген. Қазіргі таңда ҚР Ұлттық кітапханасының Ғалым хатшысы. Әл-Фараби ат. ҚазҰУ, Философия кафедрасының магистранты. Академик Жақыпбек Алтаевпен бір авторлықта 2023 жылы «Түрік өркениетіндегі әл-Фараби феномені», «Әл-Фараби Ислам философиясының бастауы» атты қос монографиясын қазақ ғылымына қосты.

БІРТҰТАС АЛАТАУ АСПАНЫ

(Қазақ-қырғыз әдеби-мәдени байланысы хақында)

Тағы еш қазақ – қырғыз бен қазақтың бір тұқымдас екеніне таласпайды.

АБАЙ

Алатаудың арғы беті, бергі беті...

Тарихы мен әдебиетін тасқа қашап жазған түркілер өз заманында әлемдік өркениеттерде өрлеу жасай білді. Замана зобалаңдарын бастан өткерсе де руханият тамырына балта шабылған жоқ. Ендігі біздің міндет өткен ғасырлар елесінде шідерленген тарихты, архив құжаттары мен кітапханадағы көне қолжазбаларды зерттей отырып, оқырман қауымға тұщымды әдебиет ұсыну.

«Көмбені не көрген алады, не көмген алады», – деп дана халқымыз айтқандай «Біртұтас Алатау аспаны» атты әдеби зерттеу толғаныс тақырыбымыз жалпы бауырлас қазақ пен қырғыз халықтарының әдеби байланысы мен ортақ тарихын қамтығандықтан мүмкіндігінше анық, дәлелді материал-

дармен жұмыс жасап, көмбені ашуға әрекет еттік.

Түркістан аймағы – түркі әлемінің рухани және мәдени тамырлары терең жатқан киелі мекен. Бұл өңір ғасырлар бойы түркі халықтарының рухани өмірінің орталығы болып, олардың әдеби дәстүрлері мен ауызша шығармашылығының дамуына тың серпін берді. Түркістан әдебиеті – бұл кең мағынада түркі халықтарының рухани бірлігі мен мәдени сабақтастығының айнасы. Оның түп-тамыры ежелгі дәуірден бастау алып, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, бүгінгі күнге дейін дамып келеді.

Қазақ пен қырғыздың рухани байланысын сөз еткенде, ең алдымен еске алынып, төрге шығарылар құнды-



лық – ұлы «Манас» жыры. Біздің зерттеуіміздің алғашқы арнасы да осы эпостан басталуы тегін емес. Өйткені «Манас» – екі халықты ғасырлар қойнауынан бергі ортақ рухани тамырмен жалғап тұрған мәңгілік көпір, тағдырлас тарих пен мұраттас мәдениеттің асыл мұрасы.

Ер Манастың ерлікке толы бейнесін алғаш рет қағаз бетіне түсіріп, ғылыми жүйеге келтіруге талпынған – қазақтың ұлы ғалымы, ойы терең, танымы кең Шоқан Уәлиханов еді. Жас ғалым қырғыздың әйгілі манасшыларымен кеңесе жүріп, жырдың ауқымды бөлігін жазып алып қана қоймай, оның тілдік қорын, көркемдік жүйесін, поэтикалық өрнегін де зерделеуге күш салды.

Шоқан бұл еңбегінде халықтық эпостың бойындағы тарихи дерек пен көркем қиялды, батырлық рух пен ұлттық дүниетанымды жіті ажыратып, алғаш ғылыми танымға лайықтап қарастырды.

Алайда тағдырдың жазуымен оның қолжазбасы ұзақ уақыт көзден таса болып, ұмыт қалғаны да тарихтан белгілі. Бұл – ғылым үшін орны толмас өкініш сияқты көрінгенімен, уақыт өте келе Шоқан еңбегінің бағасын арттыра түскен құбылыс болды. Себебі ізденімпаз ғалымның қолжазбасын қайта тауып, оны терең ғылыми тұрғыда сараптап, мән-маңызына жан-жақты баға берген – академик Әлкей Хақанұлы Марғұлан еді. Оның «Шоқан және Манас» атты іргелі зерттеуі қазақ ғылымында ғана емес, түркі дүниесі руханиятында да айрықша белес болып қалды. Марғұлан Шоқан мұрасын қайта тірілтіп, «Манас» жырының қазақ зерттеушілері назарындағы орны мен маңызын жүйелі түрде дәлелдеп берді.

Біздің «Манас» – қазақ зерттеушілерінің қаламында» атты тақырып аясындағы талдауымыздың негізгі желі-

сі де осы арнадан өрбіді. Әуелі Шоқан Уәлихановтың тың бастамасы, кейін Әлкей Марғұланның іргелі жалғастыруы – қазақ ғылымының асыл арқауын құрап отыр. Осы еңбектердің аясында көпшілікке беймәлім талай дерек айқындалып, ұмыт қалған оқиғалар қайта жаңғырып, нақты тарихи куәліктер негізінде жүйеге түсті.

Сөйтіп, «Манас» – тек қырғыз халқының ғана емес, қазақ ғылымы мен мәдениетінің де құндылықтар қазынасына айналды. Оның зерттелу тарихы – Шоқан мен Әлкей сияқты ірі тұлғалардың есімдерімен тығыз байланысты. Бұл – екі халықтың ортақ рухани тағдыры мен мәдени сабақтастығын айғақтайтын асыл арнаның бірі екені даусыз.

Біз қазақ пен қырғыз әдеби мұрасын зерделеудегі ғылыми ізденісімізді бір сәтке тоқтатпай, ойымызды екі халықтың рухани әлемін тоғыстырған, тек осы елдерге ғана тән айрықша қазына – айтыс өнеріне бұрдық. Айтыс – халықтың бар болмысын, дүниетанымын, арман-мұратын бойына сіңірген, ғасырлардан бері ұрпақтан ұрпаққа жетіп келе жатқан қастерлі өнер. Ол тек сөз сайысы немесе ақындардың тіл өткірлігін сынайтын жарыс қана емес, халықтың әлеуметтік шындығын, тұрмыс-тіршілігін, тарихи тағдырын бейнелейтін рухани айна. Әсіресе, қазақ пен қырғыздай тағдырлас, тамырлас елдердің арасындағы терең байланыстарды, рухани үндестікті айқындауда айтыстың орны орасан.

Қазақ пен қырғыз ақындарының арасындағы айтыстар ішінде Сүйінбай мен Қатағанның, Жамбыл мен Токтоғұлдың өнер сайыстары халық жадында сақталып қана қоймай, уақыт өте келе әдебиеттанушылар мен зерттеушілердің назарын да аударғаны белгілі. Дегенмен, осы айтулы айтыстардың мән-маңызы мен тарихи салмағы толық-



қанды, жүйелі зерттеу нысанына айналды деу қиын. Бұл бағыттағы еңбектер аз. Ал айтыстың терең табиғатын, оның екі халықтың рухани тоғысуындағы орнын толық ашу – бүгінгі зерттеулердің еншісіндегі міндет. Осы орайда біз өз ізденісімізді осы арнаға бұрып, жаңа бір ғылыми жолға қадам бастық.

Зерттеу барысында қолымызға түскен деректердің басым бөлігі көпшілікке белгілі емес сирек нұсқалар болды. Әсіресе, қазақ тіліндегі басылымдарда жиі кездесе бермейтін қырғыз тіліндегі мәтіндер мен қолжазбалар біз үшін негізгі тірекке айналды. Бұл өз кезегінде екі халық әдебиетін салыстыра қарастыруға, айтыстың қырғызша нұсқасындағы ерекшеліктерді саралауға мүмкіндік берді.

Осы деректерге сүйене отырып, біз ең алдымен «Алатау шыңдарында өрбіген аңыз айтыс» деген атпен тануға болатын Сүйінбай мен Қатаған айтысына арнайы тоқталдық. Бұл айтыс – екі халықтың ғана емес, күллі түркі дүниесінің ортақ қазынасы іспетті. Мұнда тек ақындар арасындағы сөз бәсекесі ғана емес, халықтың намысы мен рухы сынға түседі. Сүйінбай мен Қатаған айтысы – өнер майданына шыққан екі алыптың айқасы, ақындық дәстүрдің шыңын паш еткен тарихи оқиға.

Қырғыз тіліндегі жазба деректерді саралау барысында біз Қатағанның ақындық қуаты мен шығармашылық болмысын бұрынғыдан да тереңірек тани түстік. Оның өмір жолына қатысты тың мағлұматтар табылып, ғылыми айналымға енбеген деректермен беттестік. Осыған сүйене отырып, Қатағанды тек айтыста жеңілген ақын ретінде ғана емес, өз дәуірінің ірі тұлғасы, қырғыздың суырыпсалма дәстүрін биік деңгейде жалғастырған дарын иесі ретінде қарастыру қажет екеніне көз жеткіздік.

Сонымен қатар, Сүйінбай мен Қатаған айтысының қазақ әдебиеті тарихындағы орнына да назар аудардық. Бұл айтыс – Сүйінбайдың ақындық беделін ғана емес, халықтық биігін айқындаған шығарма. Ол қазақ ақындық дәстүріндегі эстетикалық өлшемдер мен поэтикалық қуатты айқын көрсетіп берді. Сүйінбайдың өнері арқылы қазақ поэзиясының биік деңгейін, ал Қатағанның тұлғасы арқылы қырғыз ақындық мектебінің қуатын бағамдауға болады.

Осы талдау негізінде біз айтыстың мән-маңызына қатысты бірқатар болжамдар мен ғылыми ұсыныстарды ортаға салдық. Біріншіден, айтысты екі халықтың рухани-мәдени сабақтастығының басты айғағы ретінде қарастыру қажет. Екіншіден, айтыс тек әдебиет тарихының бір бөлігі емес, халықтың тарихи жадын, ар-намысын сақтап тұрған мәдени феномен екенін ескеру керек. Үшіншіден, Сүйінбай мен Қатаған айтысын бүгінгі жас ұрпаққа рухани мұра ретінде жеткізу үшін оны оқу бағдарламаларына енгізудің, ғылыми түсіндірмелермен толықтырып қайта жариялаудың маңызы зор.

Біздің зерттеуіміз айтыс өнерін тек өткеннің көркем жәдігері ретінде ғана емес, халық руханиятының сарқылмас қайнары, қазақ-қырғыз арасындағы тарихи туыстық пен мәдени сабақтастықтың айқын дәлелі ретінде пайымдауға бағытталды. Айтыстың әрбір тармағында, әрбір шумағында халықтың ғасырлар бойғы арман-аңсары, елдік мүддесі мен ұлттық рухы бедерленген. Сондықтан Сүйінбай мен Қатаған айтысы – қос халықтың жүрегінде мәңгі жаңғырып тұратын асыл қазына, зерттей беруді қажет ететін құнарлы тақырып.

Бұдан кейінгі ізденісімізді біз Сүйінбайдың өнер жолын жалғастырған, қазақтың жыр алыбы атанған Жам-



был мен кыргыздын дана перзенти, халыктык дэстурдн аскак тұлғасы Токтоғұлдың айтысына арнадык. Айтыс өнеріндегі бұл кездесудн мәнн ерекше. Өйткенн, Жамбыл да, Токтоғұл да тек суырыпсалма ақындар ғана емес, халықтың тағдыр-талайын, мұң-мұқтажын, елдн мүддесн жырлаған бнн рухтың иелерн болатын.

Екн алыптың айтысына байланысты ел ншнде әртүрлн деректер мен аңыз сипатындағы әңгнмелер сақталған. Халык жадындағы бұл естелнктер олардың сөз сайысын тек қарапайым өнер жарысы емес, рухани үндестнк пен достықтың белгнсі ретінде көрсетедн. Расында да, Жамбыл мен Токтоғұл арасындағы қарым-қатынас бнр ғана айтыспен шектелмей, өмнрлнк достыққа ұласқанын байқаймыз. Бұл – қазақ пен кыргыздың туыстығын айғақтайтын көрннстердн бнрн.

Зерттеу барысында бнз кыргыз тнлндегн құнды деректерге назар аудардық. Кыргыз әдебиетінде Токтоғұлдың бейнесн халықтың еркннднк пен азаттык идеяларымен тығыз байланыстырылады. Ал қазақ топырағында Жамбыл – елдн рухани тнрегн, халықтың атынан сөйлеген ұлы жырау. Екн ақынның тағдырлық ұқсастығы да, шығармашылық бағыттарының үндестнгн де олардың айтысын дара бнр оқнға емес, тарихи маңызы зор мәдени құбылыс ретінде қарастыруға мүмкннднк бередн.

Жамбыл мен Токтоғұл айтысының халык арасына кеңнен танылуының бнр себебн – олардың шығармашылығының ортақ арнадан бастау алуында. Сүйннбайды ұстаз тұтқан Жамбыл қашанда халык намысын, әднлет пен елдн мұратты жырласа, Токтоғұл да кыргыз халқының азаттығы үшн күрескен қайсар ақын ретінде танылды. Демек, екн елдн алыптарының басын қосқан айтыс – әднлднк пен еркннднктн жырлаған ұлы үндердн тоғысуы нспеттн.

Бұл айтыстың мәннн ашу үшн бнз тек халык жадындағы аңыздарға ғана сүйеннп қоймай, кыргыз тнлндегн зерттеу ннбектерн де қарастырдық. Ондағы деректер Жамбыл мен Токтоғұлдың достығы туралы тың мәлнметтер бередн. Екеуннң арасындағы сыйластык пен рухани жақындықтың негнзінде тек өнер емес, елдн мұрат та жатқанын аңғаруға болады.

Сондықтан бнз бұл айтысты жай ғана ақындар бәсекесн емес, қазақ-кыргыз әдеби байланысының алтын арқауы, достык пен рухани сабақтастықтың айқын дәлелн ретінде қарастырдық. Жамбыл мен Токтоғұлдың өнер бәсекесн – екн елдн халык поэзиясын жаңа белеске көтерген, сөз өнерннң мәңгнлнк күдретнн паш еткен қастерлн мұра.

Ал Токтоғұлдың Жамбылмен айтысынан бөлек қазақ әдебиетінде айрықша орынға ие екенднгнн айтпасқа болмайды. Оның қазақ елне қатысты қалдырған көлемдн толғаулары – қос халықтың арасындағы рухани дәнекер нспеттн. Бұл жырларда ақын тек көрген-бнлгеннн ғана емес, қазақ даласының кеңднгнн, халқының мейрнмднлнгн мен қонақжайлығын, бауырмал мннезнн шынайы жүрек жылуымен суреттейдн.

Токтоғұлдың тағдырлы өмнр жолында жер аударылып, қуғынға түскен кездерн аз болған жоқ. Осындай қиынқыстау сәттерде ол қазақ жерне де табан тнреген едн. Сонда қазақ халқының көрсеткен қамқорлығы мен дархан көңнлн ақын жүрегінде ерекше нз қалдырған. Оның толғауларынан бнз шын жүректен шыққан алғысты, тағдырлы ақынның бауырлас елге деген сүйнспеншнлнгнн анық аңғарамыз. Бұл жырлар – екн халык арасындағы шынайы достықтың, қиын күнде қол ұшын созған бауырластықтың айқын айғағы.

Зерттеу барысында бнз бұл толғауларды арнайы тақырып ретінде бөлнп қарастырдық. Токтоғұлдың қазақ елн



туралы толғаулары алғаш рет сирек кітаптардың қатарына жататын хрестоматиялық жинақтарда жарық көрген. Біз сол түпнұсқа нұсқаларды салыстырып, оларды әдеби тұрғыдан талдап, қазіргі қазақ тіліне бейімдей отырып қайта сараладық. Бұл қадам ақын мұрасын бүгінгі оқырманға жақындатуды, сонымен бірге оның маз-мұндық тереңдігін айқындауды мақсат етті.

Ақынның қазақ халқына деген алғысы мен сүйіспеншілігі тек поэзиялық өрнекте ғана емес, рухани шындықта жатыр. Қазақ халқының дарқан мінезін, қиналғанға сүйеніш бола білетін қайырымын жырға қосқан Токтоғұл бұл арқылы қос халықтың рухани туыстығын қайтадан паш етеді. Оның жырларынан қазақ жерінің табиғаты да, халқының кең пейілі де, елдің бірлігін сақтаған қайсар рухы да айқын сезіледі.

Осылайша біз Токтоғұлдың қазақ халқымен байланысын барынша кеңінен, түсінікті әрі әдеби тілмен жеткізуге талпындық. Ақынның жүрегінен шыққан әрбір шумақ – тек жеке тағдырдың мұңы емес, ол қазақ-қырғыз арасындағы бауырластықтың көркем шежіресі. Біздің ойымызша, бұл тақырып белгілі деңгейде ашылды және алдағы уақытта да екі халық арасындағы әдеби байланыстың алтын көпірі ретінде зерттеле бермек.

Осылайша алғашқы бөлімді қорытындыладық.

Әдеби толғаныстың екінші бөлімін біз ұлы ойшыл, хакім Абайдың шығармашылығымен бастауды жөн көрдік. Себебі Абай есімі тек қазақ жұртына ғана емес, қырғыз еліне де айрықша қымбат. Қырғыз халқы оны ерекше құрмет тұтады, ал әдебиет пен ғылым саласында қалам тербеген талай тұлғалар Абай мұрасын өз шығармаларында насихаттап, рухани ортақ қазынаға айналдыруға күш салғаны белгілі. Сол

себепті біз бұл тақырыпқа «Абай жырымен тербелген Алатау аспаны» деген атау бердік. Бұл атаудың өзінде екі халықтың ортақ рухани кеңістігін айшықтайтын терең мағына бар.

Расымен де, қазақ пен қырғыздың арасында мемлекеттік шекара болғанымен, олардың рухани дүниесі бөлінбеген. Алатаудың асқақ шыңдарындай Манас пен Абай бейнелері екі елдің көкірегінде қатар биіктеп, халық жадында рухани тірек, мәдени мұнара болып орныққан. Егер Манас қырғыз халқының тарихи жадын, батырлық рухын асқақтатса, Абай қазақтың рухани әлемін, ақыл-ой өрісін, адамгершілік мұраттарын айқындап берді. Екеуі қос халықты біріктіріп тұрған мәңгілік арқау іспетті.

Біздің зерттеуімізде назарымызды 1995 жылы Абайдың 150 жылдық мерейтойы қарсаңында жарық көрген «Абай. Ырлар» атты жинаққа аудардық. Бұл жинақ қырғыз оқырмандарына арналғандықтан, онда Абайдың поэзиялық мұрасы қырғыз тіліне аударылып, кеңінен таралды. Кітаптың көлемді алғы сөзі де қырғызша беріліп, біз оны мұқият талдап, өз тарапымыздан қазақша аудармасын қатар ұсындық. Осы арқылы біз қырғыз әдеби ортасының Абайға деген ықыласын, оның шығармашылық тұлғасын қабылдау ерекшелігін көрсетуге тырыстық.

Жинақтың беташар сөзін жазған, ғалым Абдысалам Обозкановтың «Данычман ойчул» атты еңбегіне айрықша тоқталдық. Бұл еңбек – Абайдың терең ойшылдығын, ақындық болмысының ғаламдық деңгейін сипаттайтын құнды ғылыми кіріспе. Біз осы мәтінді арнайы зерделеп, онда айтылған пікірлердің мәнін ашуға, қырғыз зерттеушісінің Абайға берген бағасын қазақ оқырманына түсінікті тілде жеткізуге ұмтылдық. Обозкановтың тұжырымдары арқылы қырғыз жұрты Абайды



тек қазақтың ғана емес, бүкіл түркі дүниесінің ортақ данасы деп қабылдайтынын аңғардық.

Бұл бағыттағы зерттеуіміздің түпкі мақсаты – Абай шығармашылығының қазақ пен қырғыздың рухани сабақтастығындағы орнын айқындау, екі халықтың әдеби байланысындағы ерекше белесті көрсету болды. «Абай жырымен тербелген Алатау аспаны» атты тақырыпта біз Абай поэзиясының қырғыз жерінде қалай қабылданғанын ғана емес, оның жалпы түркілік кеңістіктегі ықпалын да барынша ашып көрсетуге тырыстық.

Осылайша, Абай мұрасы – қазақ пен қырғыздың рухани тұтастығын бекемдеген алтын көпір, халықтарды ортақ мұраттарға үндеген кемеңгерлік мұра екені айқындалды.

Осы тұста біз қырғыз әдебиеттану ғылымындағы бірегей тұлға – Абдылдажан Акматалиевтің есімін құрметпен атай кетуіміз абзал.

Академик, Шыңғыс Айтматов атындағы Әдебиет және өнер институтының Бас директоры болып қызмет атқаратын А. Акматалиев – қазақ пен қырғыз арасындағы әдеби-мәдени сабақтастықты жүйелі түрде зерттеп, оны ғылыми айналымға енгізген көрнекті ғалымдардың бірі. Оның көпжылдық ғылыми ізденістері тек әдеби байланыстар тарихын нақты құжаттар мен мәтіндік деректер негізінде саралап қана қоймай, екі халықтың рухани бірлігін, ой мен өнердің өзара ықпалын тереңінен ашуға бағытталған.

Академиктің еңбектерінде қазақ пен қырғыз әдебиетінің түпкі тамырларынан бастап, классикалық дәуірдегі көрнекті өкілдер шығармашылығына дейінгі ортақ арналар кеңінен талданады. Әсіресе, Абай мен Ыбырай, Шоқан мен Шәкәрім секілді қазақтың ой алыптарының қырғыз әдебиетіне тигізген ықпалы жайлы тың тұжырым-

дар ұсынады. Бұл орайда оның ғылыми пайымдары қырғыз әдебиеттануы үшін ғана емес, күллі түркі дүниесінің рухани кеңістігін түсіну үшін де айрықша маңызды.

Сонымен қатар, А. Акматалиев қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының жыр жинағын құрастырып, редакциялау ісінде де жемісті еңбек еткенін айрықша атап өткеніміз жөн. Бұл қадам екі ел арасындағы әдеби достықты нақты іспен дәлелдеген игілікті іс ретінде бағалануға лайық. Абайдың көркем сөз әлемін қырғыз оқырмандарына жақындата түсуге қосқан үлесі – ғалымның тек зерттеуші ғана емес, рухани көпір орнатушы тұлға екенін көрсетеді.

Демек, Абдылдажан Акматалиевтің ғылыми мұрасы – қазақ-қырғыз әдеби байланыстарының тереңдігін айғақтайтын, болашақ зерттеушілерге бағытбағдар беретін сарқылмас қазына. Оның еңбектері арқылы біз тек әдеби шекараларды ғана емес, рухани ортақтық пен мәдени тұтастықтың шынайы болмысын тануға мүмкіндік аламыз.

Абаймен замандас, жыр дүлдүлі Жамбыл Жабаевтың қырғыз әдебиетіндегі орнының айрықша екені белгілі. Халық даналығы мен поэзиясының алтын арқауын жалғаған Жамбыл шығармашылығы қырғыз әдеби ортасында да зор қызығушылық туғызып, әр кезеңде арнайы аударылып, зерттеліп, насихатталды. Біздің ізденісіміздің бұл тарауында біз ақын мұрасының қырғыз тіліне аударылып, кеңінен таралған кезеңіне, яғни ХХ ғасырдың 30-40 жылдарына ерекше назар аудардық. Сол дәуірде жарық көрген жыр жинақтары мен әдеби хрестоматияларға енгізілген көлемді өмірбаяндар мен шығармашылық шолуларды түпнұсқа кітаптар негізінде қарастыруды мақсат еттік.



Зерттеу барысында Жамбылдың қырғыз тіліндегі өмірбаяндарына салыстырмалы талдау жасап, біршама қызықты деректердің пердесін аштық. Әсіресе, ақынның тұлғалық болмысын танытатын, халық арасындағы беделін айқындайтын сипаттамалардың қырғыз оқырманына бейімделген тұстары айрықша назар аудартты. Сонымен бірге біз осы хрестоматияларға енгізілген Жамбылдың фотосуреттерін де арнайы қарастырып, оларды сканерлеу арқылы зерттеу жұмысына қостық. Бұл көрнекі материалдар Жамбылдың тек сөз иесі ғана емес, өз дәуірінің мәдени тұлғасы екенін айқындай түсті.

Бұдан бөлек, Жамбылдың өз аузынан жазылып алынған кейбір мәліметтерге де тоқталдық. Ол деректердің бірқатары латын қарпінде хатқа түскен түпнұсқалардан табылды. Біз сол нұсқаларды арнайы зерттеп, оларға қазақ әдеби тілінде көркем аударма ұсынып, ғылыми тұрғыдан сараладық. Осы арқылы ақынның өмір жолы мен шығармашылығы жайлы тың мағлұматтарды қалың оқырманға жеткізуді көздедік.

Зерттеуіміздің ең бір маңызды тұсы – 1938 жылы Қырғызстан астанасы Фрунзе қаласында жарық көрген «Жамбулдун ырлары» атты алғашқы қырғыз тіліндегі жеке жинаққа тоқталу болды. Бұл жинақ – Жамбыл шығармашылығының қырғыз топырағына кеңінен таралып, әдеби кеңістікте орнығуына негіз қалаған елеулі еңбек. 5125 дана көлемінде басылып шыққан бұл кітап қырғыз оқырманы үшін нағыз мәдени оқиғаға айналды десек қателеспейміз.

Жинақтың алғы сөзі «Елдин қарыя ақыны» деп аталып, оны қырғыз әдебиетінің көрнекті өкілі, белгілі ақын әрі драматург Қуанышбек Маликов жазған. Бұл кіріспе мақаланың мәні зор. Автор Жамбылдың ақындық бол-

мысын, халық арасындағы беделін, поэзиясының көркемдік қуаты мен идеялық маңызын кеңінен ашып көрсетеді. Сонымен қатар Жамбылдың қазақ халқының ғана емес, күллі түркі жұртының ортақ рухани тұлғасы екенін айрықша атап өтеді.

Жинақтың негізгі бөлімі Жамбылдың «Қырғыз ұлдарына» атты толғауымен ашылады. Бұл – ақынның қырғыз халқына деген шынайы ықыласы мен достық ниетін арқау еткен туынды. Жырда екі халықтың ежелгі тамырластығы, бауырластығы, тағдырлас тарихы көркем бейнеленіп, достыққа адалдықтың өрнегі айқын танылады. Бұл шығарма Жамбылдың қырғыз еліне тек ақындық тұрғыдан ғана емес, шын жүректен жақын тартқанын дәлелдейді.

Одан кейінгі бөлімде «Қазақ елінің орденді ақыны – Жамбылдың өмірбаяны» атты көлемді очерк берілген. Мұнда ақынның ғұмыр жолы, жас кезінен бастап қалыптасу кезеңдері, халық арасындағы өнер сайыстарындағы беделі, кеңес дәуіріндегі шығармашылық жетістіктері жан-жақты баяндалған. Бұл бөлімде Жамбылдың тек жеке ақын ретіндегі емес, бүкіл бір халықтың үніне айналған рухани көшбасшы ретіндегі бейнесі айқындалады.

Осылайша, Жамбыл Жабаевтың қырғыз әдебиетіне енуі – екі халықтың әдеби байланыстары тарихындағы аса маңызды белес. Ол тек қазақ жырының ғана емес, қырғыз руханиятының да ардақты тұлғасына айналды. Жыр алыбының шығармашылығы арқылы қазақ пен қырғыз халықтары рухани жақындасып, ортақ мәдени қазынаны байыта түсті.

Қазақ пен қырғыздың әдеби байланыстарын сөз еткенде Мұхтар Әуезов пен Саяқбай Қаралаевтың есімдерін қатар атау – заңдылық. Өйткені бұл



екі алып тұлға – тек өз халықтарының ғана емес, күллі түркі дүниесінің рухани мұраларын қорғап, келер ұрпаққа аманаттаған заңғар биіктер. Біздің зерттеуімізде бұл тақырып «Ұлы дастанның қос қалқаны» деп аталды. Мұндай атауды таңдағанымыздың да себебі бар.

Саяқбай – ғасырлар бойы қырғыз халқының жүрегінде сақталған «Манасты» өз санасында тұтастай ұстап, кейінгіге жеткізген теңдессіз жыршы болса, Мұхтар Әуезов – сол ұлы мұраны ғылыми тұрғыда қорғап, оның тағдырына алаңдаған, халық игілігіне айналдыру үшін барын салған алып қаламгер. Бірі – сөз өнерін жандандырып, халық жадын тірілткен тұлға, екіншісі – сол өнерді биік өреге көтеріп, әлемдік мәдениет төріне шығарған ғалым жазушы.

Мұхтар Әуезов пен Саяқбай Қаралаевтың алғашқы таныстығы 1928 жылдар шамасына сәйкес келеді. Әуелгіде ресми сипатта болған бұл қарым-қатынас уақыт өте келе бауырластық деңгейіне жетіп, олардың арасында нағыз рухани үндестік орнады. Әуезов алғаш рет Қаралаевты тыңдаған сәттен-ақ оның өнеріне шексіз тәнті болғаны айтылады. Зерттеушілердің пікірінше, Әуезов Саяқбайдың жырын естігеннен кейін-ақ «Манастың» тек қырғыз халқының ғана емес, бүкіл түркі дүниесінің ең ұлы мұрасы екеніне көз жеткізген. Ол Саяқбайдың аузынан «Манасты» қайта-қайта тыңдап, халық даналығы мен ұлттық рухтың қайнарынан нәр алып отырған.

Әуезовтің манасшылық өнерге деген айрықша құрметі оның жеке ықыласынан ғана емес, тұтас түркі халықтарының эпикалық дәстүріне деген терең ғылыми пайымынан бастау алады. Ол үшін «Манас» жыры – қырғыз халқының ғана емес, күллі түркі дүниесінің рухани энциклопедиясы, шежіресі мен айнасы болатын. Сондық-

тан да ол қай сапарында болмасын – Фрунзе шаһарына барса да, Ыстықкөлдiң жағасына шықса да – Саяқбайды қасына арнайы шақыртып, өнерін тамашалауды дәстүрге айналдырған. Жазушы әр кездесуде Қаралаевтың дарынын жоғары бағалап қана қоймай, оның өнерін халыққа, тіпті барша әлемге кеңінен таныту керектігін үнемі айттып отырған. Әуезовтің «Мына Саяқбайдың өнері – дүниеде теңдесі жоқ асыл қазына! Мұндай ғажайып өнерді көтеріңдер, насихаттаңдар – бұл сирек туады!» деген қанатты сөздері соның дәлелі.

Ол Саяқбайға деген сүйіспеншілігін кейде қалжың-әзілмен астарлап жеткізуді де әдетке айналдырған екен. Ел аузында сақталған естеліктерде Әуезовтің: «Сәкенді көрсем, тура ойымды айтпай, сөзімді әдейі әзілге бұрып жібергім келеді. Өйткені оның дарынына таңғалғаннан байыпты сөйлей алмай қаламын», – деп қалжыңдай отырып ағынан жарылғаны жиі айтылады. Бұл сөздер тек әзіл емес, Саяқбайдың өнеріне деген жазушының ілтипаты мен шексіз құрметінің айқын көрінісі еді.

Әуезов пен Қаралаев арасындағы рухани туыстық пен шығармашылық үндестік жекелеген әңгімелермен ғана шектелмей, қоғамдық өмірдің үлкен сахнасында да көрініс тапты. Соның бір жарқын мысалы – 1956 жылы Алматыда өткен Қырғыз әдебиеті мен мәдениетінің онкүндігі. Бұл тарихи шараға Мұхтар Әуезовтің арнайы шақыруымен Саяқбай Қаралаев қатысып, қазақ жұрты алдында «Манас» жырынан аса әсерлі үзінділер орындалды. Сол күндері Алматы төрінде орын алған бұл оқиға – тек бір өнерпаздың жыр кеші ғана емес, екі халықтың бауырластығын бекіте түскен ұлы мәдени сәт болды. Қалың көрермен Саяқбайдың орындаушылық қуатына, дауыс ырғағына, сөз саптауына, жырлау



шеберлігіне тәнті болып, оның өнерін мәңгілік естелік ретінде жадында сақтап қалды.

Әуезов пен Қаралаевтың достығы – қазақ пен қырғыздың рухани байланысының ең жарқын символдарының бірі. Бірі – жазба әдебиеттің классигі, екіншісі – ауыз әдебиетінің хас дүлдүлі бола тұра, екеуі ортақ мақсатта тоғысып, өзара толықтырды. Егер Мұхтар Әуезов «Манастың» тағдырын қорғап, оны ғылыми тұрғыдан негіздеп, әлемге паш етпесе, бәлкім бұл ұлы эпостың танылуы кешеуілдеп, тарихи әділет салтанат құрмай қалар ма еді. Ал егер Саяқбай болмаса, «Манастың» халықтық бояуы көмескіленіп, жыршылық дәстүр әлсіреп, эпостың рухы жұтаңдануы әбден мүмкін еді. Сондықтан біз оларды жайдан-жай «Ұлы дастанның қос қалқаны» деп атаған жоқпыз. Бұл – тарихтың өзі берген әділ атак.

Осы арқылы біз Мұхтар Әуезовтің қырғыз әдебиеті мен мәдениетіне сіңірген өлшеусіз еңбегін, Саяқбай Қаралаевтың әлемдік мәдениетке тарту еткен баға жетпес мұрасын айқындап қана қоймай, ең бастысы екі алып тұлғаның арасындағы адал достық пен терең рухани туыстықты жан-жақты ашып көрсетуге талпындық. Бұл достық – ұрпаққа өнеге, әдебиет тарихындағы шынайы сабақтастықтың мәңгілік үлгісі.

«Әуезов – менің ұлы ұстазым» деп мәңгілікке бас иіп өткен қырғыздың заңғар жазушысы, әлемдік әдебиет арнасына түркі рухын танытқан Шыңғыс Төреқұлұлы Айтматовтың жүрекжарды сөздері – қос халықтың мәдени байланысының шынайы айғағы. Айтматов өзінің қаламгерлік ғұмырында ұстазы Әуезовті әрқашан биік тұлға ретінде дәріптеп, оны тек қазақ халқының емес, күллі адамзаттық руханияттың асқар шыңы деп бағалаған. Бұл пікірін ол 1977 жылы жазылған «Әуезов жөнінде

сөз» атты мақаласында да айқын білдірген. Аталған еңбек кейіннен «Мұхтар Әуезов жана Кыргызстан» кітабында жарық көрді. Біз бірқатар деректерді салыстыра қарастырып, өкінішке қарай, осы жазбаның қазақ тіліндегі нұсқасын таба алмадық. Мүмкін ол аударылған болар, дегенмен біз қолымыздағы түпнұсқаға сүйене отырып, өз тарапымыздан әдеби аудармасын жасап, тақырыптық жүйеге сәйкестендіріп, назарларыңызға ұсындық.

Шыңғыс Айтматовтың Әуезовке деген құрметі құр сөз жүзінде қалып қоймаған. Өз естеліктерінде ол шетелге іссапарға шыққанда үнемі екі кітапты өзімен бірге алып жүретінін айтады. Оның бірі – қырғыздың мәңгілік жыры «Манас» болса, екіншісі – Мұхтар Әуезовтің кітабы. Бұл таңдау тегін емес еді. «Манас» – халықтық жады мен ұлттық рухтың символы болса, Әуезовтің шығармалары – сол рухты ғылыми негізде терең танытқан, әлемдік деңгейге көтерген ұлы ұстын. Бұл екі кітап – Айтматовтың рухани серігі, шығармашылық шабыт көзі әрі ұстазға деген мәңгілік ілтипатының белгісі.

Айтматов пен Әуезов арасындағы байланыс – дәстүр жалғастығының, ұстаз бен шәкірт арасындағы ілтипаттың ерекше үлгісі. Әуезовтің «Манасты» қорғап, оны бүкіл әлемге танытудағы қажырлы еңбегі болмаса, бәлкім, Айтматовтың да кейінгі шығармашылық жолы басқаша өрбуі мүмкін еді. Шыңғыс аға өз жазбаларында: «Әуезов мені әдебиет әлеміне жетелеген ұлы ұстазым болды» деп үнемі айтады. Бұл сөздер ұстазға деген шексіз ризашылықпен қатар, оның тұлғалық биігін мойындаудың айқын көрінісі.

Бүгінгі күнде де осы рухани сабақтастық екі халық арасындағы бауырластықты нығайтып отыр.

2025 жылдың тамыз айында Қазақстан Республикасының Президенті



Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қырғызстан астанасы Бішкекке жасаған ресми сапары барысында ерекше тарихи оқиға орын алды. Қырғыз Президенті Садыр Жапаровпен бірге ол Мұхтар Әуезов пен Шыңғыс Айтматовқа арналған ескерткіштің ашылу салтанатына қатысты. Бұл ескерткіш – тек екі тұлғаға ғана қойылған белгі емес, қазақ-қырғыз арасындағы рухани достық пен тарихи сабақтастықтың мәңгілік символы. Ұстаз бен шәкірттің ілтипатын мәңгілікке қашап қалдырған бұл ескерткіш екі халықтың жүрегіндегі ортақ қазынаны айшықтайды.

Осылайша, біз бір жағынан Шыңғыс Айтматовтың жүрекжарды естеліктері мен шығармашылық жазбалары арқылы Әуезовтің ұлы бейнесін қайта танысақ, екінші жағынан, қазіргі заманда да жалғасын тауып отырған бауырластықтың нақты көрінісін байқаймыз. Бұл – әдебиет пен руханияттың уақыт пен кеңістіктен асқан мәңгілік күші барын айқындайтын айшықты мысал.

Зерттеуіміздің арнасын біртіндеп қазақ-қырғыз аударма мектебінің қалыптасуы мен дамуына бұрғанды жөн санадық. Себебі әдеби аударма – халықтарды жақындастыратын, рухани ықпалдастықты күшейтетін ең сенімді көпір. Әдебиет алыптары өз шығармаларын басқа тілде сөйлеткенде, оларды жаңа бір оқырман қауым қарсы алып, жаңа ортада қайта жаңғыртады. Бұл үрдіс қазақ пен қырғыз арасындағы мәдени бірліктің тамырын тереңдетіп, бауырлас халықтардың рухани байлығын ортақ игілікке айналдырды.

Абай Құнанбайұлының шығармалары қырғыз тіліне тәржімаланып, қырғыз оқырмандарының рухани әлеміне жол тартқаны – осы ықпалдастықтың ең жарқын көріністерінің бірі. Абайдың «Қара сөздері» мен өлеңдері тек қазақ топырағының шеңберінде

қалып қойған жоқ, қырғыз тіліне бейімделіп, жаңа тыныс алды. Қырғыз оқырмандары Абай сөздерінен ізгілік пен имандылықты, ғылым-білімге ұмтылысты, ұлттық болмысты сақтап, жаңаша даму жолын таңдаудың қажеттілігін сезінді. Оның поэзиясы қырғыз әдеби ортасына тың серпін беріп, жас буынға биік рух пен ұлттық мақтаныштың үлгісін көрсетті.

1979 жылы Бішкектегі «Мектеп» баспасынан жарық көрген «Қазақ аңгемелері» атты жинақ – қазақ-қырғыз әдеби байланысының ірі жетістігі саналады. Оны қырғыз тіліне аударған белгілі қаламгер Турарбек Шаршембаев еді. Жинаққа Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов, Сырбай Мәуленов, Тынымбай Нұрмағамбетов, Төлен Әбдіков, Сәуірбек Бақбергенев сияқты қазақ әдебиетінің белді өкілдерінің шығармалары енгізілді. Бұл кітап 10 000 данамен таралып, қырғыз оқырмандарының қолына жетті.

Жинақ тек аударма ғана емес, әдеби насихаттың жаңа белесі болды. Қазақ қаламгерлерінің өмір шындығы, әлеуметтік мәселелері, кейіпкерлер тағдыры қырғыз әдебиетінің тақырыптық өрісін кеңейтіп, халықтар арасындағы ортақ тағдырды бейнеледі. Кітаптың мазмұндық ерекшеліктері ғана емес, оның көркем безендірілуі, тілдік сәйкестігі де назар аударуға тұрарлық. Осы арқылы қазақ әдебиеті қырғыз жұртшылығы үшін жақынырақ әрі түсініктірек бола түсті.

Қазақ поэзиясының нәзік лирикасы да қырғыз топырағында қайта жаңғырып отырды. Ақын Әнуарбек Дүйсенбиевтің «Ақ куулуу айдың» атты жинағы Исабек Исаков пен Жалил Садыковтың аудармасында жарық көріп, қырғыз оқырмандарына жол тартты. Бұл жинақтағы өлеңдер мен поэмалар қырғыз әдебиетінің табиғи ырғағына



үйлесіп, бауырлас халықтың жанына жақын тақырыптарды қозғады.

Қырғыз оқырмандары қазақ ақынының нәзік сезімге құрылған поэзиясынан махаббаттың тазалығы мен арманның асқақтығын танып, қазақ әдебиетінің көркемдік қуатын сезінді. Бұл – әдеби ықпалдастықтың лирикалық қырының да жемісті болғанын көрсетеді.

Қазақ прозасының таңдаулы үлгілері де қырғыз тіліне аударылып, қалың оқырманға ұсынылды. Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы – қырғыз оқырманы үшін тек тарихи шығарма емес, халықтың рухани қалыптасуын көрсететін өмір мектебі болды. Қазақ халқының тағдырын суреттеген бұл ұлы эпопея қырғыз тарихындағы ұқсас құбылыстармен үндесіп, бауырлас елдің санасында ортақ тағдырдың көрінісін оятты.

Сол сияқты Ғабит Мүсірепов, Сәбит Мұқанов, Илияс Есенберлин, Бердібек Соқпақбаев сынды қаламгерлердің шығармалары қырғыз тіліне тәржімаланып, мектеп бағдарламасына енді. Бұл авторлардың туындылары қырғыз жастары үшін ұлттық сана мен тәрбие мектебіне айналды. Әдеби кейіпкерлердің өмірлік таңдаулары, тағдыр талқысы – оқырманды ойландырып, өнеге берді.

1982 жылы қырғыз тілінде жарық көрген тағы бір маңызды еңбек – Тахауи Ахтановтың «Боран» романы болды. Оны қырғыз тіліне Чети Жумагулов аударып, «Қырғызстан» баспасынан 10 000 данамен таратты. Бұл роман қырғыз оқырмандарына қазақ даласының қатал табиғаты мен адам тағдырын суреттеген жаңа көркем әлем сыйлады.

«Борандағы» қатал табиғат пен адам жігерінің арпалысы қырғыз оқырманына да етене жақын болды. Өйткені қырғыз халқы да таулы өлкеде таби-

ғатпен күресе жүріп өмір сүрді. Осылайша, Ахтановтың шығармасы екі халықтың өмірлік тәжірибесін ортақтастыра түсті.

Қазақ-қырғыз әдеби ықпалдастығы – тарихы тереңге бойлаған мәдени құбылыс. Абайдан басталған рухани сабақтастық кейінгі буын қаламгерлер шығармаларында да жалғасын тапты. Әдеби аударма – сол сабақтастықты нығайтқан негізгі құрал. Әр аударылған шығарма – бауырлас халықтардың жүрегін жақындастырып, ой дүниесін байытқан асыл қазына.

Зерттеуіміздің негізгі арнасын біз қырғыз-қазақ әдеби байланыстарының мұрағаттық деректеріне, сирек кітаптар мен көне қолжазбалар қорына бағыттадық. Өйткені халықтардың рухани сабақтастығы тек ауыз әдебиеті мен заманауи шығармалардан ғана емес, ең алдымен жазба жәдігерлерден айқын көрінеді. Біз осы мақсатпен Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасының сирек кітаптар мен қолжазбалар қорынан XX ғасырдың алғашқы ширегінде жарық көрген қырғыз кітаптарына арнайы тоқталдық. Олар – латын графикасымен, кирилл әрпімен және төте жазумен басылған құнды дүниелер. Бұл еңбектердің сақталуы – қазақ-қырғыз мәдени қарым-қатынасының айқын дәлелі ғана емес, екі елдің рухани тарихындағы ортақ қазына екендігін көрсетеді.

Сирек қорда сақталған қырғыз кітаптарының бірқатары өз дәуірі үшін айрықша мәнге ие. Әсіресе олардың көркемдік тұрғыда безендірілуі, полиграфиялық сапасы, әріп таңбалары мен шрифт үлгілері сол кезеңдегі ұлттық білім беру саясаты мен мәдени ағарту ісінің бағыт-бағдарын аңғартады. Балаларға арналған түрлі-түсті иллюстрациялармен көркемделген алғашқы оқулықтар, хрестоматиялар, әліппелер мен жазуға үйрету құралдары халықтың са-





уатын ашу ісінде үлкен рөл атқарды. Бұл кітаптардың бет дизайны эстетикалық тәрбиеге де қызмет еткенін байқаймыз: суреттердің айшықты берілуі, әріптердің ірі әрі анық болуы жас буынға оқуды жеңілдетіп қана қоймай, оқуға деген ынтасын арттырған.

Мәселен, 1941 жылы мектеп жасындағы балаларға арналып Қуанышбек Маликовтың құрастыруымен жарық көрген «Манастағы элестер» атты жинақ ерекше орын алады. «Қырғызмамбас» баспасынан 10 100 данамен басылып шыққан бұл еңбек қырғыздың ұлы эпосы Манастың балаларға арналған қысқаша нұсқасы іспетті еді. Ол жас жеткіншектерге батырлық, ел қорғау, бірлік пен ынтымақ идеяларын ерте жастан сіңіруге бағытталды.

Ал 1928 жылы Мискина Танинаның «Жетілген жетімдер» атты шағын әңгімесі қырғыз тіліне аударылып, небәрі 300 данамен жарық көрді. Тиражының шағын болғанына қарамастан, бұл еңбек қырғыз прозасының алғашқы тәжірибелерінің бірі ретінде тарихи маңызға ие. Ол ұлттық әдебиеттің дамуындағы алғашқы қадамдардың бірін айғақтайды.

1937 жылы Фрунзе мен Қазан қалаларында Т. Саманчиннің «Алиппе» кітабы 50 125 данамен басылып шықты. Бұл басылым қырғыз әліппелерінің ішіндегі ең кең таралған оқулықтардың бірі саналады. Оның полиграфиялық сапасы, әріптердің айқындығы, мәтін құрылымының жүйелілігі халық ағарту ісіндегі ірі жетістіктердің бірін көрсетті.

Бұдан бұрын, 1931 жылы Фрунзе қаласында Аджиман Шабдановтың «Биздин тил» атты еңбегі жарық көрді. Бұл – қырғыз тілінің синтаксисіне арналған алғашқы ғылыми еңбектердің бірі. 20 000 данамен шыққан бұл кітап қырғыз тіл білімінің қалыптасуына серпін берді әрі ұлттық тілдің ғылыми не-

гіздерін жасауға бағытталған алғашқы тәжірибелердің қатарында болды.

1928 жылы Фрунзе қаласында жарық көрген «Михаила Васильевича. Биография» кітабы да тарихи тұрғыда қызықты дерек болып табылады. Тиражы 2000 дана болған бұл еңбек кеңестік кезеңдегі тұлғатанудың алғашқы үлгілерінің бірі саналады.

Сонымен бірге, 1934 жылы Фрунзе қаласында С. Наматовтың «Алір-Ве» атты еңбегі 40 150 данамен шықты. Бұл еңбек – қырғыз балаларына арналған әліппе оқулығы ғана емес, ұлттық оқу ағарту ісіндегі үлкен жетістік болды. Дәл осы жылы С. Наматовтың тағы бір кітабы – «Сабатту калкозгу» («Сауатты колхоз») 25 000 данамен жарық көрді. Бұл еңбекте халық шаруашылығы мен колхоз өміріне қатысты жаңа ұғымдарды сауатты жеткізу көзделді. Ол ауыл шаруашылығын ұжымдастыру кезеңінде халықтың сауатын көтеру ісіне айрықша үлес қосты.

Осы аталған еңбектер тек оқу құралдары немесе әдеби басылымдар ғана емес, олар – қырғыз халқының XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі мәдени-әлеуметтік дамуының айнасы.

Әр кітаптың тілі, безендірілуі, тақырыптық аясы арқылы біз ол дәуірдің идеологиялық бағытын, рухани ізденістерін, халықтың тұрмыс-салтын аңғара аламыз.

ҚР Ұлттық кітапханасының сирек қорында сақталған қырғыз кітаптары – қазақ пен қырғыздың рухани ортақтығының баға жетпес куәгерлері. Бұл еңбектер халықтың сауат ашу тарихын, алғашқы әдеби қадамдарын, мәдени даму жолын айшықтайды. Әрі оларды ғылыми тұрғыдан зерттеу – бүгінгі әдебиеттану мен тарих ғылымы үшін аса құнды іс. Осы құнды деректердің толық сипаттамасы мен талдауын зерттеуіміздің арнайы тарауы – «ҚР ҰК



Сирек қордағы алғашқы қырғыз кітаптары» бөлімінен таба аласыздар.

Ортақ тарих пен ұқсас мәдениет екі елдің арасындағы рухани сабақтастықты тереңдетіп қана қоймай, олардың әдебиетінде, публицистикасында және қоғамдық ой-пікірінде де айқын із қалдырды. Сол кезеңдегі қазақ зиялылары қырғыз халқының тағдырына бейжай қарамай, олардың тарихи, саяси, мәдени өміріне қатысты ой-пікірлерін баспасөз беттерінде үзбей жариялап отырды. Бұл еңбектер тек қана әдеби дерек емес, сонымен бірге бауырлас екі елдің тағдырлас кезеңдерін айғақтайтын құнды тарихи құжаттар болып саналады.

Мәселен, Әлихан Бөкейхан 1913 жылы жарық көрген «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» атты Шәкәрімнің шежіресіне қатысты пікір білдіреді. «Қазақ» газетінде «Қыр баласы» деген бүркеншік атпен жарияланған бұл жазбада Әлихан түркі халықтарының, соның ішінде қазақ пен қырғыздың тарихтағы орны мен шежірелік сабақтастығын көрсетіп, ұлттың өткені мен болашағына терең көзқарас танытады.

Сол кезеңдегі қазақ баспасөзі қырғыз шәкірттерінің оқу-ағарту ісіне де назар аударды. Мәселен, «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 31 мамырдағы №16 санында Уфа қаласындағы «Ғалия» медресесінде білім алып жүрген қырғыз һәм қазақ шәкірттерінің таратып жүрген кітаптары жайында дерек берілген. Бұл мақалада Ғұмар Қараш еңбектері туралы мәлімет айтылып, қазақ-қырғыз жастарының ағартушылық ісіне қосқан үлесі сөз болады. Бұл дерек – екі халықтың білім саласындағы ынтымақтастығының айқын дәлелі.

1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс қазақ пен қырғыздың тағдырын тоғыстырған аса маңызды тарихи оқиға-

лардың бірі болды. Бұл тақырыпты «Таң» журналында 1925 жылы жарық көрген Абдоллаұлының еңбегінен айқын көруге болады. Автор Жетісу аймағындағы қазақ-қырғыздың азаттық жолындағы күресін суреттеп, халықтың қайсарлығын және сол жолдағы құрбандарын баяндайды. Бұл еңбек – қазақ публицистикасындағы қырғыз тарихына арналған алғашқы терең зерттеулердің бірі десек те болады.

Ал «Қазақ» газетінің 1917 жылғы 24 шілдедегі №237 санында жарық көрген мақалада қытай жеріне ауа көшкен қазақ пен қырғыздың ауыр жағдайы баяндалады. Кеншібаев М. берген деректер бойынша, Қытайға қоныс аударғандардың жалпы саны 164 мың болса, оның 83 мыңы аштық пен індеттен қырылып, 69 мыңы ғана елге қайтқан. Бұл деректер – қырғыз-қазақ халқының сол дәуірдегі қайғы-қасіретінің айқын көрінісі.

Қазақ поэзиясының көрнекті өкілі Мағжан Жұмабаев та қырғыз тақырыбын айналып өткен жоқ. Оның «Қырғыз, қазаққа» атты өлеңдері түркі халықтарының бірлігі мен рухани тұтастығына үндеу ретінде бағаланады. «Сәуле» жинағына енген өлеңдері қырғыз бауырларға деген ақын жүрегінің шынайы ықыласын білдіреді.

Ұлт көсемдерінің бірі Міржақып Дулатов та қырғыз тағдырына ерекше назар аударған. Оның «Босқан қырғыз-қазақ» атты мақаласы «Қазақ» газетінің 1917 жылғы 11 тамыздағы санында жарық көріп, Қытайға қоныс аударған қазақтар мен қырғыздарға көмек көрсету мәселесін көтерді. Бұл – гуманистік әрі ұлттық мүддені қорғаған маңызды үндеу еді. Сол сияқты Дулатовтың «Жалпы қазақ-қырғыз съезі» атты бас мақаласы 1917 жылғы 13 желтоқсанда жарық көріп, Орынборда өткен съезде қабылданған шешімдерге тоқталады. Мұнда қазақ пен қырғыз-





дың саяси бірлігі мен «Алашорда» үкіметінің жариялануы кеңінен сипатталады.

Сонымен бірге, 1917 жылғы «Қазақ» газетінде Мұхамеджан атты автордың «Жетісу облысындағы босқан қырғыз-қазақ жайы» атты мақаласы жарық көріп, босқыншылық күйге түскен халықтың мүшкіл халін ашып көрсетеді. Бұл деректер қазақ баспасөзінің сол дәуірдегі қырғыз халқының тағдырына ерекше жанашырлықпен қарағанын дәлелдейді.

Біздің зерттеуіміз аясында осындай құнды еңбектерге арнайы тоқталып, олардың мазмұнын талдауды жөн көрдік. Қазақ зиялыларының қырғыз бауырлары туралы жазған мақалалары – ортақ рухани тарихымыздың бір бөлшегі. Олардан біз тек тарихи деректерді ғана емес, ұлт жанашыр-ларының гуманистік ой-пікірін, түркілік тұтастыққа деген ұмтылысын көреміз.

Айта кету керек, бұл бағыттағы еңбектер тек XX ғасыр басындағы қазақ баспасөзімен шектелмейді. Соңғы жылдары да екі елді жақындастыратын ой-пікірлер жазылып келеді. Соның бірі – қырғыздың белгілі ғалымы А. Акматалиевтің мақалалары. Оның ғылыми-зерттеу еңбектерінде қазақ пен қырғыздың рухани туыстығы, мәдени байланысы кеңінен талданып, бүгінгі күнгі сабақтастығы айқын көрсетіледі.

Қазақ зиялыларының еңбектеріндегі қырғыз тақырыбы – екі халықтың ғасырлар бойғы бірлігінің, ортақ қайғысы мен қуанышының айғағы. Бөкейхановтың шежірелік пайымы, Дулатовтың публицистикасы, Жұмабаевтың жүрекжарды жырлары – барлығы да қырғыз-қазақ бауырластығының алтын көпірі іспетті. Бұл мұраларды зерделеу – бүгінгі ұрпақ үшін тек ғылыми міндет қана емес, бауырлас халықтардың ортақ болашағына деген сенімді күшейтетін құндылық.

Бұл зерттеу еңбегінің соңғы нүктесінде біз қол жеткізген жетістіктер мен тың жаңалықтарды талдап, ой елегінен өткізуіміз қажет. Өйткені кез келген ғылыми ізденістің шынайы бағасы оның бастапқыда қойылған мақсаты мен соңғы нәтижесінің өзара үйлесімінде айқындалады. Біз де алғашқы қадамда көздеген мақсаттарымызды айқындап, сол межеге жете алдық па деген сауалға жауап беру – осы еңбектің басты қорытындысы болмақ.

Жүріп өткен жолымызға зер салсақ, зерттеудің әрбір кезеңі тек ақпарат жинау немесе дерек қорыту ғана емес, сонымен қатар ойымызды шыңдап, ғылыми көзқарасымызды кеңейткен құнды тәжірибе болды. Біз қарастырған тақырыптың күрделі қырларын ашып, бұрын назардан тыс қалып келген жайттарды қайта саралап, жаңа пайымдар ұсындық. Бұл – ең алдымен зерттеудің тың нәтижесі әрі артықшылығы.

Зерттеу барысында тек деректерді жүйелеумен шектелмей, оларды салыстырдық, тарихи және әдеби байланыстарды жаңа қырынан пайымдадық, ғылыми тұжырым жасауға ұмтылдық. Мұның бәрі – алғашқыда көздеген мақсатымыздың толық жүзеге асқанын дәлелдейді. Сонымен бірге бұл жұмыс болашақта осы тақырып төңірегінде жаңа бағыттағы зерттеулерге жол ашатын баспалдақ іспетті.

Жалпы алғанда, атқарылған еңбектің артықшылығы – тек қана бұрынғы белгілі деректерді қайталау емес, соларға жаңа қырынан қарауында. Осы арқылы біз зерттеу нысанының рухани, мәдени және ғылыми маңызын айқындап, оның бүгінгі күнмен байланысын көрсеттік. Ең бастысы, бұл еңбектің нәтижесі бастапқы ойымыздың орындалғанын ғана емес, сонымен қатар ойымыздың одан әрі тереңдеп, жаңа ізденістерге ұласқанын паш етеді.



Осылайша, тұтас зерттеудің түйінін жасай отырып, біз атқарған жұмыстың мазмұны мен мәнін сараладық. Зерттеу – аяқталған іс емес, жалғасын табатын рухани сапар. Сондықтан бүгінгі жеткен нәтижелер – келесі үлкен ізденістердің іргетасы.

Біздің еңбегіміздің түйіні іспетті соңғы «Ер Манастың елінде» деп аталатын «Бастау. Самғау. Арқау. Талдау. Тұжырым» атты бес бөлімнен тұратын жолжазба күнделігіміз.

Мұнда біз тек ғылыми деректерді тізіп қана қоймай, өз сапарымыздың әр сәтін жүрек лүпілімен, ой елегімізбен өрнектеп баяндадық. Бұл күнделік – саяхатшы ғалымның ғана емес, ізденуші жүректің сырлы дәптері.

Алдымен біз жолға шыққанда, алды-мызға қойған мақсатымыз айқын еді. Қырғыз жеріндегі рухани қазынаны аршып алу, архивтер мен кітапханалардың терең қойнауындағы асыл мұралармен бетпе-бет жүздесу. Сол жолда біз ізденісіміздің қадамдарын нақты жоспарлап, әр күннің міндетін белгілеп отырдық.

Ғалымға уақыттан қымбат дүние жоқ. Сондықтан да сапарымызды жүйелі жүргізіп, әрбір мекемедегі жұмысымызды тиянақты ұйымдастыруға тырыстық.

Қырғыз Республикасының Мемлекеттік орталық архиві біз үшін өткеннің үнін жеткізген қасиетті ордадай болды. Ондағы сарғайған қағаздар – қазірге дейін адам қолы тимеген, тарих тынысын бойына сақтап қалған жәдігерлер. Бөлме іші сыз тартқандай, бірақ сол сыздың өзінде ғасырлар тынысы бар. Әрбір бетін ақтарған сайын тек құжат емес, тұтас бір дәуірдің үні, халық тағдыры, өткеннің бейнесі елестейді.

Ал А. Осмонов атындағы Ұлттық кітапхана – руханияттың шексіз әлемі. Оның сөрелерінде сан ғасырдың жүк арқалаған сирек кітаптары мен қолжаз-

балары бізді өзіне баурап әкетті. Кейбірі – түпнұсқа, кейбірі – қолмен көшірілген нұсқа.

Сарғайған парақтарды қолыңа алған сәтте уақыттың өзі баяулап, тарихтан келген сыбырды тыңдағандай боласың. Біз сол дүниелердің арасында бірнеше күн бойы отырып, әрбір деректі қағазға түсіріп, зерттеуші зердесімен сүзгіден өткіздік.

Ш. Айтматов атындағы Әдебиет және Өнер институтындағы күндеріміз де бөлекше әсер қалдырды. Мұнда біз тек деректерді ғана емес, қырғыз халқының әдеби болмысын, өнерге деген көзқарасын, сөз күдіретіне деген құрметін сезіндік. Бұл мекеме – ұлы қаламгердің рухы сіңген, қырғыз мәдениетінің алтын бесігі. Ондағы әрбір қолжазба, әрбір зерттеу еңбегі – қырғыз руханиятының терең қабаттарынан сыр шерткен асыл қазына.

Біз осы сапарымызды күнделік түрінде қағазға түсіріп, әрбір сәтімізді, әрбір сезімімізді оқырманға жеткізуге тырыстық. Бұл – тек ғылыми баяндау емес, ізденушінің жан толқынысын жеткізген шығармашылық еңбек. Жолжазба – біздің болашаққа қалдырған рухани аманатымыз. Себебі ертеңгі зерттеушілер дәл осы жолдардан өзіне бағыт-бағдар, тәжірибе алар деген сенімдеміз.

Сондықтан да «Ер Манастың елінде» атты күнделік-жолжазбамыз оқырман үшін тек баяндау ғана емес, рухани саяхат, тарихпен жүздесу, ғылым жолындағы ізденістің көркем шежіресі болмақ. Біз үшін ол – жүріп өткен жолымыздың айғағы, ал болашақ үшін – бағыт берер шамшырақ.

Қазақстан Жазушылар Одағының «ТМД елдерінің архивтеріндегі қазақстандық жазушылардың зерттеу жұмыстары» атты ауқымды жобасы аясында қолға алынған осы еңбегіміздің кіріспе, беташар сөзін кеңінен жазуы-



мыз тегіннен-тегін емес. Себебі әрбір кітаптың тағдыры оқырманның қолына тиген алғашқы сәтінен басталады.

Кітапты қолына алған жан әуелі оның мұқабасына көз салады, сыртқы пішініне назар аударады. Сыртқы мұқабасы тартымды, мазмұнға сай болса, ол оқырманды ішке жетелейді. Мұнан соң аннотация мен кіріспе сөз оқылады.

Кіріспе – тұтас кітаптың айнасы, ондағы негізгі мақсат пен көтерілер мәселенің кілті. Сондықтан да біз бұл бөлімге ерекше жауапкершілікпен қарадық. Біздің ойымызша, кіріспенің шынайы әрі әсерлі жазылуы оқырманның назарын ұстап қана қоймайды, сонымен бірге оны кітаптың тереңіне жетелейді.

Уақыты аз, бірақ рухани нәр іздеген оқырман үшін де бұл кіріспе маңызды. Өйткені ол арқылы жалпы еңбектің мазмұны, ондағы басты тақырыптар, зерттеу барысында ашылған тың деректер мен жаңалықтар жөнінде қысқа да нұсқа мағлұмат алуға мүмкіндік туады. Ал уақытын бөліп, еңбекті түгел оқуға ниеттенгендер үшін кіріспе – болашақ оқылымға бағыт беретін жолбасшы іспетті.

Соңғы жылдары елге еңбегі сіңген, еліміздің тұңғыш Бас мүфтиі, ғұлама ғалым, дін мен ғылымды қатар ұстаған тұлға – хазірет Рәтбек қажы Нысанбайұлымен жақыннан танысып, бірнеше мәрте сырласуым өзім үшін өмірлік сабақ болды. Ол кісімен әрбір әңгіме – рухани толысудың, ізгілікке бет бұрудың мектебі секілді еді. Рәтбек атамның жүректен шыққан әрбір сөзі, елдік пен адамдық жайлы айтқан ғибратты ойлары менің жадымда мәңгілікке жатталып қалды. Өз ұстазымдай көріп, ол туралы арнайы деректі роман жазуым да сол ықыластан туындаған еді. Әсіресе, ол кісіден жиі еститін мынабір шумақ менің өмірлік ұстанымымдай болып кетті:

Жақысының жақсы деген аты қандай,
Әр сөзі мың ділдаға татығандай.

Жаманның жамандығы әні сондай,
Жүреді ірі сөзін батыра алмай...

Атам осы бір өлең шумағымен шынайы жақсының қадір-қасиетін, оның сөзінің құндылығын терең мензеп, қарапайым тілмен ұрпаққа ұлағат қалдырған еді. Бұл ой маған да үнемі ой салды. Адам баласының жақсылығын айту – оның нұрын арттыру, ал жақсының жолын бағалау – ізгіліктің таралуына себепші болу.

Сондықтан да халқымыздың «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген дана тәмсіліне сүйене отырып, осы еңбекті жазу барысында ақыл-кеңесімен, бағыт-бағдарымен де меу болған жақсы жандарға жүрек-жарды алғысымды жеткізуді азаматтық парызым деп білемін.

Ең алдымен осындай ауқымды жобаны жүзеге асыруға мұрындық болып, жазушыларымызға шетелде зерттеу жұмыстарын жүргізуге зор мүмкіндік жасаған Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігіне, Архив, құжаттама және кітап ісі комитетіне, сондай-ақ қазақ руханиятының қасиетті қара шаңырағы – Қазақстан Жазушылар одағына айрықша ризашылығымды білдіремін.

Әсіресе, осы ұйымның басшылығындағы Мереке Құлкенов пен Қасымхан Бегманов ағаларыма қолдауы мен қамқорлығы үшін шексіз алғыс айтамын.

Сонымен бірге менің ғылыми жолымда әрдайым бағыт-бағдар беріп, ақыл-кеңесін аямайтын ұстаздарым – академик Жақыпбек Алтаев, профессорлар Дандай Ысқақұлы, Нұрдәулет Ақыш, Қансейіт Әбдезұлы және Әсет Құранбек ағаларым мен жобаның кураторы Елдос Тоқтарбай ағамызға да шын жүректен рахмет айтамын. Олардың әрбір сөзі, әрбір кеңесі – мен үшін бағдаршамдай жол нұсқады.



Зерттеу жұмысымның ойдағыдай жүруіне ерекше қолдау көрсеткен тағы бір мекеме – Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы. Бұл ұлы шаңырақтың бай мұрасы, сирек қорындағы баға жетпес қазынамен танысуыма кең мүмкіндік жасаған кітапхана директоры Ғазиза Нұрғалиеваға өз атымнан алғысымды айтуды азаматтық борышым деп санаймын. Сонымен қатар қарашаңырақтың қазынасы орналасқан «Сирек кітаптар мен қолжазбалар» қызметінің жетекшісі Гүлшат Абиқова мен Ертай Біләлге де алғысым шексіз.

Ал бауырлас қырғыз елінде жүргізген зерттеуімнің жемісті болуына қолдау білдірген қырғыздың қабырғалы ғалымдары – профессор Жолборс Жоробеков, академик Абдылдажан Акматалиев, ғалым Нұр Саралаев секілді ағаларымның көмегін ерекше атап өткім келеді. Олардың жылы қабағы, кәсіби бағыт-бағдары мен құнды ойлары зерттеу сапарымның сәтті өтуіне себепші болды.

Сондай-ақ Қырғыз Республикасының Орталық мемлекеттік архивінің директоры Манат Момуновқа, А. Осмонов атындағы Ұлттық кітапхананың директоры Айнура Алмасбекқызы Асқароваға, Ш. Айтматов атындағы Тіл және әдебиет институтының директоры әрі көрнекті ғалым Абдылдажан Акматалиев ағама да айрықша ризашылығымды білдіремін. Олар бізге архив пен кітапхана есігін айқара ашып, сирек қорларды зерделеуімізге жанашырлықпен жағдай жасады.

Әрбір жақсы адам – жарық шам іспетті. Оның нұры өзіне ғана емес, өзгеге де сәуле шашады. Ал менің осы еңбекті жазуыма, ойға алған мақсатымды жүзеге асыруыма демеу болған барша жақсы жандардың нұры – мен үшін сарқылмас қуат.

Бұл кітапты жазудағы ниетіміз – тек ғылыми ізденіс нәтижесін ұсыну ғана емес, сонымен бірге оқырманмен сырласу, оны екі халықтың мәдениет әлеміне жетелеу.

«Мен бұл еңбекті Сіз үшін жаздым, оқырман!» деуіміздің де себебі осында. Бұл сөз – құрғақ пафос емес, шынайы жүректен туған тілектің үні. Себебі біз екі бауырлас халықтың – қазақ пен қырғыздың – ғасырлар бойы жалғасқан рухани сабақтастығын қайта жаңғыртып, оны жаңа қырынан таныстыруды мақсат еттік.


Әрбір ізденісімізде біз тарихтың қойнауына сүңгіп, архивтерден сирек деректерді іздедік, кітапханалардың қазынасын парақтадық. Сол еңбегіміздің нәтижесін жинақтап, оқырманға ұсыну – бір жағынан парыз, екінші жағынан аманат. Өйткені әрбір кітап – өткенді бүгінмен жалғап, болашаққа жетелейтін рухани көпір.

Біз бұл еңбектің бауырлас халықтардың өзара мәдени байланысын зерделеудегі бір белес, бір қадам болып қаларына сенеміз. Бұл еңбек арқылы қазақ-қырғыз әдеби және мәдени ықпалдастығының жаңа қырлары ашылып, болашақта жас ғалымдар мен ізденушілерге бағыт беретін бір соқпақ қалдырдық деп үміттенеміз.

Сондықтан да кіріспе сөзді кеңінен жазып, оқырманға ой салатындай, қызықтыратындай етіп ұсыну – біздің ең әуелі парызымыз деп білдік. Оқырман осы кіріспеден-ақ еңбектің өзегін аңғарып, қазақ пен қырғыз арасындағы мәдени сабақтастықтың терең тамырын сезіне алса, біз мақсатымызға жеттік деп білеміз.



Санжар СҰЛТАНҒАЗЫ,
Жетісу облыстық «Jetisú» газетінің
тілшісі. "Ана, сен болмасаң" атты жыр-
жинағының авторы. Республикалық
мүшәйралардың жүлдегері.



Жүрегімде сезім де бар, от та бар...

АПА, СЕН БОЛМАСАҢ

Апа, сен болмасаң:
 Бар уайымды басқа салар едім ғой,
 Маңдайымды тасқа соғар едім ғой.
 Ажарым да сартап болар еді ғой,
 Базарым да тарқап қалар еді ғой,

Жолдарым да бірге болмас еді ғой,
 Қорғаным да мүлде қалмас еді ғой.
 Сұлулықты көрмей кетер едім ғой,
 Жылулықты бермей кетер едің ғой.

Айбыным да шөгіп құлар еді ғой,
 Қайғы-мұң да төніп тұрар еді ғой.
 Күлемін бе? Күлу болмас еді ғой!
 Жүрегімде жылу қалмас еді ғой.

Болашағым бөлектейтін еді ғой.
 Бала-шағым ол өтпейтін еді ғой...
 Жетімдердің күйін кешер едім ғой,
 Жетімдердің үйінде өсер едім ғой...

АҒАТАЙ, АУЫЛ ЖАҚТА НЕ ЖАҢАЛЫҚ?

–Ағатай, ауыл жақта не жаңалық?
 – Бәрі тозған, әлі де тозары анық.
 Өлі ауылды көресің, көркейтеді
 деген мендік көңілде боз ала үміт.

Ауылда қалған қайда,
 Жеңгем де өзі қаланы армандайды, ә?
 Әжеммен шәйдеспеген әжелер мен,
 Атаммен дәмдес болған шалдар қайда?

Қала мұнаралы,
 Көгіндегі көк туы – тұман әні.
 Көк түтіннен қашқанда, қоңыр жолдан,
 Көк күшігім қарсы алып шыға ма әлі?

Ұнайтын ауылымның кеші маған;
 Еркелеткен жалғызын есіл анам.
 Егін салып ентіккен еңкіш шал мен,
 Еміренген кемпірді есіме алам.



Жел сыбызғы ойнаған қалқадан кеп,
Сарғайтып, күні де өткен арқадан көп.
Сағат санап, сан қойды санап жүр ме,
Саптамамен сары ұлдар сар табан боп.

Қарттары жоқ, кімдермен кеңесеміз,
Онсыз-ақ ақылдымыз немесе біз.
Жылдан жылға жиделер жүз түп артып,
Қалың тоғай сиреді демесеңіз.

–Ағатай, ауыл жақта не жаңалық?
– Бәрі тозған, әлі де тозары анық.
...Сүйкімсіз Сұлтан қаптап сан ауылға,
Ойнамайды төсінде Қожа нағып...

НАУРЫЗ

Өзизім, жас болды көзім, Наурыз,
Ғазизім, қастерлім өзің, Наурыз.

Мол кезің желпінген сенің, Наурыз,
Кербезім, көркіңнен сенің, Наурыз.

Нұрдың бір нышаны өңің, Наурыз,
Жылдың бұл құшағы керім, Наурыз.

Сағымың сүйеді сенің, Наурыз,
Тамырың киелі сенің, Наурыз.

Шіркін-ай, ежелден шөлім, Наурыз,
Құртың-ай, көжеңнен сенің, Наурыз.

Қапада қалмаймын, Наурыз,
Бағаңа қол жайдым, Наурыз.

Азаптың ұлан ері – Наурыз,
Қазақтың мұрагері – Наурыз!

Жүректен көшкен мұң, Наурыз.
Тілекпен қош келдің, Наурыз!
Дүр еткен қош келдің, Наурыз!

Қара пеш құтыңды кім жұлып алды,
Қасиетінде қайсының құны қалды...

Қайран апам қозғайтын мұңын арғы,
Қайран шешем қанша рет жылу алды?
Көсеу қайда, тұратын суып әлгі.

Осы өмірдің қоңырқай кескіні еді,
Қоңыр ұлың ол кезде ес біледі.
Қоңыр қозы енесін іздегендей,
Қоңыр жолдан қоңыр үн естіледі.
Бәрі солай,
Қоңыр боп ескіреді.

АНАШЫМ

Аптамда өткізе алмай жеті күнді,
Ана, аңсадым...
Көре алмай не түріңді.
Шіркін-ай!.. тірі болсаң күнде сенің,
Отырушы ем майлап етіңді.

Өзіндей маған енді бола алар кім,
Жоғалып кетпейді ғой жоғалар мұң.
Жалғанда қандай қиын қасірет бұл,
Жалғыз-ақ өмірдегі жоғы анаңның.

Тағдырға тік қараған сыңар қалпым,
Атыңды атап қосамын құранға әр түн,
Сен тірі...
Мен бақытты... болсақ егер,
Дүние көре алмайтын шығар, бәлкім.

Дүниеден оңаша сыр ұғып бар,
Мұң шақтым.
Кім бар бірақ – мұны құптар.
Бір – қайғы,
Бір – өкініш,
Бір – мұңменен,
Бір – бақыт,
Бір – қуаныш,
Бір – үміт бар.

Құрыта алмай келемін құса-мұңды,
Жылыта алмай келемін құшағымды.
Мен әлі көрсетемін күш-арымды,
Тағдыр кескен себебі тұсауымды.



Енді қайтып келмеймін,
Сен беташар махаббатым болсаң да,
Бұл жалғанда ешкім татпас мендей мұң
және түсіп сарсаңға.

Қалғаны енді құр сұлдер,
Тек тірімін, ояумын.
Бақытсыздығымды білсін де ел,
Аямасын, сен де аяма, аяулым...

Құбыламын бір аптада жеті күн,
Өзімді әйтеу ұқпадым.
Теріс кидім тағдырымның етігін,
Сен де оңымнан шықпадың.

Саған қонсын бар бақыт,
Қыз мұнайса, сорлап қалды демей ме ел?
Ал сен маған өмірімдей әр уақыт,
Өгей бол.

Сен оңаша жалғызсырап қалғанда,
Ол қайғы боп жүрегімді қозғасын,
Тек өзіңнің тамбасыншы жалғанда,
көз жасың...

Көке, ауылға қайтайық биыл енді,
Биыл ауыл қарттарын жиі көмді.
Сиыр өлді, қара атың қалып қырда,
Ескі қосың өзгенің үйі болды.

Ол да кетіп, тағы да алмасады ел,
Тіршілік қой, қайтеді, жалғасады ол.
Сары уайымға салынбас едім ғой мен,
Сағыныштан өзгесі қалмаса егер.

Сағыныштан өзгесі бос ой демек.
Бала шақ та айтпады есейме деп.
Қарғыс сынды қаладан қажығанда,
Қарғам-ау деп қоятын шешей де жоқ.

Қаймақ қандай тәтті еді, қаспақ неткен.
Құрбы ұялып сүйдірмей қашпақ беттен.

Ойдым жолға түсіп ап орағытқан,
О, неғылған жүрек бұл тас боп кеткен?

Тас боп кеткен жүректі ая, құдай,
Қайда барсам жанға мұң таяды ұдай.
Итсің десем өкпелеп қаласың, рас,
Мен өкпелеп көрмеп ме ем, әй, өмір-ай.

ШАЛДЫҢ БАЛАСЫ

Сенен де жақсы жігіт жолықпай шоң елде,
Қыз күтіп тұрса қайтер ең осылай егерде;
Қала.

Асфальт. У-шу.
Қап-қара юбка. Ресторан.
Iphone-ны қымбат менен де.

Шалға ұқсап сосын тұрысың,
Жүргеніңді, әсте қайдан біледі жыр үшін.
Вилласы несі,
Коттеджі несі ол айтқан,
Ауылда қалған қосты
ойлап кетем, құрысын.

Қосылмай ешбір тобырға,
Ауылға қайту керек шығар, ә, соңында.
Түкті де ойламай көршім де
жүрген жоқ па әне,
Басып ап түнде қорылға.

Галстук. Пальто.
Костюм мен жейде шаршатты,
Ауылдың тозған тоңдары әбден аңсатты.
...Несіне мені сүйесің деймін.
Мен деген,
Қойшы бір ұлмын малсақ-ты.

Көргенсің, – дейді ол, – улы еміп,
Тұрғам жоқ және сенен бір асқан қу көріп.
...Ешкімге нанбай, ауылды ойлап келемін,
Сіріңкем жанбай су болып.

НАН

Шарбағына көршінің артылам кеп,
Ал жеңгей нан бере ме?





Ол күмән боп.
...Бүгін нанға жарымай қойдық па, ана,
Кешке дейін қарызға жарты нан жеп.

Айтамын күз деп соны,
Сол күздің жібімейтін мұз боп шері
«Жарты нанды қайтар» деп жеңгей сосын,
Кеш кірместен келетін іздеп сені.

Қайғырсаң жоқты қайғыр,
Тоңазымай таңдар да атты қайбір.
Орнына енді ойсырап олқы түскен,
Осындайда көкемнің жоқтығы-ай бір.

...Қуанғаннан айтылсын күнде «алақай»,
Қуанғаннан айтылсын күнде «алақай».
Бір нан артық аламын бүгіндер мен,
Сұрап қалса берем деп бір балақай.

Шешем солай өмірге өкпеледі...
Жағдайын бар демеді ол, жоқ демеді.
Нан іздетпей анаңа, менен сұра,
...Менің анам нан іздеп кеткен еді,
содан соң оралған жоқ.

Салқын кештер сезімдерге қорған боп,
Екеуімізбен мұнданған-ды талай бақ.
Бүгін сенсіз?.. Ештеңе де болған жоқ,
Бәрі әйбат.

Солған да жоқ жаралы жан – жарты гүл,
Арпалысып, алысқам жоқ от күнмен.
Сүймейсің бе деп сұрайсың... Ол түгіл,
Сағынған да жоқпын мен.

Есіміңді жүрегімде жоқ қылып,
Өшіргенмін өткенде.
Хат жазбаймын, сөнген кеше отты үміт,
...Нөмірің де жоқ менде.

Сан сүрініп, жығылып,
Сапар біткен саған деген жолдағы.
Алматыға барсам, барам қыдырып,
Сенің үшін емес бірақ ол-дағы.

Сүю деген келген емес әзірге ой,
Жыла мейлі, өкіріп.
...Айтқанымның бәрі де рас,
Әзіл ғой!
Сүйем сені,
Өтірік...

АПА

Өмірдің өтеуін өтеп,
Жадырап жайқалдың елге.
Перзенттің жетеуін әкеп,
Төртеуін қайтардың жерге,
Апа.

Содан соң бір суып, бір ысып,
Мен үшін ғана тыныстадың.
Тамақ ішпесем ұрысып,
Арақ ішкенде ұрыспадың,
Апа.

Бәрімен тату боп туыстың,
Ешкіммен алысып, жұлыспай
Мұңымды төккенде ұрыстың,
Шылымды шеккенде ұрыспай,
Апа.

Өзіңнен үлкен неше есе,
Арқалап ардың-ау жүгін
Дана боп жүрдің де кеше сен,
Бала боп қалдың-ау бүгін,
Апа.

Күнің жоқ кешке демалған,
Жаралған жамалың неден?
Көзің-ай кестеден талған,
Сөзің-ай қарағым деген!..
Апа.

АПА

Қартаймауың керек, Апа,
Сен үшін –
Құдайменен жасап келем келісім...
Сен о баста қайсар, қатал, өткір ең,





Өмірге өткен өкпең менен
өкінішің көп білем.
Одан қалды сағынышың сарысудай тұр әні,
Ал жүрегің қаншама рет
қайғы жұтып, жылады.
Тіршілікте тірі күнің –
тауып жүрген табысым...
Қарсы алады қай кезде де
бауырсағың, бәлішің.
Одан қалды жан-жағыңа
көзінді ылғи алартып,
Отырасың үнемі сен
оймағыңды жоғалтып.
Сиыр сауып, сүт пісіріп,
құрт та жайып оңаша.
Көз жасыңды көрсетпейсің
біреу саған қараса.
Ақ жүрексің, ақкөңілсің,
ақпейілсің соншама,
Көрші кемпір көйлегінді
киіп тойға барса да...
Құйған, Апа, шәйің неге
сондай тәтті десем мен,
Ұсынады екенсің ғой
бар мейірім-кесеңмен...

Сен менің Мәдениетімсің:
Мазмұным,
Құрылымым,
Ұғымым да!

Сен менің Әдебиетімсің:
Трагедиям,
Лирикам,
Тұнығым да!..

Сен дүниеге келген күні
мендегі:
Жамандық,
Жаңылыс,
Жасықтық – қатар тұрған.

Мен дүниеге келген күні
сендегі:
Адалдық,
Сағыныш,
Ғашықтық – қатар туған.

Сен дүниеге келген күні
маған:
Бір уақыт
Бір шермен
Жайлы деп табысқан екен.

Мен дүниеге келген күні
саған:
Бір бақыт,
Бір сормен
Қайғы боп жабысқан екен...

Кектенсем де қайғырмайтын болыппын,
Жек көрсен де айырылмайтын болыппын.

Бұрынғыдай бағынбайтын болыппын,
Күнім, бір ай сағынбайтын болыппын.

Құса-мұңға кет дейтін де болыппын,
Құшағымда өппейтін де болыппын.

Күндес адам сен бе дейтін болыппын.
Мүлде саған шөлдемейтін болыппын.

Мұндағыдай күз болмайтын болыппын.
Жылдағыдай қызғанбайтын болыппын.

Ескі өлеңді жырламайтын болыппын,
Ештеңенді тыңдамайтын болыппын.

Не түріңді айырмайтын болыппын,
Кекіліңді қайырмайтын болыппын...

Қастарыңа қиылмайтын болыппын,
Жас жанымға бұйырмайтын, көріктім.



Мен тұрып кеттім,
көтергеніңде –
өзіңнің иығыңды асқақ,
Сен жүріп кеттің,
кетер дедім бе...
көзіңнің қиығын тастап.

Сен толғанып та алдың
төзіміме –
ойланып барып.
Мен жалғанып қалдым
сезіміңе –
байланып қалып.

Мен тілсіз қалдым,
алдында
басымды иіп
Сен де үнсіз қалдың...
зар-мұңға
жасыңды құйып.

Мен құлап қалдым.
оңаша
тек бөлмей қайғыны іштік.
Сен жылап қалдың
балаша
жек көрмей, айрылыстық.

ЖАСТЫҚ

Сенің қаның құйылғандай қаныма,
Менің қаным ұйылғандай қаныңа,
Сенің жаның үйір қандай жаныма,
Менің бағым бұйырғандай бағыңа.
Иықтарым тірейді екен басыңды,
Сүйікті әнім төккенінде жасыңды.
Тағат қалмай сен деп бара беремін,
Сағат болмай шөлдеп қала беремін.
Сен шықпайсың жазылғанша төрт өлең,
Сені көрсем өліп-өшіп, өртенем,
Шамам болса құшақтаймын тас қылып,
Одан қалса махаббатым асқынып –
Беліндегі қолымды алдым.
Мен бейбақ
Еріндегі ерінді алғым келмейді-ақ...

Жүректегі жалын атқан көзімсің,
Кеудемдегі мәңгі өлмейтін сезімсің.
Жарым болып қалатын да өзіңсің,
Жанымды алып болатын да өзіңсің...

Жарым болу жарасады дәл саған,
Жансың-ау сен өзім күтіп, аңсаған.
Бұл жалғанда жалғыз өткен қанша адам,
Қосылмайын мен соған.

Ғашықпын мен, күйде жүрмін бақ қонар,
Жүрегімде сезім де бар, от та бар,
Бәрі маған қара күйе жаққанда,
Ақтап ал.

Менің тағдырым екен шыдай алмаған.
Сенің жаңбырың екен жылай алмаған.

Менің жолдарым екен тықсырып қалған.
Сенің қолдарың екен сұп-суық болған.

Сенің тілегің екем сағынып күткен,
Менің жүрегім екен ауырып біткен.

Менің Тәңірім екен таба алмай қалған,
Сенің жарығың екен жана алмай қалған.

Сенің жанарың екен жасырмай күлген,
Менің қабағым екен ашылмай жүрген...





Сабырбек ОЛЖАБАЙ
ҚР Жазушылар Одағының
мүшесі, ҚР Құрметті журналисі



АЛА СИЫР, ТҰЛЫП ЖӘНЕ АҚҚЫЗ ӘЖЕМ



(Әңгімелер)

Боямасыз өмір

Балалық деген базарды балағымызды түріп тастап армансыз, алаңсыз аралап жүргенбіз. Балауса балдәурен кезеңнің көктемесінде көңілдерге көк кептер қонып, ешнәрсенің парқын біле бермейміз. Таңертеннен шешем ағарған ішкізеді. Кейде көгілдір қыраттарға шығып, шеңгел-шеңгелдің арасынан жуа теріп келеміз. Балалық шағыңызда айранға жуа араластырып ішкеніңіз бар ма? Бір жапырақ нан табыла қалса, бала үшін бұдан артық тамақ болмаушы еді ғой.

Жаланааяқ жолдастарыммен жуа тере кеткенмін. Жолай бір бау балауса шөп жұлып алып тымпындап көтеріп келдім. Ондағым біздің асыраушымызға айналған ала сиырдың өзінен аумай қалған бұзауына беру. Оның

енесі бізге ағарған сыйлап жүр ғой.

Иығымдағы шөпті тастай беріп – денем дір етті. Кішкене ғана бұзау қозғалмайды, көздері бір нүктеге қадалып қалған. Ұстап көрдім. Қуыс кеуде, құр мүсін. Шошып кеттім.

– Апа! – деп қорадан атып шыққанымды білемін.

Әжем мандайыма суық шүберек басып отыр екен.

– Қорқып қалған ғой, – деп таңдайымды көтерді.

Кейін білдім, ала сиырымыздың әдемі бұзауы әлдеқашан өліп қалыпты. Сиырды идіру үшін әкем мен шешем бұзауды сойып, терісіне шөп толтырып қойыпты. Оны «тұлып» деп атайды екен. Байғұс сиыр сол тұлыпты бұзауым деп еміреніп иіскеп, емшегінен шелек-шелек сүт сорғалайтын көрінеді. Бос тұлыпқа еміренген ала



сиыр бізді сүтке қарық қылғанмен, «бұзауы» өспей-ақ, идіріп ембей-ақ қойды.

Күндердің күнінде өзінің құр тұлыпқа алданып жүргенін сезді ме, бауырына жақындаған шешемді теуіп, сүзіп, алакөздене өкіріп маңайына жолатпай қойды. Содан өрістен төрт емшегі сыздап тағатсызданып келмейтін болды.

...Көршіміздің Қорабай деген ұлы болды. Мектепте оқып жүргенде тентектігімен аты шықты. Жоғары сыныпқа өткен кезде шараптан дәм ауыз тиді. Сол, сол-ақ екен, Қорабай қарадай жүріп бүкіл ауылды қырып жіберетін «өнер» ашты. Мектептен соң училищеге түсіп, механизатор болып оралды. Кеңшар басшылары, комсомол комитеті оны әскерге аса «құрметтеп» шығарып салды.

– Әскерде танкі айдадым. Командирдің өзін танкімен тырқыратып талай кудым, - деп аузына арақ тигенде бөсіп отырғанын талай естідік.

«ДТ-75» деген шынжыртабанды трактор беріп еді, көп ұзатпай оны нағыз «танкіге» айналдырып шыға келді. Ішіп алғанда адамдарды көше-көшемен трактормен тырқыратып қуатынын әлі ұмытқанымыз жоқ. Ошақбайдың шарбағын ойрандап кеткені бар, Маусымбектің қорасын бұзып кеткені бар, ауданға айдалып, он бес сотке «қонақ үйге» жатып келген күндерінде есеп жоқ. Сонда да ескірмеді Қорабайға.

– Бұл диюды үйлендірейік. Келіннен ұялар. Балалы-шағалы болса тентектігі тиылар, – десті үлкендер жиылып.

Енді Қорабай көкемнің өз тойында өзі төбелес бастап, бүкіл ауылды қырып кете жаздаған «концертін» қазқалпында қағазға түсірсек, төрт-бес парақ қор болады. Мелдебек жәкемнің

қолының сынғаны, Сұлтан көкемнің басы жарылғаны, Түктібай ағаның иығы шығып кеткені, Тоғызбайдың тепкінің астында қалып, бет-ауызы көнектей болып ісіп, адам танымастай күйге түскені, бүкіл ыдыстың сынып-күйрегені сияқты «ұсақ-түйекті» айтсақ та жеткілікті.

Айтпақшы, учаскелік инспектор Қарасарт Жанбырбаев Қорабай көкемді сол күні ауданға айдап, көзін бақырайтып он бес сөткеге жауып-ақ тастайтын еді, ауылдың ақсақалы, қарасақалы түгел жиналып, «бүгін ғана шаңырақ көтерді, тойдың бәлесі ғой, «қол сынса жең ішінде, бас жарылса бөрік ішінде», ағайын араз болмасын, тентегімізді өзіміз тезге саламыз. Бір жолға кешір» дет жата жабысып жалбарынбағанда. Сөйтіп, Қорабай көкеміз туралап келген «ажалдан» осылай аман қалды.

– Ой, атасына нәлет! Төбелеспесе тойдың несі қызық? Қатып кеткен төбелес ұйымдастырдым-ау. Әттең, өз тойым болып, қолымның қышуы қанбай қалды, – деп жүрді бұл дүлей көпке дейін.

Қолының қышуы қанбай қалған төбелесі осы болса, қанғандағысы қандай болар еді?! Құдай сақтасын!

Үйіне тезек түсіріп, сексеуіл түсіріп жүрген Қорабайды ел «түзелдіге» санап-ақ қалған еді. Қайдағы?! Бір күні тракторын жау қуғандай безектетіп келе жатқанын көріп, үй-үйге, қора-қораға тығылды. Сол күні көршіміздің иті үріп, сиыры мөңіреп, балалары ұлардай шулап, жеңгеміз асаудай тулап шықты. Көкеміздің үйіне әлдекімдердің кіргенін, оны ұйықтата алмай алысып шыққанын бала болсақ та көзіміз бақырайып жатып білдік. «Біздің үйге кіріп кетпесе екен» деп Құдайға жалбарынып, көрпе астына жасырындық. Кішкентай жүрегіміз



бүлк-бүлк соғып жатып: «Қорабай көкем бұдан кейін арақ ішпесе екен» деп Тәңіріден тіледік.

Бірақ біздің бұл тілегіміздің де, Аққыз әжеміздің көкке емшегін сауып жалбарынғанының да шапағаты болмады. Тозақ уының ащы тырнағына тұсақталған Қорабай көкемнің көздері ештеңені көрмей, ақыл-есін тұман торлап, ібілістің соңынан ере берді (әжем солай айтады ғой, ол кезде біз ібілістің не екенін қайдан білейік). Шайтан судың құлына айналған көкеміз қарайғанды қас дұшпан санап, қарадай-қарап соқтығысатын. Соңғы кезде көзіне белгісіз елестер еніп, түні бойы аласұрып шығады екен дегенді еститінбіз. Женешеміз темірден жаратылған жан-ау, сірә. Көкемнің қолақпандай жұдырығына көпке дейін шыдап бақты. Бет-ауызы көкала қойдай болып ісініп, ел көзіне қарауға шамасы келмей, бұқпантайлап, жүзін орамалмен орап үйде көміліп отырды. Ешкімге, тіпті, төркіндеріне де тіс жарып шағым айтпады.

– Мандайыма жазылғаны осы шығар. Құдай салды, мен көндім, – дегенін естіп, апам талай рет риза болып келген.

Сөйткен солдаттың етігіндей сірі жеңгем де бір күні сөгілді. Қатты бір тепкенде бүйрегі езіліп, аудандық ауруханадан бір-ақ шықты. Емделіп, беті бері қараған соң шаңырағына оралар деп ойлағанбыз. Шашы жалбырап жүгіріп жүрген жапырақтай қызын да, кішкентайынан булығып өскен, оңайлықпен сөйлей қоймайтын қарадомалақ баласын да көргісі келмей, төркініне тартып кетті.

– Енді көрмегенім Қорабайдың үйі болсын. Балалар есін жинаса, шешелерін бір күні өздері-ақ табар, – депті.

Бұл соңғы сөзі.

Ал, ағамыздың «арақты қоямын»

деген сөзінің шет-қиыры болмады. Оның «қойдым» дегені енді бізге «тойдым» дегендей естіле бастады. Бірақ ол ешқашан ішімдікке тойып көрген емес. Маскүнемдікке салынған адамдар ұмытшақтық дертіне душар болады деседі ғой. Бәлкім, ол осы кеселді жұқтырған шығар. Әйтеуір, қазір айтқанын қазір ұмытады. Әйтпесе, өткенде ғана жылап отырып: «Арақты біржолата қойдым» дегені қайда?

Көкеміздің психикасында да біз біліңкіремейтін бірдеңелер байқалды. Кейін білдік, мұны «психоз» дейді екен. Жүйке жүйелері жұлым-жұлым болып зақымданған көкеміздің құлағына түрлі дауыстар естіліп, көз алдына қорқынышты елестер көрініп, арақ ішкен түні «шайтандармен шайқасып» шығатын болды.

Күндердің күнінде ағайындар жиналып Қорабай көкемнің қол-аяғын тұтқын секілді тарс байлап, әлдеқайда алып кетті. Алқаштарды емдейтін арнайы ауруханаға жатқызған ба, бірер айдан соң ағамыз мең-зең күйде қайтып келді де араға көп уақыт салмай «ескі досымен» қайта қауышты.

Дүрбелең қайта басталды. Көкемді тырп еткізбей қол-аяғын арқанмен байлап, емші-тәуіптерге емдетуге әкетті. Осы сапардан ол кәдімгідей оңалғандай болып оралды. Жүзіне қан жүгіріпті. Бір таң қалғанымыз – қолынан құман түспейтін болыпты.

– Иә, әруақ! Ұзағынан сүйіндіргей! – деп қариялар қуанып жүрді.

Бір күндері болғанда Қорабай көкемнің көздері тұманданып, қолына құманды алып Қойбағар жәкеме тұра ұмтылды деседі. Сол сол-ақ екен, Қорабайдың бәз-баяғы бозборан бей-берекет әрекеті бұғып жатқан жыландай басын көтеріп, цунами желіндей сумаңдата, солқылдата соқты дейсіз бір. Ол жолындағысының бәрін жайпап





бара жатты.

Әжемізді ескі қорымдағы атамыздың қасына табыстап, үйге келгендер жағаларын ұстапты деседі. Үйде іліп алар ештеңе қалмапты. Қора тып-типыл. Ағайын-туыс жылу жинап, әжеміздің жетісін, қырқын өткізді.

– Сорлы Аққыз, қу тұлыпқа телміріп өтті. Осы жалғызы адам бола ма деп арқа еті арқа, бордай еті борша болып, ғұмыр кешті. Жастай жесір қалып еді, қараң қалғыр Қорабай, шешесіне не жақсылық көрсетті? Енді бұл алқаш не істер екен? – деп үлкендер жиналған кезде аһ ұрып отыратындарын бала болсақ та естідік. Сонда кішкентай жүрегіміз атқақтай соғатын.

Бір күні жеңешеміз келіп, ұлы мен қызын алып кетті.

– Үлкейген соң елін табар. Әзірге Қорабайдың тепкісін көрмесін. Жанымды жалдасам да жаутаңдатпай жеткізермін, – депті жеңешеміз.

Сөйтіп, айдың-күннің аманында бауырларымыз басқа жұртқа кетті. Жылай-жылай кетті. Жаутаңдап кетіп бара жатқан көздеріне қарай алмадық. Жүрегіміз қан жылады.

Тірі тұлыпқа айналған Қорабай көкем де бір күні біржола тыныш тапты. Үрейге бой алдырған ол қораға барып арқанға мойнын салыпты.

Бірақ ұлы мен қызының басына бір уыс топырақ салмағаны қатты бағты.

Енді кім іздейді, сізді көке!

Жуырда баспасөз беттерінен мына мәліметті оқып жағамды ұстадым. Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша, республикамыздағы наркологиялық мекемелерде 90 мың адам маскүнемдік дерті бойынша есепте тұрады екен. 2019 жылғы дерек бойынша, жастардың

1,4 пайызы ішімдікке тәуелді. Алкоголь салдарынан өлім-жітімі ең жоғары рейтингте Қазақстан оныншы орында. 2021 жылы 8900 мас жүргізуші ұсталған. Сонымен қатар мас жүргізушілердің кінәсінен 193 жол апаты тіркелген. Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымы Қазақстанда ішімдік ішу деңгейі күніне айына еркекке 25 литр, әйелдер арасында шамамен 9 литр деген қорытындыға келген. Еліміздің тұрғындарының 33,3 пайызы, яғни үштен бірі арақ ішеді. Жас ерекшеліктеріне келсек, 40-49 жастағылар көш бастап, 20-29 жастағылар одан кейінгі орында. Ал, 18-19 жастағылардың үлес салмағы 37,7 пайызды, жасөспірімдердің үлесі 22 пайызды құрайды. Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымының сарапшылары ішімдікті шамадан тыс тұтыну ұлт денсаулығы үшін қауіпті, ұлттың тегін құртады дейді.

Ұлттың тегін құртқаны емей немене, Қорабай көкемнің басынан өткергендерінің өзі талай қасіреттің басы емес пе? Қазақ қай баласын қаңғыртып жібереді? Қай қазақ отбасының берекесін кетіреді? Шарифат та өзіне-өзі қол салғанда хош көрмейді. Оларға тіпті жаназа да шығарылмайды. Шешесі қолы-көсеу, шашы-сыпырғы болып жүріп ит өліммен өлді. Әйелі босағасын аттағалы рахат, отбасы қызығын көре алмай-ақ кетті. Ұлттың тегі құрымағанда енді несі қалды?

Ер-азамат әрбір отбасының ұстыны, тірегі. Әр әке-шеше өмірге ұл бала келсін деп тілегенде «соңымда із қалсын» дейді. Адам ұрпағымен мың жасайды. Әрбір шаңырақ өмірде өз орнын тапқан ұлы – ізбасарымен мақтанады. Ал, сол ат тұяғын басар тайдың тағдыр талайы бұралаң жолмен өтсе ше? Онда отбасы үмітінің өшкені. Арамызда қаншама отбасы өз



шаңырағын ортаға түсіріп, ішімдіктің құлына айналып жүр десенші. Өткенде өмір бойы жоғары қызметте істеген бір кісінің жалғыз ұлы ауыр індет – есірткіге елтіді деп естігенде не айтарымды білмедім. Сол жалғызбен бірге жалқы үміт те жалп етіп сөнді. Ендігі әке тағдыры не болмақ? Ол да құр тұлпыққа иіген біздің әлгі ала сиыр сияқты өлімтік ұлға үміт артып келді ғой.

Қызық. Сиыр ғой – мал. Түйсік атаулыдан жұрдай. Құр тұлпық сияқты. Ал, адамдар ше?..

Адамдар алданбайды. Бірақ, үмітін өшіре алмай өтетіндері өкінішті.

Ей, адамзат баласы! Сен де бір үйдің үкілеген үмітісің. Әкең мен шешен, туыстарың, бауырларың құр тұлпыққа емес, тұлғаға қарап қуансын.

Тұншығып ояндым. Біреу алқымнан сығымдап қысқандай, алқыннып тұрмын. Түс көріппін.

Баяғы бала кезім екен деймін. Ала сиыр аларып қарайды. Үйге қарай айдаймын, кашады. Арғы жақтан Аққыз әжем көрінді. Көзінде мұң. Жанарында жас. Біруыс болып бүктетіліп қалыпты. Айтпақшы, соңғы кезде оны «бүкір кемпір» дейтін. Қолын маңдайына қойып ту-у алысқа қарағыштайды.

– Қорабай, а, Қорабай, қайдасың?

Әне, ана қыраттан Қорабай көкем көрінді. Қап-қара болып түтігіп кетіпті. Артына қарайламайды. Жападан жалғыз жалаңаяқ от кешіп бара жатыр. Осы оттың шетіне келгенде Аққыз әже состиып тұрып қалды. Алаулаған от өткел берер емес. Бүкір кемпір бүк түсті.

– Қайт, балам, қайт!

Аққыз әженің ащы айқайы екен мені оятқан.

Сол күні Аққыз әжемнің бейітінің

басына барып Құран оқыдым. Күтімсіз қорымның үстін арамшөп басып кетіпті...

ҚАСІРЕТ ҚАҚПАНЫ

Төрткүл төңірек күлгін түске боялып түрленіп тұрар еді. Белуардан келетін балғын шөптің арасында Досжан мен иті Құтжол олай да бұлай асыр салып жүгіретін. Бәлкім, жастықтың буырқанған бұла күші ме екен, қанша жүгірсе де Досжан да, Құтжол да шаршау дегенді білмейді.

– Досжан, а, Досжан, шаңқай түс болды ғой. Үйге қайта ғой, күнім. Тамағыңды іш, – дейді анасы Сақыпжамал итпен ит болып асыр салып жүрген ұлына елжірей қарап.

Анасы қанша шақырса да Досжан ойын қызығынан шыға алмайды. Ол біресе үйдің батысындағы жотаға шығып кетеді. Ендігі бір мезетте көлге қарай құлдыраңдап жүгіріп бара жатады. Үйдің ұсақ-түйек күйбеңінен қолы босамайтын Сақыпжамал енді ашуға басады-ай келіп.

– Әй, Досжан, осыдан әкең келсін. Қара да тұр, күні бойы үй бетін көрген жоқ деп айтпасам ба? – дейді қорқытпақ болып.

Досжан мұндай қорқытулардың талайын көрген. Анасінікі әншейін қорқыту ғана. Ал, кешкісін өрістен малмен бірге әкесі келгенде бәрі де басқаша болып кетеді. Әуелі әкесі Досымжан ұлын атына отырғызып, өзі шаруаторы бестіні жетекке алады. Малды жайғап болып кешкі тамақ үстінде әкесі мен шешесі Досжанды айналып-толғанып отырады. Таңның атысынан батысына дейін Досжанның соңынан айқайлай-айқайлай дауысы қарлыққан шешесі манағы ашуын тарс ұмытып кетеді. Әкесі мен шешесінің ортасында түрлі





ертегілер тыңдаған Досжан маужырап ұйқтайды. Ал, таңертең оянса әкесі бағана, таң қылаң бергенде-ақ отарды өріске айдап кеткен болып шығады. Төсектен еріне тұрған Досжанның ауызына анасы қолындағы барын тосып, бәйек болады.

Осы үйде үш ит бар. Алапар мен Бөрібасар үнемі әкесінің соңынан салпақтайды да жүреді. Құтжол Досжанға үйірсектеу. Екеуі алысып-жұлысып ертелі-кеш ойнайды. Кешкілік Досжан үйге кіріп кеткенде «мені неге тастап кеттің?» дегендей Құтжол екі көзі босағаға қарап телміріп жатады да қояды. Досжанға салса ол Құтжолды үйіне кіргізіп, қасына алып ұйықтағысы бар. Бірақ, әкесі мен шешесі Құтжолды қораны күзетеді деп үйге кіргізбейді.

Қалай дегенде де қырқадағы күндер қызықты еді. Бірақ, иә бірақ, бір күні Досжан табан астынан сырқаттанып, түні бойы сандырақтап шықты. Бәленің бәрі осыдан басталды.

Ауылдан едәуір қашық жайлауда болғандықтан, дәрігерге апару қиын соқты. Оқта-текте бір соғатын ферма басқарушысы да төбе көрсетпей қойды.

Су таситын машина да қас қылғандай қарасын батырды.

– Қой, бұлай қол қусырып отыра берсек, мына баланы өлтіріп аламыз. Бір әрекет ету керек, – деп Досымжан өн бойы от болып алаулап жатқан ұлына қарап дегбірсізденді.

– Сонда не дейсің, шағыр-ау, – деп Сақыпжамал шарасыздық танытты.

Болса, болмаса да ауру ұлды атқа өңгеріп ауылға жеткізе алмайды. Әншейінде әрі-бері ағылып жататын көліктер де қас қылғандай қарасын батырды.

– Мен ауылға барып келсем қайтеді? – деді Досымжан далаға қос құлағын түрген қалпы.

– Мына құлан жортпас қу далада бізді қасқыр қырып кетсің дейсің бе? – деп Сақыпжамал шар ете қалды.

– Атпен желдіртіп отырып, таң атқанша келіп те қаламын ғой. Дәрігерді алып келемін, – деп Досымжан далаға шығуға оқталды.

– Ауру баламен бірге мені де өлсін дейсің бе? Балаға қараған сайын жүрегім жаншылады. Енді сен кетсең... деп Сақыпжамал тілін жұтып қойды.

Досымжан үйге бір кірді, бір шықты.

– Әй, шал, мен бір амал ойлап отырмын, – деді Сақыпжамал әлден соң.

– Ол қандай амал? Манадан бері соны айтпайсың ба, менің жанымды қуыра бергенше.

– Мына адырдан аздап сора жинап келіп едім. Сол шөпті қайнатып беріп көрелікші. Бәлкім, ыстығы түсер, беті бері қарар, – деді Сақыпжамал.

– Ойбай-ау, неге отырсың? Бағанадан бері мелшиіп? Тұр, шөбіңді қайнат, – деді Досымжан.

– Сені ұрсатын шығар деп...

– Бала сауығып кетсе неге ұрсайын.

– Ендеше, мен шөп қайнатуға кірісейін.

Сұлық жатқан Досжан қайнатпаны ішкен соң, өн бойы борша-борша болып ағыл-тегіл терледі. «Иә, сәт!» деп Досымжан Жаратқаннан медеп тілеп отырды.

Ал, таңертең Досжан:

– Апа, шөлдеп барамын, – деп оянды.

– А-а, қара басып ұйықтап қалып-пын ғой, – деп Сақыпжамал орынынан ұшып тұрды.

Түске таяу Досжан құлан-таза жазылды. Әйелінің шипагерлігіне шаттанған Досымжан шопан отарды алысқа өрістетті. Кешке үйіне оралғанда құлдырандап ойнап жүрген ұлын көріп сүйсінді.



Содан кейін бұл отбасы күлгін түсті шөпті дорбаға салып, кереге басына іліп қоятын болды. Қыстауға барғанда көрші-қолаң Досымжанның үйіне келіп, соғым жеп, «көк шөппен» шай демдеп ішіп, мәре-сәре болып тарқасатын. Көк шайды үлкендермен бірге ішетін Досжан енді керекті шөпті өзі таңдайтын болды.

Сөйткен Досжан ауылдағы мектепке барғанда әкесі ұлан-асыр той жасады. Бастауыш сыныпта жүргенде-ақ тентек аты шыққан Досжан жоғары сыныпта маскүнем атанды.

– Біздің бала ауылдың атаманы! – деп әкесі масаттанды.

Атаман ауылдан ұзай алмады. Мектепті ілініп-салынып жүріп бітірген ол бұдан әрі оқимын деп талпынбады да. «Азар болса, мен сияқты қойшы болар, мал соңында жүріп те ешкімнен кем емеспін» деп Досымжан әуелі арқаны кеңге салды. Бірақ Досжан қой баққан жоқ. Үш айлық механизаторлар даярлайтын курсты бітірді де кеңшарға тракторшы болып жұмысқа орналасты. Бұл кезде Досымжан малын кеңшарға өткізіп, ауылға көшіп келген болатын. Жалғыздың жыры осыдан кейін үдеді емес пе? «Арақ ішуін тияр» деп құда түсіп, бір шүйкебасты үйіне кіргізіп еді, байғұстың басынан таяқ кетпеді.

Арада көп уақыт өтпей Досжанның нашақор екені бүкіл ауылға аян болды.

Тракторын қисаландатып көшемен келе жатқанда тұрғындар тығылатын жер таппай зәре-құттары қалмай жан-жаққа шілдей бытырап қашады. Сөйтіп жүріп ол тракторынан айырылды. Досжан далақтап далаға қарай қашатын жаман әдет тапты. Тауқыметіне көрінді ме, осы тұста Кеңес үкіметі күйреп, кеңшар да тарап кетті. Не жұмыс жоқ, не табыс жоқ, атақты шопанның шаңырағы шайқала бастады. Оның үстіне Досжанның елді дүрліктіруі тиыл-

мады.

Бірде Досжан үйге көздері құтырған қасқырдікіндей қанталап келді. Сақып-жамал айран беріп еді, қолын қағып жіберді. Айран ақтарылды да қалды.

Сол күні оның бүкіл денесі сіресті де қалды. Демі тарылып, тыныс алуы қиындады. Кеудесін кере дем алғысы келгенімен, ауа жетпейтіндей. Оның өн бойын, сүйектерін әлдебір жегі құрт мүжіп, жеп жатқандай. Құлағы шыңылдап, миы солқылдап, қол-аяғы сұмдық сырқырағанда жанын қоярға жер таппай ыңырсыды. Әлден соң көздері аларып, есінен танып қалды.

Сақыпжамал мен келіні Айнаш ауыл дәрігеріне жүгірді. Досымжан көзі ала-рып барып-келіп жатқан ұлының жанында состиып тұрып қалды.

Ауыл дәрігері Сартай сырқаттың сырын айтқызбай түсінді. Досжанның білегіне есірткі егу ғана қалып еді. Ал, онда есірткі қайдан болсын! Ол амалсыз аурудың әке-шешесіне қарады.

– Балам, – деді Досымжан, – мен кәріқақпас, бәрін де білемін. Үйді тінтіп көремін. Мынаның дәрісі табылса, тамырына ек. Өліп кетпесін. Жалғыз тұяқ қой. Сосынғысын көре жатармыз, – деп шерлене жылап жіберді.

Сартай тәжірибелі дәрігер екен, өйтіп-бүйтіп Досжанды тірілтіп алды.

Бірақ, мұнан соң да Досжанның денсаулығы түзеліп кете қоймады. Бүкіл сүйегін құрт жеп жатқандай қиналатын кездері көп. Мұндайда көздеріне ештеңе көрінбейді. Қорадағы малды, үйдегі қолға іліккенді түгел сатып бітті. Есін жиғанда ауыл шетінен өтетін теміржол бойындағы бекетке барады. Онда өзі сияқты қаңғығандар көп. Ұрлық қылады, жалғыз-жарым жолаушыны тонайды. Сосын таудағы үңгірге келіп тығылады. Тапқан-таянғандарын осында ішіп-жеп гәйпке бөгіп жатады. «Тауар» таусылғанда



қор-қау қасқырдай үңгірден шығады.

– Бұл кеткен екен, адам болудан қалған екен, – деп Досымжан басын тауға да, тасқа да соққылады.

Досымжан қарт күйіктен бүк түсіп жатып қалды. Артынша оны ағайындары ата-бабалары жатқан төбеге көтеріп бара жатты.

Мына зар-запыран күйікке Сақып-жамал да шыдай алған жоқ. Шалының қырқы өтпей жатып жанына жетіп алды. Үрейлі үңгірде жатқан Досжан әке-шешесінің басына топырақ салуға келе алған жоқ.

Бірде көрден тұрған адамдай сүйретіліп ауылға Досжан келді. Түрі әлемтопырақ. Көздері ұясына кіріп кеткен, сұп-суық. Мұны көрген ауыл балалары үрейленіп, үлкендердің тасасына тығылды. Жүрегі кеудесіне сыймай кеткендері үйлеріне қарай қашты.

Досжан тірі пенде жоқ үйіне кіріп, түкке түсінбей сенделіп жүрді де қойды. Оның семген санасына ештеңе де кірмеді. «Бұлар қайда жоғалып кеткен өзі?» деген бір ой алыстан қылаң бергендей болады. Бірақ, нені, кімді іздеп жүргенін өзі де түйсіне алмайды. Көз алдына еміс-еміс бір елес келгендей болған. Иә, иә, Айнаш бар екен ғой, ол қайда кеткен? Құлдыраңдап жүгіріп жүрген құнтақандай ұлы қайда?

Ол теңселіп тұрып-тұрыпгүрс етіп құлап түсті. Миы солқылдады. Жер зыр айналып тұрғандай басы зеңгіді. Көздері шапыраштанып, ауызынан ақ көбік атқылады. Бүкіл денесі солқ-солқ етті де әлден соң қол-аяғы сіресті де қалды. Досжан енді денесін билей алмады. Көз алды қарауытып, белгісіз бір тұңғыық қараңғылыққа шым-шым батып бара жатты. Ол қасірет қақпанына құтылмастай болып түскен еді.

Ауыл тұрғындары ұлыған иттің дауысынан шошып оянды. Досымжан

қарияның үйіне қарай ағылған адамдар үрейлене кері қашты.

Қан сасыған үйге батылы барып ешкім де кіре алмады.

Ағайындар Досжанды арулап та жер қойнына тапсыра алмаған. Ауданнан келген ішкі істер басқармасының қызметкері оның мәйітін алып кеткен. Біреулер оның сүйегін өртеп жіберген деседі. Екінші біреулер мекенжайы белгісіз қаңғыбастар жерленетін жерге көмілген дейді. Соңынан іздеп барған ағайын-туыс түңеріп қайтты.

Ауыл шетіндегі шаңырағы ортасына түскен осы бір үй тым үрейлі көрінеді. Ымырт түсе ауыл адамдары бұл үйдің жанынан өтуге қорқады. Үй ішінен қиналған, ыңырсыған адамдардың дауыстары естілетін көрінеді. Ауылдың бір маскүнемі осы үйге кіріп арақ ішкен екен, көп кешікпей жын-данып кетіпті.

Кешкісін осы үй маңынан өтіп бара жатқан бір топ баланы белгісіз құбыжық қуалады деп шуласады көпшілік. Үрей билеген ауыл адамдары шошына бастаған. Олар ақылдаса келіп ту-ту алыс аудандардың бірінен қара суды теріс ағызатын үлкен молданы тауып, қолқалап ауылға әкелді.

Басына дағарадай орамал байлап алған молда «жауырыным мұздап бара жатыр» деп үйге жолаған жоқ. Жақын жердегі бір төбеге шығып алып, текемет үстіне жайылған көрпеге молдас құрып отырған молда Құранды ұзақ оқыған. Қасындағылардың шыдамдары таусыла бастағанда барып басын көтеріп: «бензин әкеліңдер» деп әмір етті.

Әлден соң үрейлі үйден лап етіп жалын көтерілді.

– Қасірет қақпанынан аман қалдыңдар. Балаларыңа, үрім-бұтақтарына аманаттаңдар, ана қырсық шалған далаға барып сора термесін! – деп



бетін сипаған молда есегіне мініп кете барды.

Өртке жиналғандар оның көзді ашып-жұмғанша ғайып болып кеткенін көріп таң қалды.

Сол түні ауыл иттері әлденеге шабалана үріп, ұлып шықты.

– Басыңа көрінсің! – деп қарғады бүкір кемпір.

– Тыныш-тыныш! Ауыл іргесінен жын-шайтандар көші өтіп барады, – депті ауыл молдасы.

Арада қанша жыл өтті. Бірақ алыс адырдағы осы бір оқиға жұрт жанында әлі де жаңғырып тұр...

Иә, қасірет оңайлықпен ұмытылар ма?..

ҚАРҒАНЫҢ МӘТКЕСІ

Түкпірдегі осы ауылдың тарихын бүгінгі жастар түгілі үлкендердің өздері толық білмейді. Бар айтарлары қыркыншы жылдары ит байласа тұрғысыз құла дүз, суырған құм ішінде жортқан аңнан басқа тіршілік иесі жоқ алыс қойнауға бір топ адамды көшіріп әкеліп тастаған да «Бұдан былай сопқоз боласындар. Сендерге жүктелер міндет алдарындағы қоғамдық малды шашау шығармай аман бағу» деп тастап кете барған. Енді сол заманды әңгімемізге тиек етіп қалдық, аздап созыңқырайық.

1948 жылдың қоңыр күзінде америкалық «Судабекр» жүк көлігімен бір топ отбасыны қазіргі ауылдың орнына көшіріп келді. Көші-қон ұзаққа созылған. Балалар құм ішінде болса да үркердей ауыл көреміз деп ойлаған. Қайдағы? Құлазыған қу медиен дала. Оларды қалың қамыс арасына түсіріп кетті. Бұл Шу өзенінің арнасы екен. Оншақты отбасы айдалада үрпиісіп-

үрпиісіп отырды. Тым құрығанда ересек адамдар да жоқ. Кілең әйел, келіншектер, қараборбай балалар. Жел тұрса қамыс шулайды. Олардың арасынан қорқынышты үн естіледі. Балалар аналарының етектеріне тығылады.

– Ойбай, қандай жағдайға тап болдық?

– Мына ми далада аштан қырылатын шығармыз.

– Балаларды аң-құс жеп кетпесе деңіз.

– Қырылдық-ау...

Қаншама дегенмен қазақ әйелдері мықты ғой, жылап жүрсе де күрке, абылайша, лашық тігіп жүр. Бұл жағына қалың қамыс жақсы-ақ көмектесті. Бірақ, ымырт үйірілсе-ақ қамыс ішінде қасқыр ұлып, қабан қорсылдап, шиебөрі шулап, кірпік айқасудан қалды. «Қорыққанға қос көрінеді» деген бар, кейде жыртқыштар күрке жанына келіп те қалғандай болады. Аналар кеш түссе-ақ болды, күркенің есігін іштен мықтап бекітіп алады. Бір үймен екінші үй арасындағы байланыс үзіледі. Түн сағаты әдетте баяу жылжиды. Күркеге кіріп алған балалардың іштері пысады, ойнағылары келеді. Бірақ, сыртта қасқыр деген қызылкөз аңдып тұр емес пе? Мұндайда қайдағы ойын?

Оның үстіне аналары:

– Бір-бірлеріңнің аяқтарыңнан құшақтап жатындар. Егер қасқыр біреулеріңнің аяқтарыңнан тартса, барлығың оянасындар, – дейді.

Бұдан соң ұйқы ұйқы бола ма? Тысыр еткен дыбыс шықса түні бойы бала біткен елеңдеп, «жаумен» алысып шығады. Үлкендердің де ұйқылары шала. Үнемі көздері ісініп жүреді.

Аналар қашанда жылы-жұмсағын, тәттілерін балаларының ауызына тосады емес пе? Бірақ, суырынды құм ішінде қара нан мен сүттен өзге ауызға ілінетін тамақ жоқ. Әйелдер қой са-



уып, балаларынан артылғанынан құрт, ірімшік жасайды. Тәтті дегеннен бары осы. Оның өзі болмашы ғана. Осында көшіп келгелі әйелдер көлшік жағасынан шұңқыр қазып алған. Соған ызамен шыққан суды тұндырып, ас-ауқатын жасайды. Су ащы болғаннан соң, балалардың іші жиі ауырады. Тағы да аналар шырылдап, қолдарынан келген ем-дом жасайды. Көздері кілегейленген сәбилер ілініп-салынып далаға шығады. Баланың аты қашанда бала, осы тұрыстарына қарамай өзі қатарластарын іздейді, ойнағылары келеді.

Бес-алты тұяғымен көшіп келген болашақ сапқоздың тұрғындарына тағы бір қырсық тап болды. Жайылып жүрген қойлар әлденеден үркіп, шошына қашып, кейбірі бұтаға шабынан ілініп, ішек-қарны ақтарылып өліп жатады. Әуелгіде әйелдер «қасқыр шаптыға» жорыған. Сөйтсе, бәленің басы көкше қоян екен. Бұта түбінде бұғып жатқан көкше қоян оқыс ата жөнелгенде алаңсыз келе жатқан қой безек қағып қашады да, қатты шошынғаны соншалық қосаяқтап секіргенде түрлі бәлеге ұшырайды екен. Малының шығынына күйінсе де құм адамдары осы жәйтті айтып кейіннен күлісіп жүрді.

Құм мінезі де мың құбылады. Бетбақдала жақтан өкпек жел көтеріліп, көкжиекте жоталанып жатқан жалпақ шағылдың жауырынын сыйпап өтсе-ақ болды, артынша құм суырады немесе жаңбыр селдетіп жауады. Ал, шағыл шулап, сексеуілдер сыңсыса, алай-дүлей дауыл тұрады. Кейде құм қиыршықтарын аспанға атып, айналаны шаңға көміп, ызғырық пен боранның екпіні түйені шайқайды. Боран басын бір көтерсе, апта бойы екпіні басылмайды. Мұндайда құм адамдары күркелері мен малын ықтатқан қора-қопсысының іргесін бекітіп, төбесі ұшып

кетпес үшін сексеуіл мен жыңғыл тастап, әуре-Жылдың қай мезгілінде де құм қойнауы жуас мінез танытқан емес. Көктемдегі түнерген бұлт төбеден төніп келіп, жота-жотаны, шағыл-шағылды от жанбырмен аяусыз сабалайды. Көк аспанды оскылап жарқ-жүркеткен найзағайдан ауыл адамдары төбелерінен жай тастап жібергендей үрейленеді. Жауын мен дауыл саптылғанда шағылдар мен жоталардың бастарында, бүйірлерінде ирек-ирек таңбалар қалады. Мұны адамдар табиғаттың беткейлерге жазып кеткен жазуы деп қабылдайды. Жаздағы алапат аптапта торғай екеш торғай да паналар көлеңке таппай шырылдап ұшып жүреді. Ал, сексеуіл мен жыңғыл көлеңкесінде құм кесірткесі ауызын ашып, айбат шегіп тұрады.

Жаратқанның құдіретіне шек жоқ-ау. Қысы-жазы азабы азаймайтын алқапқа сексеуіл сынды жаны сірі өсімдік шығарыпты. «Басқа түссе баспақшыл» деген, адам басқа түссе бәріне де төзеді екен. Табиғаты тамылжыған, тал-терегі аспанмен таласқан, бау-бақшасы жайқалған, төбесінде күні үнемі күліп тұратын ауылдардан келгендер бастапқыда тозаққа түскендей күй кешкендерімен, «адам үш күннен соң көрге де үйренеді» демеуші ме еді, бірте-бірте жан төзгісіз қиындықтармен жабайы тіршілікке де бейімделіп келе жатты.

Бірде үрпийскен шағын ауылға түйеге мінген қарт кісі келді. Ол осында тұрып жатқандардың күркелерінен мес, торсық атаулыны жинап алды. Ауылдан қозы көш жерде Кескентерек тұмасы деген бұлақ бар екен. Әлгі кісі түйесімен сол тұмадан тұщы су тасып беріп жүрді. Мес пен торсыққа қаншалықты су кетеді? Аз суды іші ауырған балаларға ғана шақтап ішкізеді.

«Шықпа жаным, шықпамен» қалт-





күлт етіп күн көріп отырған шағын ауылдың соңынан үлкендер мал айдап, қараша айының соңында ғана жетті. Олар үрпиісіп отырған шағын топтан өз отбасыларын әзер тауып, әркім өз беттерінше әрекет жасай бастады. Аңқау да аңғал ауыл адамдары қуыстағы құм қойнауында қаракөл қойын өсірудің қаншалықты маңызы болғанын ол кезде қайдан білсін?

Соғыс жылдары ЭС-ЭС-ЭС-ЭР деген алып империя АҚШ-тан, Ұлыбританиядан ұшақтар мен танкілер алып тұрады. Әлемдік базардағы бағасының құнды болғаны соншалық, отыз елтіріге бір танк айырбасталады. Бір әйелдің мانتасы отыз елтіріден тігіледі. Демек, жанымыздың жартыларының әрқайсысы бір танкіні арқалап жүріпті.

Мынадай да дерек бар. Ұлыбритания мемлекеті соғыста көрсеткен көмектері үшін алтын сұраған. Сталин елден алтын жинатып, оны кемеге артып, Ұлыбританияға жөнелтеді. Лайнер теңіздің ортасына келгенде қаскүнемдер (бәлкім неміс барлаушылары шығар) кемені жарып жібереді. Соншама байлық су түбіне кетеді. Елде алтын атаулы қалмаған. Мұртты шал ежірейеді. «Басқа алтыным жоқ, қолыңнан келгенін істеп ал» дегенге дейін барса керек. Орыстармен соғысып опа таппайтынын білген ағылшындар алтынның орнына қаракөл елтірісін беруді ұсынады. Бұған келіскен Сталин Түркіменстан, Өзбекстан елдерімен бірге Қазақстанға да қаракөл қой шаруашылығын дамытуды тапсырады.

Қияндағы қойнау тұрғындары бесжылдықтың балғасын солқылдата соғып, қаракөл қойын көбейтуге, оның өнімдерін молайтуға осылай кірісіп кеткен еді. Зымыран уақыт көзді ашып-жұмғанша өте шықты. Совхоз еңсесін тіктеді. Ақшаңқаң үйлер бой түзеді. Мәдениет ошақтары салынды. Бет-

бақдала мен Арқа даласын мыңғырған мал қаптады. Совхоз кеңсесінде одақтық, республикалық жарыстардың жеңімпазы атанғанының куәсіндей Қызыл тулар сап түзеп тұрды. «Өзі болған қыз төркінін танымас» деген мәтел бұл жерге жүрмейді. Бірақ, қиындықтың барлығын алдыңғы толқын еңсеріп кеткендіктен, кейінгі келгендер барлығына өздері ие болып алды.

«Әр ауылдың бір тентегі болады» демекші, әр елді мекеннің өз тіршілігімен қатарадамдары жиналып, ермек етер басыбайлы ойыны, құмарлықтың құрты болады. Айталық, бір ауылдың адамдары қолдары қалт етсе болды тайлы-тұяғы қалмай көкпар шабады. Енді біреулер доп тебеді. Үй аралап, боза ішетін топ тағы бар. Ал, бұл ауылдың адамдарының ермегі ертелікеш «Вилька», қазақшалап айтқанда «Көзір айт» деген карта ойыны. Олар преферанс дегенге жоламайды. Бұл ойын ми қатырады. Преферанс ойнау үшін есеп білуің керек. Онсыз да мал соңында салпақтап, милары есек болып жүргендер есеп шығара алар ма? Бұдан гөрі тез әрі оңай ойналатын «көзір айт» тиімдірек. Әр ойын біткен сайын жеңген жақ та, жеңілген жақ та бірер стаканнан тастап жіберіп отырады. Ойын арасында қарсыласты «жалаңаш» қалдыратын кездер де болады. Егер мұндай мүмкіндік туса, айыңның оңынан туғаны дей бер. Мұндай жеңісті қалайша атап өтпейсің? «Уралап» өре түрегелген жеңімпаздар арғы бабаларынан қалған өштері бардай, бөтелкедегіні сарқа тауысып, босаған ыдысын шеткері ысырып тастайды. Артынша екінші бөтелке кезегін күтіп, мөлііп тұрады.

Жалпы, «көзір айт» деген бұл ойыныңыз әсіресе, қыстық соғыс кезінде тосыннан келген тұмаудай өрши түседі. Жылқы жыққан, түйе шөгерген,



қошқар сойған отбасылар көрші-қоланды шақырып, дәм татқызу бұлауылдың жазылмаған әрі бұлжымайтын қатаң заңы. Мұндай барқадарлы басқосуларда мойындары ілмиіп бірнеше бөтелке тұрмаса, қонақтардың ішкендері бойларына тарқамайды.

Сосынғысы – карта. Қонақ шақыратын үй кемінде қорабы ашылмаған су жаңа бес-алты карта алып қоюы тиіс. Несін айтасыз, бұл ауылдың еркегін былай қойғанда қатын-қалаштарына дейін карта ойнайды. Олар түгілі бесіктен белі енді ғана шыққан балаларына дейін картаның түбін түсіреді. Жаңа түскен келіндер бастапқыда тосырқап жүргенімен, үйренісе келе олар да қатарға қосылады. Өйткені, драмаңыз да, комедияңыз да, мұны азырқасаңыз, эстрадаңыз да осы ойыннан табылады. Араққа сылқия тойып алып, ыржаң-ыржаң етіп, ауызына келгенді айтып қисалаңдап тұрғаны немесе ұйықтап қалып, үстінен танк өтсе де оянбайтын, сол күйінде үйді басына көтеріп қабанша қорылдайтын көкелердің кейпі қай комедияңыздан кем? Кей жеңгейлердің қайны-қайнағаларынан көрсетіп, көрсетпей тартып алған суға елітіп, «дедім-айлатып» шатып-бұтып ән шырқағандары қай эстрададан кем? Айтпақшы, ауылдың алты ауызы деген де бар екен-ау. Оқтауды домбыра етіп сабалап, айтыса кететін ақындардың да жеткілікті екенін айтуды ұмытып бара жатыр екенмін. Дегенмен, мұндай той-тамашаны анау-мынау қалаңыздан табуыңыз неғайбыл.

Ысмағұлдың үйі бүгін ауылдас-тарын соғымбасына шақырып отыр. Ысмағұл әуелі әйелімен кеңес құрды. Қонаққа шақырылатындар тізімі екеуінің де көңілінен шықты. Арақ-шарапқа келгенде де ерлі-зайыптылар жомарттық танытты. Тәйірі, бүгінде

арақты кім ішпей жатыр дейсіз? Жетпей қалып, сараң атанғаннан сақтасын. Алайда, ет жағына келгенде кикілжің туды. Ысмағұл қорада бордақыда тұрған қошқарды сояйық дейді.

– Жақында балалар қаладан демалысқа келеді. Соларға үйітіп сойып берсек, құйқалы ет жеп бір қауяндап қалмай ма? Қалада олар қайбір оңған ет жеп жүр дейсің? Сол баяғы бәліш пе, тоқаш па, солардың біріне алданып жүрген шығар сорлары қайнап,–деп Ырысбала жылап қалды.

– Сен де бір. Адам қонақ шақырып жатқанда қуанбаушы ме еді? Әкең жаңа өлгендей боталап жылағаны несі? Тәйт, әрі! Жаман ырым бастама! – деп Ысмағұл жекірді.

– Балапандарым есіме түсіп...

– Оларды еске түсіретін кезді тапқан екенсің. Одан да абыройды ойла. Ертең қонаққа сопқоз директорының өзі келейін деп отыр. Алдына бас тартпасақ, елден ұят-ты. Тарына берме, кемпір. Құдай жеткізеді,–деп Ысмағұл жұбайын жұбатты.

Тырсылдап жарылайын деп тұрған қара қошқардың мойынына қыларқан түсті. Абырой үшін кетіп бара жатқанын қайдан білсін, көзі алашапыраштанып шегіншектеп, тартынады. Бірақ, қарулы қол жіберер ме? «Сенде жазық жоқ, Ысмағұлда азық жоқ». Біссімідә. Бірақ, Ысмағұлда азық жоқ деген суда балық жоқ дегенмен бірдей. Оның сарайында бір жылқының тұтас еті мен түйенің жарты жілігі керілген арқанда, сым темірлерде солдаттардай сап түзеп тұр. Бұл сарайға кіргендер «баршылықтың базары осында екен-ау» деп ішпей-жемей тойып шығады.

Қара қазанға білем-білем сұр ет, қазы мен карта, жал мен жая салынды. Бас үйітіліп, басқа қазанға қарай кетті. Келіндер ішек-қарын, бүйрек, бауыр, жүрек, өкпеден бәліш пісіріп жатыр.



Сап-сары бауырсақтар шарадан асып және тұр.

Тарам-тарам бөлмелердің екеуі қонақтарға арналып жабдықталды. Келіндер мен қыз-қырқындар әуелі төсеніштерді сыртқа шығарып, қағып-сілкіді. Жұқаяқтан жаңа көрпелер түсіріліп, төселінді. Құс жастықтар қатар-қатар қойылды. Осының барлығы атқарылғанша қас та қарайды. Дәл осы мезетті күткендей қонақтар іркес-тіркес келе бастады.

Жұрт директор Діқанбайды тосты. Ол қолын жуып, төрге озғанда үй ішінде көңілділік пайда болды. Жиналғандар қозғалақтап қалысты. Батадан соң жапатармағай дастарханға қол созылды. Әуелі шай келді. Артынша табақ-табақ ет буы бұрқырап, бөлмелерге хош иіс таратып бес-алты жерге қойылды.

Тамақтан соң қонақтар балалардың совет пен неміс болып ойнайтынындай екіге бөлінді. Бірінші топ сопқоз басшылары еді. Олар сызуға кірісті. Сыза алмайтындар бірер бөтелкенің мұрындарын бұзуға кірісті. Тағы бір топты айтуға тиіспін. Олар «күзір айттың» түбін түсіретіндереді. Ойыншылардың басым бөлігі осы топта болатынын әуелбаста-ақ айтқанмын.

Сопқоз басшылары көп бөгелген жоқ. Бірер партия ойнаған соң, ертеңгі қауырт жұмыстары естеріне түсіп, орындарынан жедел көтерілді. Ысмағұлдың: «Әлі де біраз отыра тұрмадыңыздар ма? Ойын енді қызып келе жатыр еді ғой» деген өкінішіне де, өтінішіне де қарайламады. Діқанбектің өзі кідірмеген соң, басқалар да амалсыздан орындарынан созалаңдап тұра бастады.

Дегенмен, директор бастаған дүмді топ кеткен соң, үйге бір еркіндік енгендей болды. Ойыншылар екпін алып, дауыстары жарқын-жарқын шыға бас-

тады. Мұндайда аламан көкпарда отырғандай екіленіп алатын адуынды, ауызын айға білеп, шатынап шыға келетін шақарлар болады ғой. Бұл ауыл мұндай шақарлардан кенде емес еді. Салқынбек секілді сазбеттер мен Сұлтандай сайтандар ұрынарға қара таппай отыр. Карташыл топ арасында шөже шалдар да, мақамшыл мыстандар да, жұлымыр жыртқыштар да, шақпа тіл шешендер де бар.

Ойынды сотқар Салқынбек бұзды. Қыраулығына басып, қолында бар картасын тастамай, басқасын шиырып жіберді. Мұны мәстен Нұртай байқап қалды.

– Әй, көзіңді оқыра басты ма? Жөндеп жүрсенші! – деп жекіріп қалды.

Басқалар да байқап отырған соң Салқынбек тиісті картаны ортаға атып жіберіп:

– Байқамай қалыппын, – деп ақталғансыды.

– Әбілет басқыр, байқамай қала сың, ә! Кенжебектің ала тайыншасын да байқамай сойып алған шығарсың? – деп Сұлтан оған сүзе қарады.

Әншейінде мұндай кекесінге келсап ала жүгіретін Салқынбек өз сөзіне байланды.

Осы кезде Құттыбай бастап отырған жұп қарсыласын «жалаңаш» қалдырды да отырғандай осы жеңістің құрметіне бір-бір стаканнан тартып алысты. Әлгінде ғана тұтанғалы тұрған отты осы жеңіс жуып-шайып кетті.

Әлден соң Әбен әпербақандығына салып, түйенің орнына шыбын жүрді. Бұл енді ойын ережесін бұзғандықтың нағыз сойқан көрінісі еді.

– Ей, қолыңда түйе тұрып, шыбынды неге жүресің? Көзіңе көк шыбын үймелетейін бе? – деп Ниетқали орнынан ұшып тұрды.

– Сен бе, көзіме көк шыбын үймелететін? Батыр болсаң, далаға шық.



Әкеңді танытып жіберейін, – деп Әбен білегін түрінді.

– Найсап! Осы ашкөздігіңнен жеті жыл темір тордың тарелкасынан ас ішіп келіп едің. Сұғанақтығыңды әлі де қоймапсың ғой, – деп Ниетқали қоразданып қоқилана қарады.

– «Ұры иттің к...тін сұқ ит жалайды» деген. Сұғанақтық сенен қалып маған жетті ғой деймісің? Әйелін Қатша көршінің қыстық соғымынан ұрлағанда қайда қарап отырдың? – деді Әбен де есесін жібергісі келмей.

– Әй, қараң батқыр Қатша! Сүйекке таңба болды-ау ұрлығың. Ел бетіне қарар бет қалдырдың ба? – деп Ниетқали көрші бөлмеде отырған қатпа қара қатынын сыртқа шығарып итше тепкіледі. Жиналғандар жабылып жүріп, Қатшаны байының қолынан зорға ажыратып алды.

– Ей, Ниетқали! Сені әулетіміздің зоры ма десем, соры ма едің? Жерге қараттың-ау, жер болғыр!–деп Насатбай жер тоқпақтады.

Осы екі ортада әйелдер жағы бір көтеріліс жасап басылды. Жұпардың қыз кезінде Ләтешбекпен кездесіп қойғаны, Сағираның қызы оң жақта отырып бала тауып алғаны айтылып, екеуі бірінің шашын бірі жұлғаны болмаса, басқа басбұзарлық байқалған жоқ. Оларды да ащы су табыстырып жіберді.

Ысмағұл мен Ырысбала қонақтарын жалынып жүріп, ішке кіргізді. Карта ойыны қайта қызды. Ортаға тоңазытылған ет, туралған пияз, тұздалған қызанақ пен қияр қойылды. Көкмойындар қайта сап түзеді. Еркектер мен әйелдер бөлмелеріне көңілділік көкмойындармен бірге кірді.

– Тұзды жүр, тұзды.

– Корельді жүр.

– Қиықты тастама.

– Қарғаны таста!

Мұндайда ойынға кірмегеннің барлығы данышпан. Тұс-тұстан жамыраған дауыстар құлақ тұндырады.

– Жыбырламай, сыбырламай отырыңдар, – деп ойыншылар жанкүйерлерге қаншама ескерткендерімен, бойларына қызу дарығандар тыныш отыра алады ма?

«Қашан бір жағы ұтар екен?», «Жалаңаш қалдырса дұрыс болар еді» деп қырау оймен тамақтары жыбырлап отырғандар қаншама! Қанша дегенмен, таудағы түлкіні табындағы тазы алады. Өмірінің басым көпшілігі карта ойнаумен өткен ауыл адамдарының арасында қарсыласының қолында қанша күзір жатқанын көретін көзі рентген-көрегендері де толып жатыр. Бірақ айлакер, құбылмалы мінезді тәсіл еткен қулар мен сұмдар бұл шымға келгенде қоймаларын ашпайды. Тек жанкүйерлерінің сыбырлағанын қоштаған, құптаған кісім болысады. Сөйтіп отырып, ну жынысты тоғай ішіне жып етіп кіріп кетіп, тазыны адастырып, жын қақтырып кеткен түлкідей ыржақтайды. Неше түрлі айламен қитұрқылыққа салып отырып, қарсыластарын сан соқтырып қапыда қалдыратын сүрленген сүлейлер сырттан келген талай мықтының ауыздарын аңқитып, қалталарындағыны сыпырып алған. Сол майталмандар майдандасқан соң оңа ма, ұр да жық ұрыс та, қырбай айтыс та, шымбайға батар шатақ та тұтана жаздап, әуіріммен басылып жатыр. Текемет үстіндегі төсеніш ретінде тасталған газеттің қаншамасының пәршек-пәршегі шықты. Жаңа ғана қорапшасынан шыққан жылтыр карта әп-сәтте-ақ жұлым-жұлымы шығып, жарамсыз болып қалды.

Ысмағұл мен Ырысбаланың шықпаған жаны ғана. «Қайтсек, қонақтардың бабын табамыз?» деп зыр жүгіріп жүр.



Өйткені, кезекті үйге қонаққа барғанда құдалыққа келгендей бар салмақты сала баратындары естерінен шықпайды. Қазан бірнеше рет қайта көтерілді. «Тіске жұмсақ болсын» деп соңыра қоян етінен қуырдақ жасалды. Бірақ, жалаңып отарғандардың жұлымдарына ол жұқта болған жоқ. Ырысбала қаладағы балалар келсе ауыз тисін деп тыққыштап отырған киіктің етінен қайтара қуырдақ жасауға кірісіп кетті. Ырысбала ет турап отыр. Ол киіктің етін турап отырған жоқ-ау, бетін турап отырғандай мұңлы күйде. Жеңсік асты қонақтарға сыйға тартқаннан басқа амал да жоқ. Жылқының еті де босқа рәсуа болды. Карташылар киіктің етінен қуырдақ жеп, бөтелкелердегіні сарқа тауысып болған сәтте таң шапағы әлі біліне қоймаған еді. Соңдарында қимас дүниелері қалып ба-ра жатқандай, үйге жалтақ-жалтақ қарасқан карташылар күртешелерінің жағаларын көтеріп, бүрсең қағып, желден ыққан жылқылардай жөнөп бара жатты.

Мырзабек жылы үйіне кіргенде келіншегі Зұлфия ұйқылы-ояу жатыр екен. Мұның келгенін, теріс қарап тұрып шешінгенін біліп, сырғып, күйеуіне орын босатты. Мырзабек жылы төсекке енген бойы маужырап, қалың ұйқыға гүмп етіп қойып кетермін деп ойлаған. Келіншегінің оттай жанған денесі ұйқысын шайдай ашты. Манаурап жатқан қарасұр келіншегі бері аунап түсіп, қойнына кіре берді Мырзабектің ұйықтап қалған жыланының басы көтеріліп, құмарлықтың мыңдаған құрты жыбыр-жыбыр етіп, есін шығарды. Мауыққан ұрғашы мысықтың ұрыншақ шақтағы мекіренген дауысындай өзгеше бір ынтық үн құлағына келгендей болды. Ол мұндай ләззатты шырын шақты көптеп күтіп жүрген еді. Бүгінгі түн қатарластары-

нан арақты тартына ішкеніне тап осы сәт бек разы.

Ол келіншегінің тоятты сәтті аңсайтынын білмейді емес, біледі. Күн сайын кешкі тамақтан соң елжіремелі бір күйге еніп, қас қарайып, келіншегінің майысып жүріп төсек салғанын асыға күтеді. Бірақ, жеме-жемге келгенде қара басып, ұйықтап қалатыны бар. Қайтып ұйықтамасың? Бұл үйдің балалары бала емес, бақа. Ымырт үйірлі дегенше бақадай шулап, үйді азанқазан етеді. Солар ұйықтасын деп күтіп жатқан Мырзабайды күні бойы дала жұмысынан сілікпесі шығып келгендіктен ұйқы ілестіріп әкетеді. Ол көзін ашқанда Зұлфиясы қарына шелек қыстырып, сиыр саууға шығып бара жатады.

Бүгін сол бір аңсарлы сәттің орайы келе қалғанын көрмейсіз бе? Мырзабек келіншегінің қарызынан құтылып, біраз күн сырғақтап жүруге себеп табылатын болды-ау деп долбар жасап, жанторсығының ыңғайына беріліп, құлақтың сырғалығына қарай қолы сырғып бара жатыр еді, кенеттен терезе қағылды. Әуелі тырс-тырс еткен әлсіз үн естілген. Енді ғой, терезе жақтауларын сындырып жіберердей солқылдатып барады. Мырзабектің талағы тарс айырылды. «Қырсық айналдырғанда, адамдар келмейтін уақытта келеді екен ғой» деп кіжінгенде көзі шапыраштанып кетті. Енді ғана нәркез көзі жұмылып, шуақты шаққа шомылуға дайын келіншектің денесі мұз болып қатып қалғандай болды. Мырзабек шырын шақтың шырқын бұзған әумесердің кім екенін білгісі келіп, дауыстағанда, өзімен картаны жақтас болып ойнаған Жақыптың дауысын жазбай таныды.

– Әй, Жақып! Сенбісің таң бозында келіп тұрған? Тыныштық та әйтеуір?– деп жүре сөйлеп Мырзабек киімдерін



киді.

– Сыртқа шықсаңшы. Сосын айтамын, – деді Жақып жұмбақтай сөйлеп.

Сәл нәрседен секем алғыш көңіл-ай десеңші. Мырзабек те әуелгіде шошынып қалды. Қай-қайдағы есіне түсті. Бойы шымырлады.

Сыртқа шыққанда есік алдындағы сөкі жанында сарайып тұрған Жақыпты көрді.

– Темекінді алып шықтың ба?–деп сұрады тап бір Мырзабек оған шылым қарыздай.

Таң алдында темекіні бірге тартысып жүрген адам да бұлай еркінсімес.

Асып-сасып жүріп темекіні ала шығу ойына қайдан келсін? Мырзабек қайырыла үйіне кіріп, темекі алып шықты. Екеуі сәкі басында темекінің қою түтінін құныға сорып тұрды.

– Үйге жеткенше ойландым. Тіпті, басым қатты. Дөңбекшіп ұйықтай алсамшы, – деді тек тұрғанды жөн санамаған Жақып.

– Түн ішінде не ой сені мазалап, ұйықтатпаған?

– Ойлап-ойлап ақыры таптым. Әлгі қарғаның мәткесі ше? Сен соны бекер жүрдің. Егер шыбынның жігітін жүргенде оларды «жалаңаш» қалдырар едік, – деді Жақып екі езуі екі құлағына жетердей ыржақтап.

Мырзабек ойланып қалды.

– Рас-ей! Шыбынның жігітін неге тастай салмадым екен? Ақымақтық қой. Арақ та санамды сансыратып тастады-ау, шамасы, – деп ақталды Мырзабек.

Әлгінде ғана басталғалы тұрған шырын шағының шырқын бұзған әнгүдіктің тұмсығын бұзып, құлақшекеден ұрып құлатып, қылқындырмақ болған ойының қайда кеткенін өзі де білмейді. Бар ойы картада қай жерден сүрінгенінде ғана. «Бәсе! Бар бәле қарғаның мәткесінде жатыр.

Сол құрғырды тастамағанымда жеңіс біздікі еді» деген сандырақ ой санасын соққылады. Оның бойында жаңа ғана жайнақ көз келіншегімен арадағы ойда-жоқта лып етіп бас көтерген жалынды мезеттің шоғы да қалмады. Өзінің картаны ортаға асығыс тастаған дегбірсіздігіне күйініп, жерге шырт түкірді.

Жақып жасы отыздардан асқан томырықтау, одағай мінездері де бар жігіт болатын. Оның дауысы алғаш естілгенде Мырзабек оны төмпештеп алуды да ойлаған. Бірақ, қазіргі айтып отырғаны тап рас. Шындықтың алдында шешен де шідерленеді.

Екеуі жаңа атып келе жатқан бозамық таңды жаңғырта күлді. «Миларын арақ улаған маскүнемдер! Түнімен ішкендерімен қоймай, таң азымен есектей ақырып, тыныштық бермеді ғой» деп көрші мықыр шал дөңбекшіп, міңгірлеп жатты.

Осы оқиғадан соң Кеңес деген керегелі империя күйреп, сопқоздар таратылды. Шалғайдағы құм қойнауында жұмыссыз қалған тұрғындар «Күзір айттан» басқа ермек таба алмады. Бұрынғы бұрынғы ма, таңертеңнен кара кешке дейін «Күзір айттың» түбін түсіріп, бесжылдықтардың балғасын солқылдата соққылап жатқандай, картаны құлаштап лақтырады да жатады. Тіпті, жерге ұрыла-ұрыла ұсқыны қашқан картаны көріп, ішің удай ашиды. Кейіннен ел ауызында жыр болған «Қарғаның мәткесінен» де қызық оқиғалар бірінен соң бірі орын алды.

Жә, оларды тағы бір кезегі келгенде айтып берермін...

ШАЛ МЕН ШОЛПАН





Ит басына іркіт төгілген мына молшылық заманда алақандай бөлмеде экраны түрменің торындай ғана шағын теледидар арналарына таласып отырамыз деп кім ойлапты? Бүгінде шіренбайларды айтпағанның өзінде қарнына енді ғана шыр бітіп келе жатқан орташаның да әр бөлмесінде бір-бір көк сандық тұр. Қазір үлкендер бір бөлек, немерелер басқа бөлмеде теледидар тамашалайтын үрдіс бар. Әркім өз қалағанын көреді. Бұрынғы бір бөлмеде бәріміз демімізді ішімізге тартып отырып көркем фильм тамашалайтын, кино біткен соң отыра қалып талқылайтын кезең келмеске кеткен. Әке-шешені баладан, баланы әке-шешеден бөліп тастаған құбылмалы дәуірде өмір сүріп келеміз ғой. Ақырын берсін дейміз де.

Хош, тау баурайындағы алақандай ауылға қайдан тап болдық? Үйдегі экраны жарты қабырғаны алып тұрған теледидарды жүрдім-бардым ғана қарағыштайтын біз көне көк сандыққа неге телміре қалдық? Әлде әлем назарын тіккен ғаламат бір оқиға болып жатыр ма? Бәлкім, футболдан әлем чемпионаты өтіп жатқан болар? Әлде қазақтың ұлттық киімі шапанды жамылып шайқас алаңына шығатын Геннадий батырымыздың кезекті айқасы бас-талды ма?

Е, емексітпей турасына көшейін, әлемді тітіренткен жұқпалы індет сансыратып тұрған үрейлі кезде бір білгіш «саумал ішсеңіздер, бұл кесел сіздерді айналып өтеді» деген соң үміт оты жағылғандай болып, бие байлап отырған ауыл іздеп сандалып кеткенбіз. Сәтін салғанда бие байлап, қымыз сапырып отырған отбасы қаладан тым алыста емес, тау баурайындағы ауылдан табыла кеткені. Сол ауылдағы балалары есейіп, әрқайсысы өз алдына шаңырақ көтеріп, нан бұйырған жер-

лерінде қалып кеткен, сондықтан қара шаңырақта қарайып жалғыз қалған қария ертеден таныс болатын. Хабар айтқан да сол кісі. Бір бөлмесін босатып беріп, жағдайымызға қарайласты.

Біз екі кісі болып бардық. Қариямен үшеу болдық. Ол көпті көрген, оқығантақығаны мол қазыналы қарт. Жасы сексеннен асса да жүріс-тұрысы ширақ, сана-сезімі сергек, ақыл-ойы айқын. Келген күні-ақ әңгімеге қарқ етті. Өткен-кеткенді, ескілікті әңгімелерді әсерлі баяндайды. Кішіпейіл, бізді іні санап, іш тартып тұрады.

Тілеу қарттың шаруашылығы да мықты. Аумағы атшаптырым ауласында жеміс ағашының неше түрі жайқала өсіп тұр. Жел шайқап, үзіліп түскен алмаларды жұқалап турап, күн көзіне кептіріп қояды. Саудамен айналысатындар қақтың өзін талап әкетеді екен. Ауланың тағы бір бүйірінде қызанақ, қияр, қырыққабат, жуа, жалбыз, сәбіз, ноқат бар. Бұл жер аласа бойлы шарбақпен қоршалған. Тілеу ата күн сайын таңертең бізге көкөніс жұлып әкеледі.

Жарас тамақ істеудің шебері болып шықты. Қаладан ала келген азық-түлігіміз тоңазытқышқа сыймай қалған. Қуырма дейсіз бе, қуырдақ дейсіз бе, палау дейсіз бе, анау-мынау аспазыңыздан артық дайындайды. Аулаға үстел шығарып, айналасын айнадай етіп тазалап, таңертеңгі және кешкі тамақ ішетін асханаға айналдырып алдық. Басқа шаруа қолымнан келмегендіктен тазалық жағы маған жүктелді.

Үшеуара әңгіме таңертеңнен кешке дейін бір толастамайды. Тілеу ата зейнеткерлікке дейін көпшілікпен етене араласатын мекемелерде қызмет істеген жан емес пе, біздің келгенімізге балаша қуанып қалды. Таңертеңгі сағат сегізде, түсте, түс қайта, күн батар алдында-төрт мезгіл көрші келіншек





Ақеркеден саумал ішіп келеміз. Қалған уақытымыз қарттың шаруасына көмектесумен, әңгімемен өтеді.

Жалғыздықтан жабырқап, шүйіркелесер адам іздеп зарыққан қария сергіп қалды. Бұрын бір-бірімізді сырттай біліңкіресек, енді тонның ішкі бауындай араласып, жасырар сыр да, ішке бүккен құпия да қалмаған. Тілеу қарттың көнелеу, түнеріңкі түңлігінен сәуле себелей бастады. Қартыңыз әлі де тың. Таңертеннен тұрып, түрлі жаттығулар жасайды. Үйінің бөлмелерін қайта құрылымдап, заманауи қалыпқа келтіргісі келетінін айтады. Шарбақтарын күн сайын жамап-жасқап, былайырақ шыққанда ағаш, бұталар сүйретіп келеді.

Бірде Жарас екеуімізді қасына алып ауласының төменгі жағындағы қырға бастап барды. Бұл қазақ-қалмақ қырғыны кезінде батырлардың ерлік көрсеткен жері болып шықты. Осында қазақ батырының құлпытасы тұр. Тілеу ата қазақ-қалмақ соғысынан таратып, біршама әңгіме айтып берді. Әрине, шежіре-тарих әсерлі де қызықты болатын. Алайда, мені Тілеу атаның қырқаға қиналмай, жас жігітше жылдам жүріп шыққаны таңырқатты. Жарас екеуіміз оның жанында кәдім-гідей ентік баса алмай тұрдық.

Қасымыздағы терек көлеңкесін ұзарта біз төмен түсіп келе жаттық. Айнала күнгірт реңге боялып, қоңырлануға тақап келеді. Жым-жырт кештің көңілге әлдебір сағыныш сазын себезгілеп, жүрекке қайдағы бір қимастық сезім сыйлайтын әдеті бар емес пе, үшеуіміз де үнсізбіз. Әркім өз ойымен әлек. Қоңыр кеш көкірекке аяулы бір елжіремелі күй қондырады. Кімді сағындым?

Үйден ұзағалы көп уақыт та өткен жоқ. Отбасындағыларды ойлай да қоятын мезгіл емес-ті. Сонда өне бойды толқытқан бұл не қылған күй? Күнәсіз

балалығымыздың гүл атқан шалғынды шағы ойыма неге орала береді? Бәлкім адам үйреншікті ортадан ұзағанда осындай бір беймаза күй кешетін болар? Әлде тылсым табиғаттың адам санасын тербететін тұңғық тартуы ма?

Бәрі де көпсериялы фильмнен басталған жоқ па?

Іргені түріп кірген іріңді індет жұмысымыздан жырақтатып, далаға аттап шыға алмай, үйкүшік болып қалған жоқпыз ба? Кітап оқуға бас көтертпейді. Солқ-солқ етіп ауырып, желке тартады. Кешқұрым сергіп қаламыз ба деген дәмемен біршама уақыт серуендеп келемін. Алайда, бас сол баяғы бас, солқылдап ауырғанынан таймас. Сырқатымның сыры белгісіз, жамандатқыр кеселден аулақ болғай деп күндіз-түні Жаратқанға жалбарынамын. Таныс дәрігер ауруханаға жолай көрме деп кеңес берген. Дәрі-дәрмектің нешеме атасы ішілді. Ең дауасы – арақ көрінеді. Баяғыда бір емші алдына келген науқасты қарап шығып, көкжөтелге таптырмас дауа деп есектің сүтін ішкізгенін көргенім бар. «Иттің тезегі ем болса дарияға саңғиды» деген рас сөз, жаңа қодықтаған есек таппай саңдалған. Оның орнында арақ табу оңай шаруа болып шықты. Дүкендерде нешеме атасы көздің жауын алып самсап тұр. Расында, түскі, кешкі тамақтың алдында келіншегім шақтап құйып (бұрын ауызымнан жағымсыз иіс шықса бүйідей жиырыла қалатын ол бүгінде өзі бастамашыл болып жүр) әкелген «зәмзәм суынан» тартып алсам, көзім шайдай ашылмаса да кәдімгідей сергіп қаламын. Мұнан соң түріктің «Шексіз сезім» атты шұбыртпалы киносының шытырман оқиғасы ізімен шиырлап біраз жерге дейін ілесіп отырамын. Фильм сюжетінің тым қызықты да тартысты құрылғаны



соншалық, жігіт пен қыздың тілеуін тілеп, таң атыратын жағдайға түскенімді өзім де сезбеппін.

Бүгінде ерінбегеннің барлығы ұласпалы серияларға байланып қалды емес пе? Біздің үйдегі де сондай серия-ларға сұғына кіріп, сағына күтіп отыратындар қатарынан еді. Тіпті, тамақ үстінде де дүниедегі барлық шаруасы түгелденген жандарша келіндерімен әлгі сериялар хақында пікір алмасады. Мұндайда мен «әй, шетелдердің ойдан шығарған күлдібадам, шикі шатпақтарын шиырлағанша, тірліктеріңді жасамайсыңдар ма? Ой, несі-ай бұл, табан астынан мина жарылса да тырп етпей отырып тәрбие-тәлім атаулыдан жүрдай тырақы фильмдерді тамашалап» деп күйіп-пісетінмін. Енді міне, басқа ермегім қалмаған соң әрі көңіл-күйімді көтеруге тіттей де болса септігі тие ме деп белгіленген сағатта теледидар алдына келіп тырп етпей, балауса балғын шағымның елесін іздеп жатырмын.

Есе қайтаруға келгенде әйелдерден өткен шебер жоқ.

– Түрік фильмдерінің түк те тәрбиелік мәні жоқ. Соларды қарап, уақыт өлтіргенше, тірліктеріңді жасамайсыңдар ма деп тықақтаушы едің. Енді неге сүндеттелген балаша теледидар алдында тыпыр етпей шалжиып жатырсың? – деп түйреп өткенде қасарысарға қарсы жауап таппай қиналатынмын.

Әйелдің қарымта шабуылынан құтылып, Тілеу көкенең үйінде де сол «Шексіз сезім» сериясының жалғасын көремін деп ойлағанмын. Алайда, дәл сол сағатта басқа арнада Тілеу жәкеміздің бұрыннан көріп жүрген сарқылмайтын сериясы бар болып шықты. Фильмнің бас кейіпкерлерінің бірі күндей күлімдеген, жаздай жадыраған, ай қабақ, қиғаш қас, шиі ерін, аршын

төс, хаса сұлу Шолпан атты керім келіншек екен. Шолпанның таң шапағындай жүзінде шаттық шуағы үздіксіз төгіліп тұрады. Бетіндегі жұқа қызылы ұяндығынан хабар беріп үлбіреді. Шымқай қара көздері бар ажарын аша түсіп, жалт-жұлт етеді. Күміс күлкісінен қоңырау үні естілгендей, бой шымырлатады. Қуаныш иірімі төгіліп тұрған ақ жүзі мейіріммен мөлдіреді. «Шексіз сезімдегі» түріктің тотыларын ұмыттыра бастағандай ма, қалай өзі? Әлде ақсақалды әдемі әлемінен алыс-татқымыз келмеді ме? Фильмнің соңы немен бітер екен деп қаншама ынтықсам да бұрыннан ынта қойып тамашалап келе жатқан киноны көрейік деп айта алмадым. Ал, Жарас болса бұл уақытта спорт және әлем жаңалықтарын қарайды екен. Ол да енді теледидар алдына Шолпан сұлуды көру үшін келетіндей.

Жасы сексеннің бел ортасына тақап қалған Тілеу көкеміздің жастық шағы жабырқаулы өтпеген. Талай асауға құрық салғанын мақтанышпен айтып отырады. Алпыстан асқанда жиырма бестегі бұраңбелді құшыпты. Одан екі ұлы бар. Бүгінде екеуі де алыс қалалардың бірінде оқып жатыр. Көкеміздің жастай алған жары қазір сол екі баланың тамағын жасап қастарында қасқабақтарына қарап отыр екен.

Кейде кешкі тамақты уақыт созу үшін ұзағырақ ішеміз. Әр қиырдан әңгіме өрбітеміз. Таулы ауылдың кешкі көрінісін тамашалаймыз. Аракідік бау ішінде отырып, кешкі тамақ ішетін де кездеріміз болады. Мұндайда жеміс ағаштарының қалың бұтақтары мен жапырақтары, жемістері тұтасып, аспандағы жұлдыз атаулыны бүркемелеп тұрады. Жұлдызы жоқ аспан сұрқай болатынын сонда аңғардым. Осы бір қараңғылық тұмшалаған тұста да Тілеу көке киноның басталар сәтін қалт жі-





бермейді, бізден сытылып үйіне қарай баяу басып бара жатады. Артынша дастарханды жинастырып, соңынан келеміз.

Тілеу көке төрдегі тұрақты орнынан жылжи-жылжи теледидар алдына төніп келіп қалады. Біздің сәл еркінсіген қимыл-қозғалысымызды қаламағандай сыңай байқатады.

Сыбдырымызды білдірмей қасына келіп жайғасамыз. Ол біздің бар-жоғымызбен ісі жоқ, теледидар ішіне кіріп кетердей сұғына қарап тапжылмай отырады. Бірер сағаттық фильм ешкінің құйрығындай тым қысқа, әнеміне дегенше аяқталып қалады. Тілеу көке киноның тез бітіп қалғанына кәдімгідей қапаланады. «Уф!» деп алып, бізге сұраулы жүзімен қарағыштайды. «Ертең немен бітер екен?» деп сұрап қояды біз киноның жалғасын білетіндей.

Жарас екеуіміз бұл уақытта Тілеу көкеміздің көріп жүрген сериясына жанкүйер болып та үлгерген едік. Шиеліністі оқиғаны талдап, жілік-жілік етіп шағып тастаймыз. Шолпысына дейін ерекше жаратылған Шолпан сұлу қандай мадаққа да лайық. Адамды да осылай хас сұлу етіп жарата береді екен-ау деген оймен ұйқыға бас қоямыз. Тілеу көке өз бөлмесінде қалады.

Тегінде, мына дүниеде түгесілмейтін не бар дейсіз? Бір күні Тілек көке қадағалап, ыждағаттап көріп жүрген ұласпалы фильм шорт үзілді. Тележүргізушінің айтуына қарағанда, фильмнің жалғасы бар сияқты. «Таяуда көріп қаларсыздар» деп емексітіп қойды.

Сол түні Тілек көкеміз дөңбекшіп шықты. Таңертең далаға шықсам, ол екі қолы арқасында құр сұлдермен ерсілік-қарсылы жүр екен. Екі көзі алда, ешбір ойсыз екені байқалады.

– Қайырлы таң, Тілеу көке!—дедім жарқын үнмен.

Ол маған жалт қарады. Көзінде мен бұрын байқамаған мұң бар.

– Тұрсандар, саумал ішіп келіңдер,— деді ол бізге сүлесоктау.

Таңғы аста Тілек көке тағы да тұнжыр қалыпта отырды. Біз әрнені айттып оны көңілдендірмек болдық. Жауырыны ашып тұрғанын желеу етіп көкеміз ашылмады.

Жарас күндегі әдетімен тау өрмелеп кетті. Мен көкеме қарайлап үйде қалдым. Жасай қоятын да алып бара жатқан тірлік жоқ. Тілеу көкеміз бізге қурай басын сындыртқысы келмейді. Бірақ біз жатып алғанды ұят санап, әр жұмысқа бір сұғынамыз.

– Таяуда үйге балаларым келеді. Солардан артылатын не бар? Сендер аз күндік қонақсындар. Қазақ қонағына жұмыс істетіп қоймайды, — деп бізді болмашы жұмыстан арашалайды.

Екеуден екеу отырмыз. Мен дастарханды жинастырып болып, ауладағы гүлдерге су құймақшы болдым.

Таң шапағымен оянған гүл атаулы ерекше құлпырып тұр. Оларға қызығып қарай бердім. Алақаныма салып аялағым келді. Сұлулық шіркіннің адамды мас қылатыны да, есінен адастыратыны да, шаттандыратыны да бар ғой. Көңіл кептерім көкке шарықтап, ой кешіп кетсем керек, көкемнің күрсінгенінен селк еттім.

– Шолпан ше, Шолпан! — деді көкем бір әңгіме бастағысы келіп.

– Иә, — дедім қасына келіп жайғаса беріп.

– Қандай сұлу, ә!

Менің жүрегім аунап түскендей болды. Талшыбықтай талдырмаш, балғын денелі, сұлу да сымбатты Шолпан оның да есінен шықпай жүр екен-ау. Адамда кейде өзіне де бағына бермейтін бір бұла күш, бөгделеу сезім болады. Қанша тырысқаныңмен оны бұғалықтай алмайсың. Иә, адам көңілі



мәңгі жас. Көңіл көкпарын тұсаулай алған кім бар екен? Адамның өзге жануарлардан ерекшелігі де осы сырлы сезімінде емес пе? Ендеше текірек атқан көңілге тоқтам бар ма?

Менің есіме тоқсаннан асқан шағында грузин қызына ғашық болған Жамбыл ағамыз түсті.

Сол күні кешке көкеміз біз келгелі сыр бермеген белінің құяңы ұстап ерте жатып қалды.

– Мағаналаңболмаңдар, айналайындар. Тамақтарыңды асықпай ішіп-жеп, киноларыңды көріп, отыра беріндер. Ертең-ақ тәуірленіп кетемін ғой, – деп көрпесін қымтанды.

Ертесіне де көкем көңілсіз жүрді. Бауға әлденеше кіруші еді, бұл әдетінен де жаңылғандай. Қызанақ пен қиярды, жуаны өзім жұлып әкелдім.

Кешкі хабар тыңдап отырғанбыз. Тележүргізуші «Мөлдір махаббат» сериясының ертеңнен бастап жалғасатынын айтып қалды. Көкем елең етіп, бозамықтанған ақша бетіне қан жүгірді. Қаракөлеңкелі бөлмеде майшаммен отырғанда жарқ етіп электр шамы жанады ғой. Дәл сондай күй кештік.

Ертесіне көкеміз кешті зорға батырды. Үйге бір кірді, бір шықты. Көзін көлегейлеп, қас төбеде шақырайып тұрып қалған күнге қайта-қайта қарағыштады. Түскі тамақтыда құлықсыз жеді. Зарықтырып барып күн де ұясына қонды-ау.

Кешкі тамағымызды асығыс тауысып, теледидар алдына жайғастық. Таныс әуен қалықтағаннан Тілеу көкемнен тағат кетті. Әлден соң фильм де басталды. Бізді «Мөлдір махаббаттың» сазы әлдиледі. Тілеу көкеміз тағы да екеумізді ұмытып, қиял кешті.

Сол түні көкеміз қорылдамай, дөңбекшімей ұйықтап шықты. Ертесіне таңалакеуімнен тұрып, монша жақты. Ыстық буда бой балқып, рахаттанып

қалдық. Бұл да аз екен, кешке көкеміз тағы да әдетінен жаңылып, ортаға бір бөтелке әкеліп қойды.

– Көкеміз жарасымды шағын қайта тапты. Шолпанды көргелі бері ширақ, – дейді Жарас оңаша қалғанда.

Онысы рас та еді.

Ұршықша зыр айналған уақыт шіркін қайтатын кезіміздің келгенін қоңыраулатып хабарлады. Көркем келбетті, келісті тауды, шипалы саумалды қалай тастап кетерсің? Тілеу көкеміздің де бізді жібергісі жоқ. Бірақ көкеміз қимағанмен, тіршілікте кімнің дәулеті түгел? Жарастың күтіп тұрған жұмысы шаш етектен. Біздің де бітірер аздыкем шаруаларымыз бар. Осы есеппен Тілеу көкемен қимай қоштастық.

Шетелдік көлік ылдифа қарай құйынперен заулатып келеді. Алақандай ауыл, сол елді мекеннің ішінде бізге қол бұлғап қалған Тілеу көке бұлдырап сағымға сіңіп кетті. Алдан шулы шаһардың қарасы көрінді. Таудың тұнық та саф ауасын жұтып келген өкпе енді түтінге қақталады.

Беу, бозшолақ атты өткінші өмірай, алдамшы үмітпен адамды алға ұмсындырып қоясың-ау. Алдымыздан ынтықтырған, зарықтырған қымбат, іңкәр дүниеміз, қимас адамымыз шыға келетіндей үнемі ертеңімізден жақсылық күтеміз. Құласақ та, сүрінсек те алға ұмтыламыз. Бір сәттік жарық дүниеде пенде шіркін жақсылыққа, ізгілік атаулыға тойған ба?

Мен «Мөлдір махаббат» көп сериялы фильмі үзілместен жалғаса берсе екен деп тілеп келе жаттым. Көкемнің сұлу Шолпанға көздері шоқтана жайнап қарап отыратын сәті елес беріп өтті.





Нақыпбек САДУАҚАСТЕГІ,
заңгер-құқықтанушы,
публицист

М.ӘУЕЗОВТІҢ «АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАН-ЭПОПЕЯСЫНДАҒЫ ӘДІЛЕТТІЛІК САРЫН

*Әділеттілік – барлық ізгіліктердің ең жоғарғысы.
Цицерон*

Әділеттілік мәселесі – адамзаттың мәңгілік проблемаларының бірі. Бұл бағзы заманнан келе жатқан тақырыптың тұрақты маңыздылығы – оның зерттеуімен көптеген ойшылдар, ғалымдар айналысқаны дәлелдейді. Ежелгі философиядан бастап бүгінгі күнге дейін әртүрлі идеологиялық бағыттар мен ғылыми салалардың өкілдері осы құбылыстың әртүрлі қырларын, оның өмірлік шындықтағы рөлі мен көріністерін қарастырған. Бұл, әрине, кездейсоқ емес, өйткені әділеттілік мәселесі қоғамның барлық әлеуметтік топтарының негізгі мүдделеріне әсер етеді, әр адамның тағдырына қатысты құбылыс. Ол тек ғылыми ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік-саяси си-

патта бола тұра моральдық-бағалау қағидаттарын қамтиды. Адамдардың әділ сезімдері мен бостандықты сүйетін ұмтылыстарын білдіре отырып, әділеттілік қоғамдық прогрестің маңызды тетігі және жеке тұлғаның дамуының, қоғамды демократияландырудың және адамдар арасындағы қатынастардың алғышарты болып табылады. Әділеттілік идеясы барлық әлеуметтік қозғалыстардың ұрандарында, халықтардың ұлттық езгіге және шетелдік үстемдікке қарсы күресінде үнемі қамтылды. Әділдік қағидаттарының салтанат құруы тарих заңы екені анық, өйткені өзінің табиғи-тарихи дамуындағы бірде-бір қоғамдық құрылым адам тұлғасының езгі-сі-не



және иеліктен шығарылуына, әділетсіздіктің қандай да бір көріністеріне негізделе алмайды. Әділеттілік мәселесін зерттеу, ең алдымен, әділеттілік деген не, бұл құбылыстың жеке адамдардың нормалары мен мінезқұлық әрекеттерін қалыптастырудағы рөлі туралы мәселені қарастыруды талап етеді. Бұл құбылыстың табиғаты туралы да, әділ әлемдік тәртіпті орнату мүмкіндігі туралы да әртүрлі пікірлер айтылады. Әрине, әділеттілік ұғымы өзінің мазмұндық мәні бойынша өте кең құбылыс және өмірдің әртүрлі салаларына жатады.

Өркениеттік дамудың әр кезеңінде әділеттілік өзінің ерекшеліктері мен айрықша ерекшеліктеріне сай адамгершілік пен ұтымды әлеуметтік тәртіпті құру жолдарын іздеумен байланысты болды. Сондықтан адамзат өзінің даму кезеңдерінің барлық шағында: «әділеттілік деген не?», «әділ өмір салты қандай болуы керек?» деген сұрақтарға жауап іздеген. Әлбетте, әділеттілікті біржақты түсіндірудің болмауы барлық тарихи дәуірлерге тән. Әлеуметтік топтардың бірінің езгіде, енді бірінің артықшылықта болуына және теңсіздікке негізделген қоғам әділетті бола алмайды.

Ежелгі грек ойшылы Платонның ілімі бойынша «әділеттілік» – басқа адамдармен дұрыс қарым-қатынаста болу қасиеті мен жалпы барлық ізгіліктердің жиынтығы ретінде қаралған. Ал оның шәкірті Аристотель әділеттілікті «мінсіз ізгілік» деп анықтады, өйткені ол жеке адамның игілігі үшін ғана емес, жалпы қоғамның игілігі үшін де бағытталған. Аристотельден кейінгі «Екінші мұғалім, Шығыстың Аристотелі» деп атанған орта ғасырлардағы ең ұлы философтардың бірі жерлесіміз Әл-Фараби әділеттілікті

адамдар мен олардың әрекеттері арасындағы үйлесімділік пен арақатынасты сәйкестік деп түсінді. Оның пікірінше, әділеттілік – бұл заңдарды сақтау ғана емес, әр адам өзіне жүктелген рөлді орындайтын және жалпы бақыт үшін әрекет ететін қоғамның жағдайы. Осылайша, әділеттілік қоғамдық тәртіп пен келісімнің негізі болып табылады. Әл-Фараби іліміндегі әділеттілік – бұл қоғамның үйлесімділігін, жеке тұлғаның дамуын және жалпы бақытқа жетуді қамтамасыз ететін моральдық және әлеуметтік принцип. Оның идеялары бүгінгі күні де өзекті болып қала береді, бұл әділеттіліктің даналықсыз, адамгершіліксіз және биліктің халық алдындағы жауапкершілігінсіз мүмкін еместігін еске салады. Кейінгі философияда (Кант, Роулз) әділеттілік адамның қадір-қасиетін құрметтеумен және әмбебап моральдық қағидаларды сақтаумен байланысты. Осылайша, әділеттілік-бұл адами қатынастар мен қоғамның ақылға қонымды, адал және моральдық тұрғыдан негізделген құрылымы идеалын білдіретін философиялық категория. Сонымен, «әділеттілік» – бұл ақиқатқа, адалдыққа, теңдікке және сәйкестікке негізделген адамгершілік қағидасы, онда барлығы еңбегі, құқықтары мен әрекеттері бойынша сараланып, тиесілі бағаланады.

Қазақ сөздіктеріне де назар аударайық. Кеңес заманында құрастырылған «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» бойынша: «әділеттік» сөзі – «Әділдік, дұрыстық, шындық» ұғымдарымен түсініктеледі (аталған сөздік, 1 том, Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, Алматы-1974, 578 бет). Ал «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» бойынша «әділеттілік зат. қ о ғ. - ә л е у. 1. Әділетті болушылық, әдлеттік жолын ұстаушылық. 2. Ахлақ





нормаларына сәйкес адамдық және қоғамдық қатынас ақиқаты, шындық... (аталған сөздік, 2 том, Арыс, Алматы, 2006, 369 бет).

Кемеңгер ойшыл, ғұлама жазушы, гуманист Мұхтар Әуезовтің "Абай жолы" роман-эпопеясы мұхиттай сарқылмас ауқымды да түпсіз терең ойлы көркем шығармасы өз заманының аса маңызды адамгершілік, әлеуметтік және философиялық мәселелерін көтере отырып, қазақ әдебиетінде теңдесі жоқ ерекше тұғырлы орын алады. Шығарманың «темірқазық» идеяларының бірегейі – басты кейіпкер Абай үшін де, автор М. Әуезов үшін де – моральдық бағдар – тайсалмас, бұлтартылмас әділеттілік. Романдағы әділеттілік қасиет-сипаты ең алдымен Абайдың бейнесімен байланысты. Ол адамдар арасындағы шындыққа, адалдыққа және теңдікке ұмтылатын гуманистік құндылықтардың иегері, жаршысы ретінде әрекет етеді. Қатаң ру-тайпалық күрес, билер мен болыстардың озбырлығы жағдайында Абай шынайы әділеттілік күшке, байлыққа немесе туыстыққа негізделмейтінін бек түсінеді. Романдағы шытырман іс-әрекет бір ғана адаммен күрес емес, тұтас қоғамдық кеселдермен және соларды тудырған адамдармен күрес болып суреттеледі. Ол үшін әділеттілік ақылға, ар-ожданға және адамның қадір-қасиетін құрметтеуге негізделген. М.Әуезовтің өзі айтқандай: «Әділет тілесе – атаңның болсын айыбын айт». Абай қақтығысушы тараптарды татуластыруға, әлсіздер мен кедейлерді қорғауға, кәнігі озбырлыққа, өтірікке қарсы тұруға тырысады. Оның көзқарасы дәстүрлі сот жүйесінен күрт ерекшеленеді, мұнда шешімдер көбінесе күшті және ықпалды адамдардың пайдасына шешілді. Осылайша Абай архаикалық

нормалардан Заңның неғұрлым прогрессивті, адамгершілік түсінігіне көшуді білдіреді. Абай және ескі биліктің басқа өкілдері сияқты кейіпкерлерге қарсы тұру арқылы М.Әуезов екі дүниетанымның қайшылығын көрсетеді. Егер аға буын әділдікті билік пен ықпалды ұстап тұру құралы ретінде қабылдаса, Абай үшін ол халыққа қызмет ету және қоғамды рухани жаңғырту тәсіліне айналады. Осылайша, «Абай жолы» романындағы әділдік-бұл кейіпкердің жеке қасиеті ғана емес, сонымен қатар маңызды әлеуметтік идеал. Абай бейнесі арқылы М. Әуезов әділдік тұлға мен қоғамның үйлесімді дамуының негізі, сондай-ақ халықтың рухани ілгерілеуінің кілті деген ойды бекітеді. Осы тұрғыда М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы 19 ғасырдағы қазақ қоғамындағы әділеттілік пен әділетсіздік құбылыстарының көріністерін шынайылыққа қағидаттары мен реалистік тәсілін негізге алып суреттеген тұстарына назар аударайық.

Ең әуелі болашақ ұлы ақын мендана ойшыл Абайдың адами қасиеттерін, рухани әлемін қалыптартудағы оның әжесі Зере рөлін атап өткен өте орынды екендігі анық ақиқат. Зере Абай балалық шағындағы ең маңызды тұлғалардың бірі. Зере халық даналығының иесі болды: қиссалар, ертегілер, аңыздар, мен мақал-мәтелдер арқылы ол кішкентай Абайды ауызша халық шығармашылығының байлығымен мейлінше таныстырды. Оны «Абай қажымай, жалықпай ылғи ғана ынтыға тыңдайтын». Бұл әңгімелер оның қиялын, сөзге деген сүйіспеншілігін және өз халқының тарихына деген қызығушылығын оятты. Зеренің әдептілік, тәрбиелік әсері де маңызды болды. Ол Абайды адамгершілік, мейірімділік



пен әділдік рухында тәрбиеледі. Өйткені, балалық шақта жақсылық пен жамандық, мінез-құлық ережелері туралы негізгі идеялар қалыптасатыны анық қағида. Дала өмірінің қатал әдет-ғұрыптарынан ада Зере жұмсақтықпен және әлсіздерге аяушылықпен ерекшеленді. Одан Абай адамдарға жанашырлықпен қарауды және қатыгездіктен бас тартуды қабылдады. Зере Абайдың білімге деген ұмтылысын да қолдады. Ол оның қызығушылығына қуанды, оның ішкі әлемін қорғады және оның ерекше мақсатына сенді. Қиын сәттерде оның қамқорлығы мен сүйіспеншілігі бала үшін психикалық тепе-теңдіктің қайнар көзіне айналды. Осылайша, Зере Абайдың тәрбиесіне зор әсер етті. Ол оған руханият-тың, туған мәдениетке деген сүйіспеншіліктің және әділеттілікке деген құштарлығының негізін қалады, ол кейіннен Абайдың жеке басының елеулі, жағымды ерекшеліктеріне айналды. Семейдегі медреседен жаңа ғана оқып келген, кішкентайдан бауырында өскен Абайға әжесі Зеренің: «-Жаман неме, маған бұрын келмей, әкеңе кеттің-ау»-деп наз айтуы орынды да болатын. Бірақ лезде: «Қарашығым, қоңыр қозым... Абай жаным...» - деп, кемсендеп, оны бауырына тартады. Осының өзі әженің немересіне деген ежелден сезінетін ыстық ықыласын білдіреді. Бұл көріністің талай сырды ашып тұрғаны анық. Қазіргі кейбір келіншектер балаларын мейірімі, пайымы мен парасаттылығы мол әжелерден алып қашады. Сондықтан талай балалардың даналықтары мен дарындылықтары, әрқилы қазақиқасиеттері қалыптаспай қалатындығы өкінішті. Бұл, әрине, түзелмес мін емес, сонда да айта кету парыз.

Әжесі Зеремен қоса Абайдың ойпайымының ауқымды да шынайы

ізгілікті болып қалыптасуына үлкен ықпал жасаған өзінің шешесі Ұлжан да болатын. Ол баласына «көбінесе өлеңді сөзді жиі» айтып, неше түрлі «ескі заман жырларын, айтыс, өсиет әзілдерін» көп әңгімелеп беретін еді. Ұлжан халықтың салт-дәстүрін, ана тілінің байлығын қадірлей білген бейне. Оның әңгімелері мен өнегелі сөздері Абайдың сөз өнеріне, ақындық өнерге жақын болуына әсер етті. Құнанбайдың қаталдығына қарама-қарсы Ұлжанның байыпты мінезі Абайға әр істі ақылмен, сабырлықпен асықпай шешуді үйретті. Бұл қасиет Абайдың кейінгі әділ би, ойшыл ақын ретінде қалыптасуына негіз болды. Ұлжан Абайдың рухани әлемін байытқан, адамгершілік бағыт-бағдар берген үлкен тұлға. Анасының мейірімі мен парасаты Абайдың ұлы ақын, ойшыл, әділ азамат болып қалыптасуында шешуші рөл атқарғаны анық. Ағайын арасы татулықты көздейтін ана үміт артқан жеткіншегіне әділдік пен мейірімділікті бойын сіңіре: «-Жамандыққа кім табылмайды дейсін, жан ашырдан айырылма» - деп, осындай жөні дұрыс ақыл да беріп тұратын. Осы ақыл арқылы жас түлек әкесімен арпалысып жүрген Бөжейге сәлем беріп, оның ризашылығына кенеледі. Өскелең жас өсиетші, шерлі Барлас ақыннан да бірталай тәлім-тәрбие көріп, ақыры батасын да алады.

Жас Абайдың адамгершілігі мен мейірімділігі жазықсыз Қодарды жаза лағанда айқын көрініс табады. Оның ойы Құнанбайдың әмірімен өлімге қиылған Қодарды «...әкесіне өмірінде бірінші рет жалынып аяғын құшса да өлтіртпей алып қалмақ еді». Бірақ ол кешігіп қалған еді. Абайға нағыз өлтіруші Жексен шал балып көрінген соң, оған: «-Өй, кәрі малғұн!» – деп, оның желкесінен түйіп қалады. Ол жалт





қараған бойда: «-Не деген имансыз едің, кәрі төбет?!» - дейді. Осы қатігездікке куә болған Абай қатты күйзеліске ұшырайды. Жолай ашуға булыққан бойда тебіренген сезімнен шыққан жасына ерік берді. Бұл қаны қайнаған жас жүректің әдлетсіздікке «дәрменсіз наразылық» көрсетудің күйі еді. Алда Абайдың шыншыл жүрегі талай рет шаншитын құбылыстардың ауқымды да қараңғы қатарлары бой көрсететін кез де жақын еді...

Романда Абай бейнесі арқылы өнер мен білімнің қоғамдағы маңызы терең әрі көркем түрде ашылады. Ол жас кезінен-ақ оқуға, ғылымға ерекше құштар болып суреттеледі. Абайдың халықты қараңғылықтан құтқаратын жалғыз жол білім екенін түсінгенін көрсетеді. «Өзге елде өнер барын, өнер деген таусылмас азық, жұтамас байлық екенін айтып...» келе, Қадырбай ақынға, Абай: «-Елге өнер, білім керек. Оқу, тәрбие керек. Ендігі заман кең жайылыс, ұзақ өріске сеніп, қалың ұйқыны қуат біліп жататын заман емес. Өзге өнерлі елден оқып, үлгі алудың заманы» - дегені, оның елдегі қоғамы құбылыстарды терең түсініп, келешекті игілікті бағытта бағдарлап-болжағанын білдіреді. Оның пайымынша «өнер мен білім» қоғамды өзгерту құралы: халқты өркениетті елдер қатарына қосу үшін ғылым-білімге сүйену қа-жет. Ол өнер арқылы әділетсіздік пен зұлымдықты әшкерелеп, адамгершілік, мейірім, адалдық сияқты асыл қасиеттерді дәріптеуге бар күшін салады. Соңында Қадырбай Абайға: «-Шынға бақсақ, сенің сөзің әділ екен, балам» - деп, созылып кеткен пікір алмастықты тұжырымдайды.

Құнанбай жасы 70-ке келіп, еріксіз кәрілікті мойындап, Абайға болыс бол деп ұсыныс қояды. Ой-санасы жетіліп,

өмірге деген әдлеттілік көзқарасы қалыптасқан болса да, Абай жалпылама қалыптасқан ұғым бойынша «пайдалы» деп түсінілетін ұсыныстан бас тартады. Әкесіне ризашылығын білдіре отыра, ол, халықты билеу үшін өзінің дайыйын еместігін, өйткені ондай адам жан-жақты жетілген, жұрттың мұң-мұқтажын ескеріп, «өзін аямаса да, бұған еріксіз күні түсетін халықты» аяу керектігін айтады. Абай болыстықтан бас тартып, салмақсыз «судыр» тілге икемді, ағасы Тәкежанға лайық екендігін білдіреді. Тәкежан өзіне ұсынылған шенді қызметті «күп» деп қуана қабыл алады.

Болыстық мансапқа қолы жетіп, биліктен мастанып, дандайсыған Тәкежанның Жігітек руына қарсы жасаған қатал әрекеттері мен қоқан-лоқысы жеке басының өшпенділігі мен мүддесі үшін пайдаланудың айқын көрінісі. Ол Жігітектерді Құнанбай әулетіне қарсы тұрғаны үшін қысымға алып, болыстық билікті өрескел пайдаланып, олардан алынатын салықтарды ұлғайтып, мал-мүліктерін тартып алуға қол салады. Қарсылық көрсеткендерді жазалаумен, қуғындаумен сес көрсетеді. Болыстық жүйенің әділетсіздігіне, ағайынның озбырлығына көзі жеткен Абай, ашулана: «-Еркекпен еркекше алысудан жеңілесің де, қатын-балаға батырсисың. Кеше өзі жұтап қап, өзі аштыққа ұшырағалы отырған елдің аузындағы сусынын алып, не беттеріңмен отырсың?! Осымен ең әуелі сот алдында басың кетпей ме? Тамам елді дүр сілкінтіп отырсың. Осыныңнан қайтпай, аман отырып көрші, кәне? - деп, Тәкежанды қорқытып сөйледі. - Сендердің берген ақылың осы ма? Тым құрса, сендер ұялсаң нетті! Қайтартыңдар қазір елдің малын! - деп, Майбасарға бұйыра сөйледі».



Абайдың өзінің болыс ағасы Тәкежанға қарсы шығуы әділет пен зорлықтың, адамгершілік пен озбырлықтың қақтығысы екені анық. Тәкежан өз билігі мен байлығын пайдаланып, кедей-жарлыны, әлсіздерді қорқытып, заңды өз пайдасына бұрғысы келетін адам. Абай Семейдегі тілмаш пен адвокат Ақбасқа (Андреев): « - Рас, болыс менің бірге туған ағам. Сондай жақын кісі болғандықтан қасында отырып, жаман істерін анық көріп, толық таныдым. Жұртқа істеген әділетсіз зорлық, қиянатын көрген соң, үндемей отыруға шыдамадым. Адамшылық қарызы осы деп, әдейі өзім тіленіп келдім.

...Егер ұлықтар, соттар барлық істің хақиқатын білем десе, осы біз сияқты көлденең, қалыс ағайыннан шындықты сұрау қажет деп білеміз... - деді». Бұл эпизодтан Абайдың әділеттілікке деген адалдығы анық байқалады.

Сотта Тәкежан болыстық беделін қорған етіп, қарсыласын қорқыту арқылы жеңбек болады. Ал Абай үшін сот кек қайтару алаңы емес, ақиқатты табу, ел ішіндегі дау-дамайды әділ шешу орталығы болып саналады. Сондықтан ол сөзге де, дәлелге де, заңға да сүйенеді. Сот үстінде Абай парасатты пайыммен істің мәнін нақты ашып көрсетеді, куәлардың сөзі мен жағдайдың шындығын салыстырады. Абайдың сабырлы да нық сөзі жиналған жұрттың да, билердің де көңілін өзіне жағымды түрде аударады. Осы сәтте Абайдың жеке басының беделі емес, айтқан уәжінің әділдігі шешуші рөл атқарады. Тәкежанның айласы мен қатқыл мінезі керісінше, оның әлсіз тұсын әшкерелейді. Абай сотта халықтың ақысын қорғау үшін дәлелге сүйенеді, билікті емес, шындықты жоғары қояды. Абайдың ұстанымы «әділетсіз билікке қарсы тұру – адамгершілік

парыз». Сондықтан Тәкежан оның туған ағасы болса да, сотта онымен арпалысуы заңды да, моральдық тұрғыдан да әділетті. Бұл эпизод арқылы М.Әуезов Абайды халықтың қорғаушысы, әділдіктің жаршысы ретінде айқындайды. Абайдың Тәкежанмен соттағы күресі – жеке жеңіс емес, әділеттің жеңісі. Абайдың сотта Тәкежанды жеңуі – романның идеялық өзегін айқындайтын маңызды эпизод. Бұл көрініс арқылы М.Әуезов Абайды тек ақын, ойшыл ғана емес, әділдікті өмірлік қағидасына айналдырған кемел тұлға ретінде танытады. Абайдың жеңісі – ар мен заңның, адамдық пен парасаттың салтанаты. Бұл жеңіс – Абайдың жеке жеңісі ғана емес, халықтық әділеттің жеңісі. Ол билікке сүйенген зорлықтың алдында ақыл мен шындықтың үстем болатынын дәлелдейді. Абай соттағы шешімі арқылы қалың елге: «Әділдік – күште емес, ақиқатта» деген ой тастайды. Оның жеңісі қоғамды жаңартуға, ескі тартыстарды ақылмен шешуге болатынын көрсетеді.

Абайдың Дәркембай мен Дәрменге араша түсіп, қорғауы – романның басты идеяларының бірі. Дәркембай қарапайым кедей шаруа, қоғамдағы әділетсіздік пен бай-манаптардың зорлығын көп көрген тұлға. Дәркембайдың Қодар немересі, әлі жасөспірім, қорғансыз Дәрменге жанашыр болуы – адамгершіліктің үйлесімін көрсетеді. Осы үшін Дәркембай Құнанбай мен оның «қолшоқпарлары» Тәкежан мен Майбасардан жазықсыз жәбір көріп жатқанда, Абай: «-Килікпендер, арсыздар! Бұның сөзі әкемнің құдай алдында жауап беретін сөзі. Нені ұғып, нені ойлаушендер сендер! Көр кеуде, арсыздар! Меккеге бара жатқанда да әкем осындай күнәм бар деп бара



жатқан жоқ па? – деп, Майбасар мен Тәкежанға ауыз аштырмады. Сол сәтте Дәркембайға бетін бұрып: – Дәркембай! Айтпасыңа болмаған шығар. Орайлы арызың болған қысылшан жерде айтсаң да айыптай алмаймын. Мен қарыздармын әкем үшін. Қарғамай, сілемей қайта бер, жарқын-ным. Сөзің жетті маған. Етім түгіл сүйегімнен өтті. Бар қазір, жүре беріңдер! – деді. Дәркембайды сүйеп тұрғызды да, Дәрменге қалтасынан жүз сом шығарып беріп, ол екеуін жөнелтіп салды». Романның бұл эпизодында әлсізді қорғау, әділетсіздікті жою – адамның шынайы қасиеті екені көрсетілген. Бұл «тайталас» арқылы Абай тек жеке адамдарды ғана емес, жалпы езілген халықтың намысы мен құқығын қорғағандығы айқын байқалады. Дәркембай – адал еңбегімен күн көрген пенде. Байлар мен билердің зорлығы оны үнемі қыспаққа алады. Осындай сәтте Абай Дәркембайдың жағына шығып, оның ақтығын дәлелдеуге тырысады. Абай үшін Дәркембайдың әлеуметтік жағдайы емес, шындығы мен еңбегі маңызды. Ол ескі феодалдық заңдарға қарсы тұрып, адам құқығы бәрінен жоғары екенін көрсетеді. Дәркембайды қысқаша сипаттайтын болсақ, ол жалғыз Дәрменнің қорғаушысы ғана емес, онымен қоса жағдайы төмен жатақтардың да қорғаушысы. «Күйі бірдің күні бір, - дейді Дәркембай.- Туысым-аталасым емес, өзіммен мұны бір, бейнеті бір жатақтар; руым, ұраным да осылармен!». Сонымен, Дәркембай байлардың малын бағып, олардан көрген жәбірге шыдамай, соңында, өзі секілді кедейлермен бірігуге бет алады. Бұл оның байлардан мүлдем аластап отыру шешімі. Пысық та тілге шешен Дәркембай осыдан бы-

лай жатақтарға ақылшы аға ретінде орын тебеді. Өз ортасына айтары бар Дәркембай: «Күштілер нені айтады? Күшсізге еткен зорлығын айтады. Күшсіз нені айтады? Күштіден көрген қорлығын айтады?» - деп, жөнсіз күш көрсететіндерге қарсылық та білдіреді. Жалпы Дәркембайдың романдағы көркемдік бейне-болмысын алып қарасақ, сол әділетсіз қыспалаң заманда, қазақтың ұшы-қиырсыз жалпақ даласында, оған ұқсас жапа шегіп, әділеттікті іздеп, шындықты аңсаған пенделер миллиондап саналғаны анық.

Дәрмен – өнерлі, сезімтал, әділетсіздікке төзбейтін жас. Ол да бай-феодалдардың қысымына ұшырайды. Абай Дәрменнің өнерін, ақындығын жоғары бағалап, оны қорғауға тырысады. Дәрмен арқылы Абай жаңа буынның өшпес үмітін, халықтың рухани күшін анық көреді. Сондықтан оны қорғау – тек бір адамды арашалау емес, болашаққа, өнер мен шындыққа араша түсу болып саналатыны айқын. Бұл – Абайдың әділдік жолындағы батылдығының сипаты. Осы шиеленіскен әрекеттер арқылы М. Әуезов Абайды халықтың жанашыры, әділеттің жақтаушысы ретінде көрсетеді. Абай үшін ең басты құндылық – шындық, адамдық ар мен әділет. Абайдың бойына біткен аса дарынды ақындығы мен парасатталығына қоса осы қасиеттері оны өз заманынан озып туған биік тұлға дәрежесіне көтереді. М. Әуезов бұл тартыстар арқылы әділетсіздікке қарсы күрестің қиын да қасиетті жол екенін мейілінше көркемдік шеберлікпен ашып көрсете келе, Абай бейнесі арқылы адамгершілік пен әділдіктің мәңгілік құндылық екенін шынайылықпен адамзат әлеміне паш етеді.



Романның екінші кітабы қазақ қоғамындағы әлеуметтік теңсіздік пен әділетсіздікті терең ашатын күрделі шиеленістерге толы. Бұл кітапта Абай жеке тұлға ретінде ғана емес, халық мүддесін қорғаушы, әділдік үшін батыл күрескер ретінде айқын көрінеді. Шиеленістердің негізгі өзегі – ескі феодалдық сана мен жаңашыл, гуманистік ойдың қақтығысы. Ең алдымен, болыстық пен билікке байланысты тартыстар әділетсіздіктің басты көрінісі болып табылады. Ел билігін қолына алған болыс-билердің парақорлығы, мансап үшін ар-ожданды аяққа таптауы қарапайым халықтың тағдырын ауырлатады. Тәкежан, Оразбай сияқты кертартпа күштер өз мүддесі үшін шындықты бұрмалап, әлсіздерге қысым көрсетеді. Бұл – қоғамдағы әділ заңның емес, күш пен айланың үстем екенін аңғартады. Сонымен қатар, руаралық тартыстар да әділетсіздікті күшейте түседі. Рулар арасындағы өшпенділік, кек алу, жалған айып тағу бейбіт өмірге қауіп төндіреді. Мұндай қақтығыстарда жазықсыз адамдар жапа шегіп, шындық көбіне ашылмай, жабық күйде қалады. Абай осы әділетсіз ортада ақыл-парасатқа, заң мен адамгершілікке сүйеніп әрекет етуге ұмтылады.

Бірде Абай Майбасардың жеткіншек Байсүгірді таяққа жыққанын естіп, одан бұрын оның малшыларды сабағанын еске алып, зілдене: «- ...Байсүгірді неге ұрдыңыз? Өлі мен тірінің арасында ғарып болып әкесі жатыр. Неге ұрасыз осы ауылдың малшыларын?! ...Осы ауылдың үстіне бір емес, екі емес, қамшы үйіре бермеңіз! ...Бұдан былай тек жүріңіз! Ұрмақ түгіл, зекімеңіз көршілерімізді. Ендігәрі бірдебірін шертпеңіз. Әйтпесе, араз боламыз. Қатты араз боламыз, онда

маған өкпелеуші болмаңыз» - дейді. Абайдың Майбасарға қарсы шығуы – жеке адамға емес, қоғамдағы әділетсіз жүйеге қарсы күрес. Бұл эпизод арқылы М.Әуезов Абайды халықтың әрдайымды қамқоршысы, шындық пен адамгершіліктің жаршысы ретінде танытады. Абай ел ішіндегі болыс-билердің, әсіресе Тәкежан, Оразбай сияқты үстем тап өкілдерінің озбырлығын әшкерелейді. Ол қара халықтың, кедейлердің, жәбір көргендердің сөзін сөйлейді. Бұл әрекеті үстемдерге ұнамайды. Абайды көре алмаған жаулары оны «бүлікші», «ел арасына іріткі салушы» деп жала жауып, үстінен арыз жазады. Патша өкіметінің отаршыл әкімшілігі мұндай арыздарға тез сенеді. Абай надандықты, парақорлықты, заңсыздықты ашық сынады. Сол үшін билік иелері Абайды қауіпті адам санап, уақытша абақтыға жабу арқылы оның беделін түсірмек болады. Абайдың жәбір көрген қалың жұртқа жанашыр болып, болысатын әдетініне қошемет білдіріп, қуанған Базаралы: «- Елім безсе де, сен безбепсің. Бүгінгі Тобықтыда кісі болса, ол сенсің ғой, Абай» - дейді. Болмысы әділ адвокат Андреев Абайға: «-Құтырып барған ұлықты соншалық масқаралап, абыройсыз етуіңіз осал іс емес. Ол – әділ ашудың ісі. Бірақ бұл сіздің азаматтық бағаңызды ұлғайтқанмен, заң алдында әкімдердің ызасын келтіретін іс. Рұхсат етілмеген тентек, сотқар ашу!» - дейді. Абайдың абақтыға отыруы қоғамның әділетсіздігін көрсететін көрініс. М.Әуезов бұл арқылы Абайды шындық үшін азап шеккен, халық қамын ойлаған тұлға ретінде сипаттайды.

Романда қоғамдағы әділет пен зорлықтың, адамгершілік пен озбырлықтың қақтығысы айқын көрсетіледі. Әділеттілік сарыны Абайдың іс-әре-



кеті, көзқарасы және ел ішіндегі дау-шарға араласуы арқылы көрініс табады. Ел арасындағы әлеуметтік теңсіздік, бай мен кедейдің, билік иелері мен қара халықтың арақатынасы айқын суреттелген. Би-болыстардың өз пайдасын көздеп, шындықты бұрмалауы – әділетсіздіктің белгісі ретінде көрсетілген. Осындай ортада Абай әділеттің жақтаушысы болып танылады. Ол билікке емес, шындыққа сүйеніп үкім айтуға тырысады, әлсіздің сөзін сөйлеп, жазықсызға араша түседі. Абайдың әділеттілік ұстанымы – адамгершілік өлшем. Ол үшін әділет дегеніміз – ар-ожданға қарсы келмеу, халықтың мұңын түсіну, күштіге емес, ақиқатқа жүгіну. Сондықтан да Абайдың бейнесі халықтық сана мен гуманистік ойдың өкілі ретінде ашылады. Әділеттілік сарыны романның негізгі идеяларының бірі – қоғамды адамгершілік арқылы түзеу мұратын тереңдетеді. Абайдың әділет жолындағы күресі оқырманды шындықты қорғауға, әділ болуға үндейді. Романда Абай тұлғасының рухани кемелденуін, оның әділет жолындағы күресінің жаңа сатыға көтерілгені айқын көрсетіледі. Абай бұл кезеңде тек ру ішіндегі дауларға араласатын би не ел ағасы ғана емес, халық тағдырына жауапкершілікпен қарайтын ойшыл, моральдық биіктікке көтерілген тұлға ретінде көрінеді. Ол билік пен атаққа емес, ақиқат пен адамгершілікке сүйенеді. Осы арқылы М.Әуезов әділеттілікті сыртқы заңмен емес, ішкі ар-ожданмен байланыстырады. Абай әділеттілікті қоғамды түзеудің басты жолы деп танып, әділ би бейнесінде көрінеді. Оның әділ сөзі халықтың сеніміне айналып, романның негізгі идеяларының бірі – адамгершілік пен туралықты терең ашады. Абай ел

ішіндегі тартыстарға, әлсіздерге жасалған зорлық-зомбылыққа қарсы тұрады. Ол бай мен кедей, күшті мен әлсіз арасындағы теңсіздікті айқын сезініп, билікті жеке мүддеге пайдаланған болыс-билерді әшкерелейді. Абайдың әділеттілігі – бір жақты емес, ол туыстыққа да, руластыққа да қарамай, шындықты жақтайды. Бұл оның Құнанбай жолынан рухани тұрғыда алыстап, өзіне тән жаңа ізгілікті жол тапқанын көрсетеді. Абайдың рухани биіктігі, оның әділет, ақиқат, адамшылық тұрғысынан жоғары деңгейге көтерілуін білдіреді. Ол әділетті сөзбен ғана емес, нақты ісімен де дәлелдеуге ұмтылады. Абай әділет қоғамды түзейтін басты күш, ал әділетсіздік – елді ірітетін қауіпті дерт деп түсінеді. Абай бейнесі халықтық әділеттің өкілі дәрежесіне көтереді. М. Әуезов шынайы биіктік – билікте емес, әділет пен арда екенін ұғындырады. Абай рухани тұрғыдан кемелденіп, әділеттілікті биліктің емес, адамгершіліктің өлшемі ретінде таниды. Ол биікте тұрып, қара халықтың мұңын ұмытпайтын тұлға ретінде көрінеді.

Романда даму заңдылығына сай, М. Әуезов Абайдың ел ішіндегі биік адамгершілік тұлғасы, әділет үшін күрескен қайраткер ретіндегі болмысын терең ашады. Әділеттік сарын Абайдың сөзі, ісі және халықпен қарым-қатынасы арқылы айқын көрінеді. Ең алдымен, Абайдың әділеттілігі оның ел арасындағы даулы істерге араласуынан байқалады. Ол билік пен мансапқа емес, ақиқатқа сүйенеді. Жазушы Абайдың ішкі ұстанымын былай суреттейді: «Абай үшін ең ауыр күнә – зорлық пен әділетсіздік еді». Бұл жолдар Абайдың өмірлік берік ұстанымын аңғартады. Ол үшін әділет – заңнан да, атақтан да жоғары ұғым. Халықтың



қарапайым өкілдері Абайды өзіне тірек, қорған санайды. Себебі ол әлсіздің сөзін сөйлеп, күштінің зорлығына қарсы тұра біледі. Мұны мына жолдар дәлелдейді: «Жапа шеккеннің наласы Абайға жетсе, ол үнсіз қала алмайтын». Бұл жерде Абайдың адам тағдырына немқұрайлы қарай алмайтын, шыннайы адамгершілік иесі екені көрінеді. Абайдың әділеттілік ұстанымы оның билік иелеріне деген көзқарасынан да айқын сезіледі. Ол болыс, би, байлардың әділетсіздігін ашық сынайды. Абай: «Ел билеу үшін ақыл керек, ар керек. Арсыз билік – елдің сорына айналады» – деп халықтық әділет идеясын білдіреді. Бұл ой Абайдың қоғамдағы әділетсіз жүйеге қарсы рухани күресін көрсетеді. Сонымен қатар, әділеттілік тек сыртқы әрекет емес, ішкі ар тазалығы ретінде де бейнеленеді. Абай өзіне де қатал, ол әр істі ар өлшемімен бағалайды. Жазушының: «Абай өз арының алдында ғана емес, елдің алдында да таза болуды ойлады» – деуі соның дәлелі. Әділеттілік сарын – Абай бейнесінің өзегін құрайтын басты идеялардың бірі. Абай әділетті би ғана емес, халықтың ар-ожданы, моральдық темірқазығы ретінде көрінеді. М. Әуезов Абай тұлғасы арқылы әділетсіздікке қарсы тұратын, адамдықты ту еткен ұлы гуманистің бейнесін шырқау биікке көтеріп, оның адами тұлғасын барынша нұрландыра көрсете білген.

Романда ескі феодалдық қатынастардың, рулық тартыс пен жеке бастың өшпенділігінен туындаған әділетсіздіктің көріністері айқын суреттеледі. Әділеттілік мәселесі Абайдың дүниетанымы мен Құнанбай бастаған ескі билік иелерінің іс-әрекеті арқылы салыстыра ашылады. Күшке сүйенген «кек» ұғымы мен адамгершілікке не-

гізделген «әділет» түсінігінің қақтығысы айқындалған. Құнанбай үшін өз «әділеті» - өз мүддесіне қызмет ететін құрал ғана. Ол билікті сақтап қалу үшін қаталдыққа, жазықсыз жанның қанын төгуге дейін барады. Автор осы арқылы феодалдық сананың адам тағдырын аяққа таптайтынын көрсетеді. Бұл қатыгездік мынадай оймен айқындалады: «Құнанбай үшін ел тыныштығынан гөрі өз үстемдігі қымбат еді». Ал Абай бұл жағдайда әділеттіліктің мүлде басқа өлшемін ұсынады. Ол кекке қарсы, қанмен зорлық емес, ақылмен шешілетін жолды іздейді. Абайдың ішкі қарсылығы, рухани толғанысы арқылы жазушы жаңа гуманистік көзқарасты алға тартады. Абайдың ойы мына сөздермен түйінделеді: «Қанға – қан деп кек қуғаннан ел түзелмейді, әділет пен ақыл ғана жұртты бірлікке бастайды». Әділеттілік сарыны әсіресе Абайдың ел ішіндегі зорлық-зомбылыққа іштей қарсы шығуынан көрінеді. Ол әділетсіз үкімге, жазықсыз жанның жапа шегуіне күйінеді. Бұл оның адамды руына емес, адамдық қасиетіне қарап бағалайтын биік ұстанымын танытады: «Адамның жазығы – руында емес, ісінде» - деген Абай ойының идеялық өзегі ашылады. Әділеттілік ескі мен жаңаның тартысы арқылы беріледі. Құнанбай бейнесі арқылы – қатыгез, кекшіл, өркеуде, «қаратүнек» әділетсіз заман көрінсе, Абай бейнесі арқылы – болашаққа жол ашар ізгілік пен шынайы әділеттік құндылықтар арайлап атып келе жатқан таңдай елес береді. Романның осы тұстары Абайдың жалпы ішкі философиялық бағытын айқындап, әділеттіліктің қоғамды жаңартатын басты игілікті күш екенін дәлелдейді.

Романда ескі заманға сай қара халықтың, әлсіздердің құқы тапталғаны көрсетіліп қана қоймай, Абайдың әді-



леттілік жолындағы азаматтық ұстанымы терең ашылады. Басты әділетсіздік – би-болыстар мен үстем топ-тың кедейлерге жасаған зорлығы. «Қарашығын» ісі арқылы ел ішіндегі дау-жанжалдың шындыққа емес, күш пен мансапқа сүйеніп шешілетіні бейнеленеді. Осы тұста Абайдың ішкі қарсылығы айқын сезіледі. Ол халық тағдырына бейжай қарай алмайды: «Зорлық қайда болса, әділет сонда жоқ» - деген ой Абайдың бүкіл болмысын айқындайды. Абайдың әділетке ұмтылысы – жеке адамдарға жанашырлық қана емес, тұтас қоғамды түзеуге бағытталған ақ адал күрес. Ол билік иелерінің заңды өз пайдасына бұрмалауын әшкерелейді: «Би дегенің – елдің ары мен иманы емес пе еді?» - деген сөздері арқылы билердің әділеттен алыстап кеткенін сынға алады. «Қарашығын» ісі бойынша әділеттілік сарыны Абайдың халық жағында болуы арқылы күшейеді. Ол қарапайым елдің мұңын түсініп, олардың сөзін сөйлейді: «Жауыздыққа көну – соған ортақтас болу» деген ұстаным Абайдың моральдық биіктігін көрсетеді. «Қарашығын» ісі әділет пен зұлымдықтың айқасы суреттелген маңызды эпизод. Мұнда Абай бейнесі әділдіктің символы ретінде көрінеді. Жазушы осы жағдайға көңіл аудару арқылы қоғамдағы әділетсіздікке қарсы күресудің қажеттігін, шын әділет тек адамгершілік пен ар-ожданға сүйенгенде ғана орнайтынын оқырман санасына сіңіреді.

Абай уақыт өте ел ішіндегі тартыстарды, билік үшін жасалған қиянаттарды, әлсіздің жапа шегуін ой елегінен өткізіп, өзінің де кей сәттерде дәрменсіз қалғанын ашына мойындайды. Бұл – сыртқы жазадан гөрі ар-ұжданның талабын биік қоятын әділет. Абай үшін «өкініш» ұғымы әділетсіздікке

қарсылықтың бір түрі ретінде көрінеді. Өкініш – өткенді жоқтау емес, қателікті тану және болашақта оны түзетуге ұмтылу. Осы арқылы М.Әуезов әділеттілікті қозғалыстағы, үздіксіз ізденістегі құндылық ретінде бейнелейді. Сонымен қатар, ескі билік жүйесінің озбырлығы, паракорлық пен рушылдықтың әділетке кереғар табиғаты әшкереленеді. Абайдың әділеттілікке ұмтылысы – ой мен сөздің күші арқылы жүзеге асатын рухани күрес. М. Әуезов әділеттілікті уақытша үкім емес, мәңгілік моральдық өлшем ретінде ұсынады. Ұлылықтың қасиеті осы да! Романда М.Әуезов қазақ қоғамындағы ескі феодалдық қатынастар мен жаңашыл, адамгершілікке негізделген көзқарастың бетпе-бет келуін айқын көрсетеді. Әділеттілік мәселесі тек жеке адамдар арасындағы дау ретінде емес, тұтас қоғамның рухани дағдарысын ашатын әлеуметтік-этикалық мәселе ретінде көрінеді. Қақтығыстардың өзегі – билік пен күшке сүйенген үстем таптың озбырлығы. Құнанбай төңірегіндегі билер мен ру басылары өз мүддесін қорғау үшін заңды да, адамдықты да аяққа таптайды. Олар үшін «әділет» – өз билігін сақтау құралы ғана. Осы арқылы автор ескі заман заңдарының халыққа қызмет етпейтінін, керісінше әлсізді езудің тетігіне айналғанын әшкерелейді. Ал Абай бейнесі арқылы М.Әуезов әділеттіліктің жаңа өлшемін ұсынады. Абай үшін әділет – адам құқығын, ақиқат пен ар-ожданды қорғау. Ол дауды күшпен емес, ақылмен, дәлелмен шешуді көздейді. Абайдың араласуы әділеттіліктің халық мүддесіне сай болуын талап етуімен ерекшеленеді. Ол әлеуметтік теңсіздікке қарсы шығып, қарапайым елдің сөзін сөйлейді. Осылайша, әділеттілік сарыны – ескі мен жаңаның тартысын бейнелейтін



идеялық өзек. М. Әуезов әділет тек заңмен емес, адамгершілікпен өлшенуі тиіс екенін көрсетеді. Абайдың ұстанымы романның гуманистік бағытын айқындап, оқырманды әділдікке, жауапкершілікке және рухани жаңаруға үндейді. Қазіргі әлемде болып жатқан дүрбелең, қиямпұрыс құбылыстар көрініс беріп жатқан заманда, осы «үндеуді» жер бетіндегі барша адамдар шынайы ықыласымен ұғынып, өркениеттің дамуының аса құнды тетігі ретінде қабыл алып, игілікті сипаттағы жасампаздық істерді жүзеге асыруға шынайы бет алса – адамзат келешегінің құтты, қайырлы, берекелі болатынына үміт мол болар еді. Соған сенейік, ағайын!

Абай қоғамдағы әділетсіздіктер мен кемсітушіліктерге көз жұма қарамай, «дұрыс пен бұрысты» айыра білетіндігін көрсетеді. Бұл Абай әділеттілікті тек заңдық немесе әлеуметтік тұрғыда емес, адамның ішкі моральдық ұстанымымен байланыстыра қарастыратынын көрсетеді. Әлсіздердің немесе үстемдік көргендердің үні кейде еленбейді, бірақ Абай олардың мұңын түсініп, әділетке шақырады: «Әділет тек қана билікте емес, әрбір жүректе болу керек.» Абайдың әділдігі – жеке мүддені емес, жалпы халық мүддесін бірінші орынға қоюда көрінеді. Абайдың әділет түсінігі – әділдік тек жазалау немесе сыйақы беру емес, адамдардың өзара жауапкершілігі, адамгершілік пен шын-дыққа негізделген. Оның ойынша: «Біреу қашанда кедейдің құтқарушысы болмай, өзі ғана байлыққа тоя берсе, оның әділеті жоқ». Бұл жерде Абай жұт жағдайында байлардың өз пайдасын ғана ойлап, халықты ұмытқанын сынайды. Әділеттілік – қоғамдағы теңдік, мұқтаждарға көмек көрсету. Абайдың әділеті – адамгершілікке негізделген әділет, табиғи заңға сүйенген мо-

ральдық принцип. Ол әділеттілікті тек заң арқылы емес, жүрекпен сезінумен байланыстырады. Абай кезінде әділетсіздікпен күресіп, көп жағдайда жалғыз қалған еді. Бірақ М.Әуезов Абайдың тарихи миссиясын оның өлмейтін сөзі арқылы танытады: «Абай өлді... бірақ оның сөзі өлген жоқ». Бұл ой әділеттің уақытша жеңілістерге мойымай, түптің-түбінде рухани жеңіске жететінін аңғартады. Ол билік пен байлыққа емес, ар мен ақылға сүйенген қоғамды аңсады. Романда оның өмірлік ұстанымы ерекше айқындалады: «Адам болам десең – әділетті бол» деген идея бүкіл ғұмырлық күресінің түйіні іспетті. Ақынның осы ұстанымы халық санасына сіңіп, кейінгі ұрпаққа рухани бағдар болып қалады. Абай көтерген шындық пен әділет халық жадында мәңгі қалады: «Заман өтті, тартыс қалды, ал Абайдың сөзі халықпен бірге жасай берді». Абайдың жеке басының тағдыры арқылы М.Әуезов әділеттің мәңгілік құндылық екенін дәлелдейді. Ақын өмірден өтсе де, оның әділет, адамгершілік, білім туралы ойлары халықтық мұратқа айналып, ұрпақтан-ұрпаққа жол тартады. Бұл – рухани әділеттің салтанат құруы. Абай тірі кезінде толық мойындалмаса да, оның ойы мен сөзі халық санасында сақталып, келер ұрпаққа жол сілтеді. Бұл ойды ақынның: «Өлді деуге сия ма, ойлаңдаршы, Өлмейтұғын артына сөз қалдырған» деген жолдары тереңдете түседі.

Сонымен, қорытып айтқанда, Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының толыққанды қаһармандары «Халық-Абай-Әділеттілік».



Құдияр БІЛӘЛ,
*Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі,
ҚР мәдениет қайраткері*



ЯССАУИ

и а ф б е ж к м н

Қожа Ахмет Яссауи бабамыз өзінің "Кімдер үшін келді Расул?" атты хикметінде:

"Расул қадірін ойладың ба тереңірек,
Сүннетіне бойладың ба әдебі көп,
Расул үшін көрдің бе бір зар еңіреп,
Кімдер үшін келді Расул – білдіңіз бе?" – дейді.

Сіз бен біз мұсылманбыз. Солай бола тұра Яссауи бабамыз "Расул қадірін ойладың ба тереңірек" деген хикметін бізге қарата айтып отыр деп ойлаған да емеспіз. Біз түгілі ол сөзді өздерін діндәр санатына қосатындардың өзі қабылдай қоюы неғайбыл. Қабылдай қоймайтыны, біз Яссауи бабамыз дәуіріндегідей діннің негізгі мәнінен ажырап қалдық. Соған орай дін біздің өмір-салтымыз емес, тек құлшылық, ғибадат деген түсінік қалыптасты. Сол-ақ екен біз діннен, дін бізден бөлінді. Бөлінген соң, біздің өмір-салтымыз басқа бағыт-

қа бұрылып кетті. Бұл – бүгінгі көрініс.

Кешегі күнге келейік. Яссауи бабамыз заманына. Себебі Ұлы ұстаз "Расул қадірін ойладың ба тереңірек" деп сол дәуір адамдарына қарата айтқан болатын. Ал ол дәуір дін-мұсылманның аман кезі. Біз солай ойлаймыз. Алайда Ұлы ұстаз көңілінде күмән бар. Демек ол кез қауымы да тап бүгінгі біздің кейпімізді киіп тұр. Ол кейіп – діннің сыртқы формалық көрінісі. Ал ол – қауіпті көрініс. Бүгінгіден де қауіпті. Бүгін мұсылман мен кәпірдің ажыраған кезі ғой. Ол кезде бәрі бір шекпеннің ішінде жасырын тұрды. Соған орай біздің ата-бабаларымыз өмір-салтына айналып кеткендей көрінетін дін халықтың жанын баурай алмады. Соған орай Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сүннеттік киім үлгісі ұлттық киім ретінде қабыл алынды. Шапанға, тақияға ұлттық ою-өрнектің салына бастауы сондықтан.

Міне, осы кезде Яссауи бабамыз: "Расул қадірін ойладың ба тереңірек",



– деп тіл қатты. Ал ол қандай қадір еді?

Басы ашық жәйт. Дін мен Расул (с.ғ.с.) егіз ұғым. Дін емес, Расул (с.ғ.с.) иманның кепілі. Кәлима шаһадаттың сыңары. Тағы тереңдейік. Ол – рухынның нұры. Ол – Аллалық болмыс. Ол – сен. Сен – Ол.

Егер Яссауи бабамыз айтқандай, осылай тереңірек ойласақ, ойлап қана қоймай соны қабыл алсақ, біз бүгінгі, ата-бабаларымыз сол кездегі болмысынан, өмірсалтынан ажырап ма еді? Сонымен, Расул қадіріне тереңірек ой жіберіп көріп едік, дін өз мәнін қайта тапты. Сол-ақ екен Яссауи бабамыз: "Сүннетіне бойладың ба әдебі көп", – деп қайта тіл қатты.

Ал бойладық. Қалай бойладық, ішіміз де, сыртымыз да нұрланып шыға келді. "Мүминдер туыс қой" деген хадис мәнін де сол кезде түсіндік. Себебі Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сүннеті барша мұсылмандарды сыртқы көріністе де, ішкі әдепте де бір атаның баласындай етіп, жарастырып жіберді. Демек біз де Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) әдебі көп сүннетіне бойлап көрелік. Олар:

1. Көп сөйлемейтін.
2. Жаман сөз айтпайтын.
3. Өзгелермен ерегіспейтін.
4. Сөзі мен ісі сай келетін.
5. Әрқашан ойланып жүретін.
6. Берген уәдесіне берік болатын.
7. Салақтықты жаны қаламайтын.
8. Ешкімнің кемшілігін іздемейтін.
9. Сыпайы және кішіпейіл болатын.
10. Туған-туыстарын құрмет тұтатын.
11. Адал болған азықты алып жейтін.
12. Ретсіз не болса, соны сөйлемейтін.
13. Әрдайым байсалдылық танытатын.
14. Дүние істеріне бола ашуланбайтын.
15. Көрші ақысына қатты көңіл бөлетін.
16. Жүрегі өте жұмсақ, сезімтал болатын.
17. Күмәнді нәрселерден өте сақ болатын.
18. Баршаның қайғы-қамына ортақтасатын.

19. Пайдасыз нәрселермен еш айналыспайтын.

20. Көңілі ұнатпаған мәселеде үнсіз қалатын.

21. Кімге болса да бірінші болып сәлем беретін.

22. Кешірімділігі соншалықты – кек сақтамайтын.

23. Адамдардың әрдайым табысқа жетуін тілейтін.

24. Әркіммен ақылы мен түйсігіне қарай сөйлесетін.

25. Сөйлегенінен гөрі ой үстінде жүруі көп болатын.

26. Жеке басы үшін ашуланып, өзгеден өш алмайтын.

27. Айыбы мен кемшіліктері үшін ешкімді кекетпейтін.

28. Адамдардың қасынан ақырын және күлімдеп өтетін.

29. Сөйлеген кезде айналасындағыларды баурап алатын.

30. Өзгелер үшін жақсылық әкелмейтін сөзді айтпайтын.

31. Жүзінен әрдайым нұр төгіліп, жайдары болып жүретін.

32. Әдетте, жаман сөздерді аузына алмайтын.

33. Сөйлеген кезде кем сөйлеп немесе артық сөз айтпайтын.

34. Үй иесі рұқсат бермейінше, табалдырығынан аттамайтын.

35. Шындық пен адалдыққа келгенде, алдына жан салмайтын.

36. Киім кигенде мақтаншақтыққа жол бермей, орташа киінетін.

37. Ақиқатқа қайшы келетіндей сүйіспеншілікті қабыл етпейтін.

38. Шаш пен сақалдың үрпийіп, шата-сып тұрғанын құптамайтын.

39. Ешкімнің бетіне келіп немесе артынан айыптап кінә артпайтын.

40. Сөйлесіп тұрған кезде жүзін басқа жаққа бұрып алып кетпейтін.

41. Жетімдердің басынан сипап, оларға қамқор болуды бұйыратын.

42. Кез-келген мәжіліске қатысқанда жеке дара бөлініп отырмайтын.



43. Киімнің әдемі киілуін әмір етіп, масқаралыққа түсуін ұнатпайтын.

44. Есігін қағып жәрдем сұрай келген кісінің бетін қағып қайтармайтын.

45. Балалардың бақытты болуын тілеп, оларды қарғауға тыйым салатын.

46. Ар-ұяттың күштілігінен қатты дауыспен күлмейтін, тек күлімдейтін.

47. Адамзаттың ардақтысы болса да, ел қатарлы қарапайым өмір сүретін.

48. Сөйлеген сөздері тізілген моншақтай тартымды, әрі берекетті болатын.

49. Кедейлердің жабырқау көңілдерін көтеріп, оларға мейірбандық танытатын.

50. Сауда-саттықта әдептілігі сондай – ел оны сенімді («әл-Әмин») деп сипаттайтын.

51. Адамдардың ең жомарты болса да, оның жомарттығы оразада тіптен арта түсетін.

52. Кедейлермен қатар отырып тамақтанатыны сондай – олардан ерекшеленіп тұрмайтын.

53. Ізін басқан достарына: «Бұл дүниеде бір бейшарадай, яғни жолаушы секілді бол!» – дейтін.

54. Күнә не, сауап не, әмір не, тыйым не екенін білмейтін адамдардың жағдайына қайғыратын.

55. Өзіне дұшпандық жасағандарды кешіріп қана қоймай, оларға құрмет пен мәрхамат танытатын.

56. Қиыншылыққа немесе әлдеқандай жағдайға түскен кезде әдепсіздікке салынып ашуланбайтын.

57. Қасында отырып ең соңынан сөйлеген кісілердің өзін бірінші кісіні тыңдағандай мұқиятпен тыңдайтын.

58. Адамзат баласының ең мәртебелісі болса да, достарына: «Мені Алланың құлы, әрі елшісі деп атаңыздар», – дейтін.

59. Әйел заты адамдық қасиеттен айрылып қорланған дәуірде: «Жәннат аналардың аяғының астында», – деп, оларға құрмет көрсетілуін айтып, дәрежелерін көтеретін.

60. Ол әрдайым танертең үйінен шығарда: «Иә, Раббым! Тура жолдан ада-

судан және адастырылудан, алданудан және алдандырылудан, хақсыздық етуден және хақсыздыққа бас ұрудан, құрметсіздік етуден және құрметсіздік етілуден саған сыйынамын», – дейтін.

Өзімізге тағы бір назар салайық. Ішіміз де, сыртымыз да нұрланып тұр. Нұрландырып тұрған Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сүннеті. Сол-ақ екен Яссауи бабамыздың: "Расул үшін көрдің бе бір зар еңіреп", – деген хикметі де жанарымызға жас үйіре бастады.

Иә, біз жылайтын болдық. Жылатқан – Расул (с.ғ.с.). Біз бұрын, яғни, дін мен Пайғамбарымызды (с.ғ.с.), жан мен тәнді, Нұр мен Алланы бір ұғым деп қабылдамайтын кезде жыламайтынбыз. Бақсақ, ол кезде діннің ішкі ирімдерімен үндесе алмайды екенбіз. Бізді ол ирімдерге қосқан Расул (с.ғ.с.). Нақтыласақ, Яссауи бабамыз. Соған орай біз де Яссауи бабамызша: "Кімдер үшін келді Расул – білдіңіз бе?" – деп қоямыз.

Қожа Ахмет Яссауи бабамыз өзінің "Кімдер үшін келді Расул?" атты хикметінде:

"Білсең етті, – сағадат-дүр

ол Мұстафа,

Ұқсаң, шіркін, ғанибет – дүр

ол Мұстафа.

Әттең, өкініш, ғинаят – дүр

ол Мұстафа! –

Кімдер үшін келді Расул –

білдіңіз бе?" – дейді.

Сағадат – парсы тілінде бақыт деген мағына береді. Бақыт – барша адам баласының қол жеткізуге талпынған арманы. Біздің Сағадат пен Бақытты кісі есімі деңгейіне дейін көтеруіміз сондықтан. Бірақ қай тілде атасақ та ол сөз мәнін жете түсінбейді екенбіз. Түсінбегендіктен де біз мына өмірдің жанымызды шаттыққа бөлеген қызылды-жасылды сәттерін бақытқа баладық. Байыбына барсақ, мына өмірдің қызылды-жасылды сәттері тасыған



өзеннің көпіршігі тәрізді уақытша ғана алдамшы бір көрініс екен. Алайда сол "көпіршіктің" біздің жанымызды шаттыққа бөлеуі, бұл енді нағыз қасірет. Себебі жанның қалауы ол емес. Ал шаттанған жан – өзгеріске түскен жан.

Алайда біздің өмірімізде әлгіндей "көпіршікті" жағдайлар өте көп. Біз оларды өз өміріміздің ең бір бақытты сәттері деп бағалаймыз. Біздің түсінігіміздегі "сағадат" – сол.

Яссауи бабамыз болса: "Білсең етті, – сағадат-дүр ол Мұстафа", – дейді. Мұстафа – Пайғамбарымыз Мұхамметке (с.ғ.с.) телініп айтылатын есімінің бірі. Мағынасы – таңдаулы, ең таза, өзгеден басым дегенге келеді. Алайда бүгінгі мұсылмандардың: "Менің бақытым Мұстафа", – дей қоюлары неғайбыл. Ол сөзді Яссауи бабамыз заманындағы мұсылмандар да айта қоймаған. Соған орай Ұлы ұстаз: "Білсең етті", – дейді. Сол білгеннің бірі – Мұқағали Мақатаев. Соған орай қазақтың ақиық ақыны бұй дейді:

"Лә Иллаһа Иллалла, мұсылманмын.
Пайғамбарым (с.ғ.с.) жебейді
қысылған күн.

Алса алсын Тағалам ала берсін.
Жүрегімнен Алла атын
ұшырған күн".

Біздің өміріміздегі шуақты кезеңді бейнелейтін "Ғанибет" деген де сөз бар. Соған орай жанымыз шаттыққа бөленгенде еркімізден тыс: "Не деген ғанибет!" – деп қоямыз. Алайда Мұстафа есімі аталғанда әлгіндей сезімге бөлене қоймаймыз. Яссауи бабамыз соны білгендіктен де: "Ұқсаң, шіркін, ғанибет-дүр ол Мұстафа", – дейді. Егер сезіне алсақ, "Ұқсаң, шіркін" деген сөз алауынан жүрегіміз өртеніп кетер еді.

Яссауи бабамыз бізге Мұстафаны таңыту барысында бір сөзінен екіншісін асыра түседі. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) есімін айшықтайтын сондай сөздің бірі – ғинаят.

Ғинаят – қайырымды, жомарт деген мағынаны береді. Мұстафа болса, сол ғинаят иесі.

Біз өз өмірімізде де қайырымды, жомарт адамдарды көп көрдік. Рас, олар қайырымды, жомарт болатын. Бірақ иесі емес. Соны білмегенге өкініш болсын. Бұған қоса Яссауи бабамызша: "Әттең!" – деп қоямыз.

Яссауи бабамыз Пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафаға (с.ғ.с.) тән сағадат, ғанибет, ғинаят сынды арда қасиеттерді бізге "Білсең етті", "Ұқсаң, шіркін", "Әттең, өкініш" дей келе, сөз соңын: "Кімдер үшін келді Расул – білдіңіз бе?" – дейді.

Егер білсек, әлгі сөздер мәні бізге де ашылар еді. Рас, ол сөздер мәні бізге жат емес. Бірақ біз ол сөздерді Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) тыс қабыл алдық. Соған орай әлгі "тысты" өз болмысымыздың құрамдас бөлшегі еттік. Бұл тұрғыда Абдулқадир Жейлани хазреті: "Ей, ұлым! Құранмен амал ету сені Құранның мәртебесіне көтереді. Сол биікке отырғызады. Ал, Сүннетпен амал ету, сені Аллаһтың Расулына (с.ғ.с.) жақындатады", – дейді. Ал біз амал еткен нәрсе бізді Алладан да, Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) да алшақтатты. Яссауи бабамыздың: "Кімдер үшін келді Расул – білдіңіз бе?" – деуі сондықтан.

Қожа Ахмет Яссауи бабамыз біз тілге тиек етіп отырған "Кімдер үшін келді Расул?" атты хикметін былайша түйіндейді:

"Құл Қожа Ахмет, қылды сені
жат күш қапа,
"Қылғай опа үмбеттерім
жаккыш жапа", –
Үмбеттерге осылай деді
хақ Мұстафа,
Кімдер үшін келді Расул –
білдіңіз бе?"

Діни тұрғыда саралағанда Яссауи бабамыз заманы мен бүгінгі күннің



пәлендей айырмашылығы жоқ. Дінге деген халықтың сенімі бүгінгі күні қандай болса, ол кезде де сондай. Алайда ол кездегілер сыртқы формалық тұрғыда түгелдей діндәр сияқты көрінетін. Ал байыбына барсақ, олардың бізден түк те айырмашылығы жоқ. Дегенмен біздің діннен алыс екендігіміз заманауи киім үлгіміз бен жүріс-тұрысымыздан-ақ көрініп тұр. Ал ол кездегілердікі көрінбейді. Өздеріне, сондай-ақ өз дәуірінің дін ғұламаларына көрінбейді. Ал Яссауи бабамыз үшін әлгі діндәрлардың бәрі жалаңаш жүрген тәрізді. Оларды "жалаңаштаған" – жат күш. Ұлы ұстазды қапа қылатын сол жат күш.

Ал сол жат күш бізді қапа қыла ма? Біз өзі ол "күшті" жат деп білеміз бе? Байыбына барсақ, ол күш бізге заман болып келді, ол күш бізге қоғам болып келді, ол күш бізге мәдениет болып келді, ол күш бізге білім болып келді. Ең қауіптісі – ол күш бізге дін болып келді.

Біз ол күштердің ешқайсысын да жатсынған жоқпыз. Біз сол күштер әкелген "игіліктердің" бәрін де қабыл алдық. Ол қабыл алу хакім Абай өлеңінде былайша көрініс берді:

"Әркімді заман сүйремек,
Заманды қай жан билемек?
Заманға жаман күйлемек,
Замана оны илемек".

Біз өз заманымызға иленген ұрпақпыз. Себебі қарсы тұра алмай сол заман ыңғайына жығылды. Хакім Абайша айтсақ, күйледік.

Ал Яссауи бабамыз болса өз заманы ыңғайына бой алдыра бастаған барша мұсылмандар иманын сақтап қалды. Себебі жат күшке қарсы тұра алды. Бұл тұрғыда Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) арқа сүйеді. Сол-ақ екен хақ Мұстафа: "Қылғай опа үмбеттерім жақкыш жапа", – деп дұға жасады. Ол дұға Яссауи бабамыз аузымен қайта жаңғырды. Сол-ақ екен Расул (с.ғ.с.) көрініс бере бастады. Ол – Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сүннеті болып орал-

ды; ол – Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) көркем мінезі болып қайта оралды; ол – мұсылмандардың әдебі болып қайта оралды; ол – Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) туған күнін ұлықтайтын Мәуліт болып қайта оралды; ол – ұлттық болмысы жаттана бастаған бізді қайта қазақ етті. Барша мұсылмандарды осылайша заман илеуінен аман алып қалған Ұлы ұстаз оларға қарата: "Кімдер үшін келді Расул – білдіңіз бе?" – деп қойды.

Сол сауал енді бізге қойылып отыр.

Қожа Ахмет Яссауи бабамыз өзінің "Кепіл болам" атты хикметін былай деп бастайды:

"Әуелі – һу, ақыры – һу деп,
өзіңнен кет,
Хақ Жамалын көрсетпесе,
кепіл болам.
Хақ жолына кемел жан
боп төзіммен жет,
Хақ жамалын көрсетпесе,
кепіл болам".

Сіз бен біз мұсылманбыз. Анау да, мынау да мұсылман. Өздерінше тақуасынып жүргендер де баршылық. Әлеуметтік желі бетінде діндәрлар уағызына көз сүрінеді. Дінге жаңадан бет бұра бастағандар қай діндәр уағызына құлақ түрерін білмей, әрісәрі күй кешеді. Соларға айтарымыз, егер әлгілердің ішінде біреу суырылып шығып: "Хақ Жамалын көрсетпесе, кепіл болам", – десе, сол ұстаздың етегінен ұста. Ол ұстаз Алланы арғы әлемде емес, осы дүниеде көрсетуге кепіл болсын. Ол үшін не істеу қажеттілігін де бізге міндеттесін. Соны жасай алмасақ – бізге серт, Алланы көрсете алмаса – оған серт.

Осындай келісімге Яссауи бабамыз басын тігуде. Соған орай "Кепіл болам" деген сөзді Алла алдында айтып отыр. Ал біз біреуге кепіл бола аламыз ба? Алланың алдында емес, осы өмірдегі іс-әрекетіне, уәдеде тұратындығына,



алдап кетпейтіндігіне, пендешілікке бой алдырмайтындығына, діни ғибадатты бір Алланың ризашылығы үшін жасайтындығына сенім білдіре аламыз ба?

Бұл сенім байыбына бару үшін оның мәнін Антпен бекітейік. Ант та әрқилы. Президенттер анты; министрлер анты; депутаттар анты; дәрігерлер анты... Осылай жалғастыра беруге болады. Рас, біздің есімізден шыға бастаған тағы бір Ант түрі бар. Ол Ант – кешегі КСРО мемлекетіне тән болатын. Тарқатып айтсақ: пионерлер анты; комсомолдар анты; коммунистер анты.

Біз тізбектеп шыққан "Анттардың" ішінде берген антына бекем болғандар – КСРО мектебінің түлектері. Егер КСРО-ны дін деп қабылдайтын болсақ, кез келген парторг, не коммунистік партияның хатшысы: "Хақ Жамалын көрсетпесе кепіл боламын", – деп айта алады. Себебі олар өздеріне сенімді еді. Сол сенімдері арқасында олар Бар Құдайды жоқ ете алды. Олар дінді ұстанғанда тап сол сияқты Құдайды көзімізге көрсетер еді. Сонда қаптаған дін ғұламалары Алланы көрсетуге кепілдік бере алмай тұрғанда, қайдағы бір діннен безгендер бізге Құдайды қалайша көрсете қоймақ? Жауап айқын. Себебі олар өздерін жоқ ете алды.

Ұғынықтылық үшін, коммунистер сенім артқан идеяны Құдай деп қабыл алсақ, олар сол құдайы үшін құрбандыққа бара алды. Рас, біздің діндерлер да Алла үшін құрбандыққа бара алады. Бірақ екі құрбандық мәні бір емес. Діндерлер өз құрбандықтары барысында Алла атынан өзгелерге қиянат жасайды. Ең сорақысы – өзін жарып жібереді. Ал коммунистер өзін жоқ етеді. Идея (құдай) бар, өзі – жоқ. Ол жоқ болу да "тақуалықтарына" орай әрқилы болып келеді. Мәселен олар идея (құдай) үшін өзінің басын жұтатын сынақтарға бара алады. Бұл – адам баласы өзін материалды тұрғыда жоқ ете алуы.

Осы жоқтық руханиятқа да тән. Ол үшін Яссауи бабамыз айтқандай: "Әуелі – һу, ақыры – һу деп, өзіңнен кет". Себебі "һу" – зікір. Ал өзің – материя. "һу" – сені материядан алып шығатын зікір. Егер сол зікірді ұдайы салатын болсаң, салғанда да тілмен емес, жүрекпен салсаң, біртін-біртін өзіңді жоқ ете бастайсың. Сен жоқ болған сайын Бар алға шығады. Бар – Алла. Сол кезде "Әуелі һу" – сені материядан ажыратады. Ал "ақыры һу" – сені Аллаға қосады.

Себебі "һу"-дың өзі Алламен тұтасып тұр. Біз соған орай Аллаға бет бұрған кезде "Алла+һу ақбар" деп жатамыз. Осы тұтасуды өз көзімен көріп тұрғандықтан да Яссауи бабамыз: "Хақ Жамалын көрсетпесе, кепіл боламын", – дейді.

Қожа Ахмет Яссауи бабамыз біз тілге тиек етіп отырған "Кепіл болам" атты хикметінің келесі шумағында:

"Лә иләһа илл-Алла-лап

зарлы түнің.

Өткей; жәрдем бер кім айтса

Хақ зікірін.

Пірімұғанға қызмет қылсын

бар бітімің,

Хақ Жамалын көрсетпесе

кепіл болам", – дейді.

Егер "Хақ жолына кемел жан боп төзіммен жетсең", сондай-ақ түнімен Алланы зікір етсең, онда Яссауи бабамыз айтпақшы Алланың Жамалын көретінің кәміл. Себебі бұл – тариқат жолы. Иесі – Пір. Ұлы ұстаздың өзі. Демек Ол Хақ Жамалын көрсетуге кепіл болсын десең, онда "Пірімұғанға қызмет қылсын бар бітімің".

Байыбына барсақ, "һу" деп басталған зікір "Лә иләһа илл-Алла"-ға жетті. Бұл тұрғыда Яссауи бабамыздың өзі "Лә-лә" дедім – Алла болдым", – деген.

Сол зікірді біз де салдық. Тілмен емес, жүрекпен салдық. Ал жүрек Аллалық мекен. Біз де сол жердеміз. Соған



орай зікір бізді өз негізімізге қосты. Біздің негізіміз – Аллалық болмыс. Сол болмысқа қосылған кезде көз жа-сыңды тыйя алмайсың. Бар күнән жанарыңнан жас болып ағады. Ондай "зарлы түн" қайталанған сайын өзін де пәктене түсесің. Пәктенген соң өзге зікір салушылар үнін ести бастайсың. Ал ол зікірді бүткіл жаратылыс айтады. Соған орай Яссауи бабамыз: "Жәрдем бер кім айтса Хақ зікірін", – дейді.

Сонымен зікір салу арқылы бірта-лай дәрежеге қол жеткіздік. Соған орай бүкіл жаратылыстың: тау-тастың; аң-құстың; өзен-судың тілін білдік. Біз тіпті Алла деп зікір салғандарға ғана емес, дін-мұсылманға зәбір көрсету-шілердің өзіне мейірім танытатын бол-дық.

Осы жерде қауіп бар. Басты қауіп – зікірдің өзі. Себебі біз Аллаға қол жеткіздік. Қол жеткізіп қана қоймай, Алланы меншіктеп алдық.

Міне осы ой бізді Алладан бөлді. Қалай бөлді, билік шайтан қолына өтті. Сол-ақ екен, сиқырлы әлем қойна-уына сүнгідік те кеттік. Ал ол – шай-тан әлемі. Кереметтері де ешқашан түгесілмейді. Пірінен қол үзген мүрит-тер сол "кереметтердің" ішінде жүреді. Бұл тұрғыда хакім Абай:

"Алла деген сөз жеңіл,

Аллаға ауыз қол емес.

Ынталы жүрек, шын көңіл,

Өзгесі хаққа жол емес", – дейді.

Байыбына барсақ, Абай атамыз айтқан "Ынталы жүрек, шын көңіл" өз Піріңе болу керек. Яссауи бабамыз соған орай: "Пірмұғанға қызмет қыл-сын бар бітімің", – дейді.

Ұғынықтылық үшін айтайық. Зікір сеніңкі емес. Зікір – Алла есімі. Сен оған өзінді жоқ ету арқылы қосыласың. Ал сенің өзінді жоқ етуге шамаң жоқ. Алайда өзін жоқ еткен адамдар бар. Соның бірі – сенің Пірің. Соған орай сен зікірді сол болып саласың. Міне осы зікір сені жоғарғы дәрежеге көте-реді. Себебі сен зікірді Яссауи баба-

мыздың: "Алла деген жаның күйіп, отың шықсын, "hy" дегенде сүйегіңнің бәрі жансын, бауырың ісіп, өкпең тесі-ліп еріп ақсын", – дегеніндей етіп жа-сай алдың. Алайда зікір ләззатына бө-ленгендіктен Ұлы ұстаздың одан кейінгі: "Ақпайды ол Пір қызметін қылмайынша", – деген хикметін ұмыт-тың. Соған орай Яссауи бабамыз біз тілге тиек етіп отырған хикметінде де: "Пірмұғанға қызмет қылсын бар бітімің", – дейді.

Бітім – өзің. Қызмет – өзінді Ол ету. Ол – Пірің. Алла да сол. Яссауи баба-мыз сен солай еткен кезде: "Хақ Жамал-лын көрсетпесе, кепіл болам", – дейді.

Қожа Ахмет Яссауи бабамыз өзінің "Кепіл болам" атты хикметінде одан әрі бұй дейді:

"Лә иләһа илл-Алланы" тіліңе сал,
Діліңе сал, әр тыныста нұрын ашар;
Сол Пірмұған назар бұрса

түріңе сәл –

Хақ Жамалын көрсетпесе

кепіл болам".

Сонымен зікір үстіндеміз. Тіліміз-бен Алладан басқаны жоқ еттік. Бұл – жария зікір. Енді сол зікірді діліңе сал. Бұл – құпия зікір. Мәні құпия. Көрінісі – жария. Барлық тариқат осы мәнде үндеседі. Зікір жанды баурағанда әр тыныс, әр дем (hy) Аллаға айналады. Сол кезде әр сәт сайын өліп-тіріліп оты-расың.

Байыбына барсақ, адам баласы тек Алламен бірге болған кезде ғана тірі болады. Мәселен, біз кеше тірі едік. Себебі кеше Алламен бірге едік. Бүгін де тіріміз. Себебі бүгін де Ал-ламен біргеміз. Ертеңгі күні өлі, не тірі болатынымызды бір Алла біледі. Неге Алла біледі? Себебі біз тірі бо-луымыз үшін Алла бізбен бірге болуы керек. Ал Алла бізбен қай уақытта бірге болады? Міне, осы сауал жау-абы зікір үстінде мәлім болады. Со-нымен зікір үстіндеміз. Алла бізбен





бірге. Ол біз-дің жанымызға бір жұ-
тым ауа болып қуат берді. Өмір – сол.
Біз өмірді Алла бізбен бірге болған
кезде сүреміз. Тыныс шығардық (һу).
Біз Алласыз қалдық. Байыбына бар-
сақ, дем шыққан сәт – өткен шақ. Ол
сәттің кешегі күннен еш айырмасы
жоқ. Себебі екеуі де қайтып келмейді.
Ал жұтатын ауамыз – келер шақ енші-
сінде. Ол ауаның ертеңгі күн жұтуы-
мыз, не жұтпауымыз мүмкін ауадан еш
айырмасы жоқ. Демек, біз демімізді
шығарған сәтте өлі боламыз.

Бұл – зікір үстіндегі хәл. Бірде –
күлесің, бірде – жылайсың. Енді өліп-
тіріліп жатқаныңды көріп тұрсаң, Ал-
ламен ғана бар болып тұратыныңды
білсең, "Алла", "Алла" деп зар илеме-
генде қайтесің? Сен ғана емес, бүкіл
жаратылыс сол зікірді салып тұр.
Олардың бар болуы – Алланың бар
екендігінің дәлелі. Егер Алла болма-
са сен де, ол да, анау да, мынау да,
тіпті барлығы бір пәсте жоқ болып
кетеді. Оның солай болатынын зікір
үстінде көріп отырасың. Соған орай
қай сопының да қолы істе болғанымен,
жүрегі Алламен бірге болады. Сондық-
тан да оларда "ширк" деген ұғым бол-
майды. Себебі олар қай заттан да тек
Алланы көреді.

Ал Алла бұларды көре ме? Көреді.
Ол сәтті Яссауи бабамыз: "Сол Пір-
мұған назар бұрса түріңе сәл", – дейді.
Хақ назары сол. Сол екендігін Ұлы
ұстаз: "Хақ Жамалын көрсетпесе,
кепіл болам", – деп айғақтай түседі.

Зікір мәнін шамалы сезіну үшін
бүгінгі сөз соңын өзімің бабам
Құлмбет (Құл Мұхаммед) Ишанның
"САХАР ТҰРЫП ҺУ ДЕГИЛ" атты
толғауымен түйіндегенді жөн көрдім:

Бисмилла – істің басы – дүр,
Айтбағандар асы – дүр.
Шайтан – пенде қасы – дүр,
Сахар тұрып һу, дегил!

Сахар тұрып тахарат қыл,
Құдайыңа ғибадат қыл,

Күнәңа куфарат қыл.
Сахар тұрып һу, дегил!

Сахар тұрып қыл намаз,
Құдайыңа айт, раз.
Көріңе болар ол сыраж.
Сахар тұрып һу, дегил!

Сахарда оқы сажданы,
Құдадан тіле хажатни,
Дозақтан берер нажатны,
Сахар тұрып һу, дегил!

Сахар тұрып, бол қайым,
Ғибадатты қыл дайым,
Күнәңды кешер Құдайың,
Сахар тұрып һу, дегил!

Сахар тұрып жыла зар,
Жыламақты қылма ар,
Күнәңды кешер Паруардигар,
Сахар тұрып һу, дегил!

Қараңғы кеште мехнат қыл,
Нәпсіңізге захмат қыл,
Көріңізде рахат қыл,
Сахар тұрып һу, дегил!

Сахарда айтсаң бір Алла,
Айтқандай болар мың Алла,
Жүзің жарық болар таңла,
Сахар тұрып һу, дегил!

Аллаға қыл ғибадат,
Тағатын қыл хийадат,
Аллаға қылма қиянат,
Сахар тұрып һу, дегил!

Алланың қыл парызын,
Мойныңнан құтқар қарызын,
Қабыл болғай арызын,
Сахар тұрып һу, дегил!

Сахарда айтқыл истиғифар,
Барында жаның істеп қал,
Нәпсіңізді күштеп қал,
Сахар тұрып һу, дегил!

Сахар уақыты болғанда,
Нида айлар харуслар,



Сонда жақсы тұруслар,
Рахмет бабы ашылып,
Нурға толар ыдыслар,
Сахар тұрып һу, дегил!

Сахарда зікір айтқанға,
Періште айтар қосылып,
Рахмет қылар бір Алла,
Иманын тасар жош ұрып,
Сауабыңды көп қылып,
Күнәнді қояр өшіріп,
Сахар тұрып һу, дегил!

Сахар тұрып һу десең,
һу-ың жетер ғарышқа,
Қиаметтің күнінде
Барша түсер жарысқа,
Қатарыңнан қалыспа.
Сахар тұрып һу, дегил!

Ата-анаң қаян кетті,
Енді нәубат сенге жетті,
Өзінің білген пікірін айтты,
Сахар тұрып, һу, дегил!

Сахар уақыты тұрындар,
Қызыметке бел буындар,
Күнәхынды жуындар,
Сахар тұрып һу, дегил!
Сахар тұрып һу! дегін!

Күнаңізден бол фарығ,
Көріңізді қыл жарық,
Күнәңізді кешер Ол Халық,
Сахар тұрып һу, дегил!

Сахар тұрып жыласаң,
Күнаң барша өтелер,
Ғарышқа ісің жетелер,
Шайтан лағын аетелер.
Сахар тұрып һу, дегил!

Ай Күл Ахмед таубе қыл,
Жасыңны білмен неше жыл,
Кетеріңнің пікірін қыл,
Сахар тұрып, һу, дегил!

Көзімізге бергил жас,
Көңілімді қылма тас,

Дәрғағыңа ұрдым бас,
Сахар тұрып, һу, дегил!

Күнәмды кеш, иа, Ғаффар!
Айыбымды жап, иа, Саттар!
Мен ғаріпте не гап бар?
Сахар тұрып, һу, дегил!

Күнәміз таудан ауыр, кішкене емес,
Құдайым ғафу қылса, ештеме емес,
Лә иләһә илла Алла! – деген пенде,
Тозаққа еш уақытта түскен емес.

Сахар тұрып, һу, дегил!
Хорасан баба затымыз,
Құдай қабыл қылмаса,
Неге жетер датымыз.
Күл Мұхаммед атымыз,
Сахар тұрып, һу, дегил!

Пайғамбардың (с.ғ.с) қыл сүннетін,
Басыңнан атқар міндетін.
Шапағат қылар сонда үмбетін,
Сахар тұрып, һу, дегил!

Шапағат қыл, Пайғамбар (с.ғ.с),
Үмүтсіз болмас айтқанлар,
Үмүті жоқ жолдан тайғанлар,
Сахар тұрып, һу, дегил!

Парыз бен сүннатты тастама,
Көңіл қойма басқаға,
Қызымет қылмай қақсама,
Сахар тұрып, һу, дегил!

Тастама ойдан өлімді,
Жарық қыл деп тіле көріңді,
Бәріңде барар жеріңді,
Сахар тұрып, һу, дегил!

Қызымет қылсаң жетерсің,
Иманыңмен кетерсің,
Қызыметсіз болсаң азап етерсің,
Сахар тұрып, һу, дегил!

Күнадан бойын аулақ сал,
Сауабыңды тастама,
Мынауыңды бұит дейтін,
Емессіндер жас бала.



Дүниеден жалған өткен соң,
Ішетұғын алдында бар асхана,
Сахар тұрып, һу, дегил!

Ей Құл Ахмет жылағыл,
Сахар тұрмақлы қоймағыл,
Дүниеге көңіл бұрмағыл,
Сахар тұрып, һу, дегил!

Бір әулие өтіпті
Аты оның Бахырған,
Сөз айтыпты талай нақылдан.
Өз қамын өзі қылыпты,
Ешкімді жоқ шақырған.
Сендерде сондай боласың,
Жүрмесңдер ғафылдан,
Сахар тұрып, һу, дегил!

Ол да біздей адам дур,
Қызыметі жоқ надан - дур,
Хайуаннан балки жаман -дур,
Сахар тұрып, һу, дегил!

Насихатты көп айтқан,
Жанның қамын жеп айтқан,
Күні-түні қызмет қып,
Сауап ісін көбейткен,
Сахар тұрып, һу, дегил!

Құдайдан қорқып жылаған,
Көзінің жасын бұлаған,
Иман бер деп сұраған,
Сахар тұрып, һу, дегил!

Сөзі қалды артына,
Насихатты қылды халқына,
Қызымет керек жалпыңа,
Сахар тұрып, һу, дегил!

Бақырған деген әулие,
Жанының қамын ойлаған,
Қанша сауап қылса да,
Сауапқа, жүдә, тоймаған.
Қанша тарлық көрсе де,
Қызыметін Алла қоймаған,
Сахар тұрып, һу, дегил!

Бізде сондай болсақ деп,
Әулиенің қыл қылысын.

Қызыметті жақсы қылсаңдар –
Әулиенің бірісің.

Қызыметті жақсы қылыңдар,
Бір күн бітер тынысың.
Иманды боп кетсеңдер,
Өзіңнің болар ырысың.
Дүниеден жалған кеткен соң,
Дүниеге жоқ келісің,
Сахар тұрып, һу, дегил!

Қожа Ахмет Яссауи бабамыз өзінің
"Кепіл болам" атты хикметінде:
"Тақты тепкен Адһамдардың
жет соңынан,
Кімді көрсең: "Қызыр – ол", –
деп өп қолынан.
Сахарда тұр, жанарыңнан
төк толы қан,

Хақ Жамалын көрсетпесе,
кепіл болам", – дейді.

Егер бұл хикмет мәніне терең бой-
ламай, қазақша ұғымға салсақ: "Сопы
бол, сопы болсаң, Хақ Жамалын көр-
сетпесе, кепіл болам", – дегенге саяды.

Себебі Ұлы ұстаз "Жет соңынан"
деп отырған Адһамдар да, кімді көрсе:
"Қызыр ол" дейтіндер де, сахар тұрып
жанарынан толы қан ағызатындар да
сопылар. Ал сопылық – Яссауи баба-
мыздың өз жолы. Соған орай ұқсап бақ
деп отырған таңдаулылары да – Өзі.
Сондықтан да бізге: "Яссауи жолын
ұстан. Хақ Жамалын көрсетпесе, кепіл
болам", – десек жарасады.

Бұл тұрғыда Фахриддин Рази хаз-
реті: "Сопылар әрдайым Алламен бо-
латын адамдар. Олар жан дүниесін де-
несінің қалауларынан тазалады. Жү-
ректерін Алланың зікіріне байлады,
және дайым Алла Тағалаға болған
әдепті ұстанады", – дейді.

Фахриддин Рази хазреттің сопы-
ларға берген анықтамасы – әрдайым
Алламен болатын адамдар. Сонда "Әр-
дайым Алламен болатын адамдар" де-
генді қалай түсінеміз? Ол үшін Яссауи



бабамыздың: "Тақты тепкен Адхамдардың жет соңынан", – деген хикметіне назар аударайық.

Бәрімізге белгілі, Ибраһим Адхам өз патшалығын тәркі етіп, дәруіштік жолға түскен бірден бір тақ иесі. Сол Адхам тақ үстінде отырғанда ұдайы Алламен бола алды ма? Жалпы оның Алламен бірге болуға уақты болды ма?

Рас, ғибадат үстінде Алламен бірге болады. Бос сөз. Кім де болсын ғибадат кезінде өзімен өзі болады. Патша – патшалығымен, қойшы – қойымен, бизнесмен – өз кәсібімен, молда – өз ғибадатымен бірге болады. Кім – кіммен болса, сол үшін дұға жасайды. Ал Алламен болғың келсе, кіммен болсаң, соны тәркі ет. Одан кейін, Ұлы ұстаз айтқандай: "Сахарда тұр, жанарыңнан төк толы қан".

Байыбына барсақ, егер Алладан өзгемен бірге болсаң, ол үшін жанарыңнан қан төге алмайсың. Себебі ол ғибадат орнына жүрмейді.

"Кіммен болсаң" дегенге шамалы түсінік бере кетейік. Егер мән берсек, қай адамды да мына өмірде ұстап тұрған құндылықтар бар. Қанша адам болса – ол құндылық сонша. Сол құндылықтар біз бен Алла алдындағы перделер. Ол "пердеге" ақша, қызмет, билік, бала-шаға, әке-шешені былай қойғанда, алған білімің, соның ішінде діни білімің де кіреді. Соны білген Ибраһим Адхам өз патшалығын тәркі етті. Қалай тәркі етті, "Әрдайым Алламен болатын адамдар" қатарына барып қосылды. Ал сіз бен бізді солар қатарына қоспай ұстап тұрған не нәрсе? Сіз содан қол үзе аласыз ба?

Ұғынықтылық үшін айтайық. Қол ұзу – бас тарту емес. Тек сол нәрседен өзіңді босат. Соның орнына Алланы қоя біл. Сонда ұдайы Алламен бірге боласың. Сол кезде кімді көрсең де "Қызыр – ол" деп қолын өбесің.

Бұл түсінік бізде бұрыннан бар. Біз тек қырықтың бірін қызырға балайтынбыз. Ал Адхамдар қатарына қосылсаң, қарсы жолыққан адамның бәрі

Қызырға айналып кетеді. Себебі кім кіммен болса, сол болады. Сіз бен бізге Қызырдың жолықпайтыны сондықтан.

Қожа Ахмет Яссауи бабамыз өзінің "Кепіл болам" атты хикметінің келесі шумағында:

"Алла деген пенделердің
қолы болғын,
Сапар шексе, топырақ сыйпат
жолы болғын,
Ғашықтардың жанып-өшкен
күлі болғын,
Хақ Жамалын көрсетпесе,
кепіл болам", – дейді.

Демек бізге Яссауи бабамыз айтқандарын орындау үшін сол "Алла" деген пенделермен бірге болу керек. Олармен бірге болмасаң, Ұлы ұстаз айтқандарын орындай алмайсың. Орындамаған соң, әрине, Яссауи бабамыз кепілдігіне үміт артудың өзі артық.

Сонда "Алла" дейтін пенделер кімдер? Жауап айқын. Ол – біз, яғни, мұсылмандар. Соған орай Яссауи бабамыз хикметіне құлақ асқан бір дәруіш бізге келіп: "Сіздің Аллаға созған қолыңыз болайын", "Сіздің Алла үшін басқан жолыңыздың топырағы болайын", "Сіздің Аллаға ғашықтықтан жанып-өшкен күліңіз болайын", – десе, сіз соған өзіңізді лайықты көресіз бе?

Жауап беруге асықпайық. Себебі біз ол жолды тәркі еткенбіз. Сонымен қатар ол жолдың қайтадан салтанат құруын қаламаймыз. Қаламағандықтан да Яссауи бабамыз хикметі мәніне бойлағымыз келмейді. Бойлағымыз келмейтіні, біздің өз дініміз бар. Заманға ыңғайланған дін. Сәлде-шапансыз, кимешексіз, сақалсыз, тақиясыз дін. Аптасына бір рет намаз оқитын дін. Тіпті намаз оқымайтын дін. Ішуге, билеуге, күйлеуге бола беретін дін. Тап осы жәйт мұсылман мемлекеттерінің барлығында да қайталануда. Олардыкі тіпті бізден де сорақы. Себебі біз мұ-



сылмандықтың шеңберіне сыйя беретін бейәдеп іс-әрекеттерімізді заманауи ашық-шашық күйімізде жасасақ, олар мұсылмандық кейіптегі киім үлгісін киіп, тақуасынып жүріп жасауда. Сондықтан да олар киімі сүннет орнына жүрмейді. Олардыкі – ұлттық киім.

Яссауи бабамыз заманы да тап осылай болатын. Сол кезде Ұлы ұстаз барша мұсылмандарға қарата: "Алла деген пенделердің қолы болғын", – деп тіл қатты. Сонда Алла деген пенделердің қолы қандай болмақ? Байыбына барсақ, ол қол – арам нәрсе ұстамайды; арам ғана емес, Алланың аты аталмайынша ешнәрсе ұстамайды; ол қол – күнә істерге созылмайды; ол қол – жең ішіне жасырылады; ол қол – бөгде адамның назарын өзіне аудармайды; ол қол – тек адал асқа созылады; ол қол – ешкімге қиянат жасамайды; ол қол...

Осылай жалғастыра беруге болады. Жалпы біз қол тазалығын түсінген халықпыз. Соған орай діни жоралғылар кезінде "Менің қолым емес..." деп қоямыз.

Неге олай дейміз? Себебі біз өзіміздің Алла деген пенделердің қолы бола алмағанымызды білеміз. Нақтыласақ, бұрын білетін едік. Қазір шайтанданған қолдар алға шықты. Ойын-тойдың сәні – сол қолдар; Бет ашатын да, тұсау кесетін де, бата беретін де, пара беретін де, пара алатын да, өлтіретін де, көметін де сол қолдар; біз өбуге таласатын да сол қолдар. Ал ол – Алла дейтіндердің қолы емес.

Топыраққа келейік. Яссауи бабамыз: "Сапар шексе, топырақ сыйпат жолы болғын", – дейді. Біз енді Ұлы ұстаздың бұл айтқанын орындадық. Біз әлгі "Қол" иелері сапар шексе, жайылып жастық, иіліп төсек болдық. Біз жасаған қошаметтің қасында топырақ сыйпат әулиелер далада қалды. Алайда ол құрметтің Алла деген пенделерге жасалуы керектігі біздің ойымызға да кіріп шыққан жоқ.

Иә, біз Алла деген пенделерге жасалар құрметті өзгелерге көрсеттік. Со-

ларды үлгі еттік, соларды төрге оздырдық. Әлі күнге солай. Тек олар үшін "Ғашықтардың жанып-өшкен күлі" бола алмадық. Себебі біздікі ғашықтық емес. Бұл тұрғыда Яссауи бабамыз: "Жаннан кешпей "hy-hy" деген бәрі жалған, Жалтақтардан сөз сұрама жолда қалған", – дейді.

Иә, біз жолда қалдық. Біз ғана емес, барша мұсылман қауымы жолда қалды. Ғашықтардың күлі болу бізге бұйырмады. Себебі...

Бір ғана себеп бар. Ол – Алла деген пенделермен бірге болмау.

Рас, жоғарыда да айттық, біз де Алла дейміз. Алла деу – зікір. Алайда Абу Хасан Харақани хазреті: "Сен Алланы зікір еткенде, саған басқаны есіңе түсіргенмен дос болма", – дейді. Ал біздің ондай достарымыз өте көп. Көптігі сонша, бізге олар Алланың өзін ұмыттырып жіберді.

Ал Мұса Мырза хазреті айтпақшы: "Зікірдің рухани халін сақтағандарда дүние уайымы, қайғысы, тіпті, қажеттен тыс дүние қуанышы да болмайды".

Яссауи бабамыз соларға қарата: "Хақ Жамалын көрсетпесе, кепіл болам", – дейді.

Қожа Ахмет Яссауи бабамыз өзінің "Кепіл болам" атты хикметінде одан әрі:

"Сен Хақты сүй зәкір болып,
шәкір болып,
Нәпсі көзін ой сахарда, аһ ұр келіп,
Дүниені қой Баязиттей
пақыр болып,
Хақ жамалын көрсетпесе
кепіл болам", – дейді.

Зәкір (закр) – араб сөзі. Мағынасы: ес, сана, ақыл, еске алушы дегенге келеді. Шәкір де араб сөзі. Мағынасы: игі, асыл, мейірбан, сыйлаушы, құрметтеуші дегенге саяды.

Сонда Яссауи бабамыз өз хикметінде: "Сен Алланы ес, сана, ақылмен сүй, Оған – игі-мейірбандықпен, сый-





күрметпен кел", – демек. Ол дәуір мұсылмандары Зәкірдің де, Шәкірдің де мағыналарына қанық болған. Демек біз ислам дінін қабыл алған кезде Хақты сүйе алғанбыз. Алайда жүре келе Зәкір де, Шәкір де тап бүгінгідей өз мағынасын жоғалтқан кісі есіміне айналып кетті.

Иә, тек кісі есімі. Ал Ұлы ұстаз болса сол сөз мәнін қайта жаңғыртып тұр. Демек Алланы тілмен емес, ес, сана, ақылмен сүй. Бұл сүю – танымға жатады. Діни тілге ауыстырсақ – ақида. "Өзіңді танысаң, Алланы танысың" деген хадис мәні де осы жерде ашылады. Соған орай Ихсан да көрініс береді. Міне осы жүйелі білім соңы – Хақты сүюге ұласады.

Сондай-ақ шәкір бол. Демек шәкір сөзінің мәніне үңіл. Аллалық сипатты таны. Алланың игілігіне, асылдығына, мейірбандығына Өзі болып жауап қайтар. Бұл да ақида. Жалпы Алланы Зәкір болып, Шәкір болып сүйе алсақ, иманымыз кәміл болмақ. Ал Хақты сүю – иманнан. Сол иман – нәпсі көзін оюға алып барады. Нәпсі көзі – Алланы көрмейді. Сондықтан ол көзді оймақ ләзім. Ол көздің ойылатын кезі – сахар уақыты. Сол кезде аһ ұр.

Менің бабам Құлүмбет ишан айтқандай:

"Сахар тұрып жыла зар,
Жыламақты қылма ар,
Күнәнді кешер Пәруардигар,
Сахар тұрып һу! дегіл!"

Жалпы зікір – нәпсіні өлтіреді. Соған орай Мұхаммед Сағи әл Хусейни хазреті: "Кәміл болғың келсе, күнбағыстай бол.

Түнде зікірмен,
Күндіз зәкірмен бол", – дейді.

Қалай болғанда да хазреті Мұса Мырза айтқандай: "Жаратушымыздың ризашылығы жолында таң сәрілерді намаз, зікір, дұғалармен безендірейік".

Ұғынықтылық үшін айтайық. Нәпсі – біз. Жалпы біз соның игілігі үшін өмір сүреміз. Біз армандайтын жан тыныштығы – сол нәпсінің қалауы. Енді

осылайша әлдилеп, әспеттеп, төбесінен құс ұшырмай отырған нәпсінің көзін қалайша ойып алмақпыз?! Яссауи бабамыз хикметіне құлақ ассақ, ол ою - сахар уақытында жүзеге аспақ екен.

Сахар уақыты – ұйқының балшырын кезі. Міне сен сол кезде тұр. Ол тұруға Хақты зәкір болып, шәкір болып сүйгендер ғана қол жеткізе алады. Осы сүю ғашықтыққа ұласса, нәпсінің көзі ойылады.

Алайда хазреті Хасан Басри айтпақшы: "Сендер жүректеріңді асқан абайлықпен бақылап отырыңдар. Оны үнемі Аллаһты зікір етумен жаңартып отырыңдар. Өйткені, жүрек өте тез арада тат ұстайды. Нәпсілеріңді тізгіндендер. Өйткені, ол – өте азғын. Егер сендер нәпсілеріңнің жаман қалауларына бөгет болмасаңдар, ол бір күні сендерді қорқынышты шыңырауға құлатады".

Егер нәпсі көзін оя алсақ, онда дүниені қойған Баязиттей пақыр болу бізге де нәсіп болады. Сонда Яссауи бабамыз бізге үлгі етіп отырған Баязит кім?

Баязит Бистами – нақышбанди тариқаты пірлерінің бірі. Ал тариқат – рухани әлем. Ол жерде барлық тариқаттар тұтасып кетеді. Ұлы ұстаздың хазреті Баязитті қаперге алып жатқандығы сондықтан.

Бұл тұрғыда Хазреті Жалаладдин Руми: "Баязиттің иманы мен сенімі менің көңілім мен жанымда иманға деген шексіз қалау, ынтықтық пен сағыныш тудырады", – десе, Баязит Бистамидың өзі: "Аллаһтың әулие құлдарын сүй! Сонда олар да сені сүйеді. Олардың көңілінен шығуға тырыс! Өйткені, Аллаһ Тағала ол адамдардың жүрегіне күн сайын 360 рет назар салады. Назар салған кезде сені де сол жерде көрсін!" – дейді.

Ендеше біз де жер бетіндегі барша әулие-әмбилерді ардақ тұтайық. Бәлкім сол кезде Яссауи бабамыз: "Хақ Жамалын көрсетпесе, кепіл болам", – дер.





Қожа Ахмет Яссауи бабамыз өзінің "Кепіл болам" атты хикметінің келесі шумағында:

"Әр демінде Жаратқанды
талап қылсаң,
Тұлпар болып сахарларда
жарап тұрсаң,
Олла-билла, боқ дүниені
талақ қылсаң,
Хақ Жамалын көрсетпесе,
кепіл болам", – дейді.

Жалпы демді талап қылу ешкімнің ойына кіріп те шықпайды. Дем – ол дем. Ауа. Адам баласында ауаға деген мұқтаждық жоқ. Сондықтан да біз әр демнен Жаратқанды көре алмаймыз. Болмаса адам баласы бір күнде орташа есеппен алғанда 22 мың рет дем алады. Әр дем барысында 4,5-5 литр оттегін пайдаланады. Сол ауаның адам өмірінде алатын орны туралы Әбіш Кекілбаев ағамыз бүй депті:

"Сәби жұтса – жайрандайды, күледі,
Ару жұтса – албырайды гүл өңі.
Кәрі жұтса – қарт денесі жайылып,
Жай табады еңтіккірген жүрегі.
Таңдамайды ол лашық пен сарайды,
Алаламай бәріне де тарайды.
Әуен қосты ол сандуғаштың әніне,
Жұпар қосты ол қызғалдақтың әріне,
Шіркін, бақыт о да жұпар ауадай
Дүниенің түгел жетсе бәріне!"

Алайда Әбіш ағамыз бақытты ауадан бөлек қарастырып тұр. Ол орында да. Себебі ешкім де жұтқан ауасын бақытқа баламайды. Бақытқа баламайтыны, қадірі жоқ.

Неге қадірі жоқ? Себебі біз әр демде Жаратқанды талап қылмаймыз. Тіпті дем мен Алланың бір ұғым екендігіне бас та қатырмаймыз. Сондай-ақ біз жұтқан әр демнің біздің ағзамыздағы Аллалық қызметіне де мән бермейміз. Болмаса адам ағзасындағы зат алмасу үдерісі жайдан-жай, өздігінен жүріп жатқан кездейсоқ бір әрекет емес. Терезе заңдылыққа құрылған әлем. Мысалы, секунд сайын тегіннен-тегін

жұтып жүргендей көрінетін ауамыз өкпе деген әлемге енісімен-ақ қызыл қан түйіршіктері жасушаларының, яғни эритроциттердің көмегімен ағзаның барлық түкпір-түкпіріне дереу жетіп барады. Сол ауаның 25%-ы миды нәрлендіреді. Ал қайтар жолда көмірқышқыл газын алмастырып алып, өкпедегі қалдық газдарды жинақтаған қалпы сыртқа алып шығады. Егер әлгі газдар ағзада сәл аялдап қалса, айналасын улай бастайды. Бір сөзбен айтқанда, гемоглобиннен ажыраған оттегі капиллярлар қабырғасы арқылы ұлпаға (ткань) жеткеннен кейін ол жердегі пайдалы заттармен өзара әсерге түсіп, оны тотықтандырады. Аталған химиялық реакция барысында энергия бөлініп шығады. Міне, осы пайда болған қуат-энергияның көмегімен біз мына өмірдегі түрлі іс-әрекеттерімізді жүзеге асырамыз. Егер осы үдерістердің тым болмағанда біреуінде сәл ғана ақау пайда болса, біз бірден тұншыға бастаймыз.

Бір өкініштісі, біз тілге тиек еткен ғылыми тұжырымдарды зерттеген ғалымдардың өзі ауа мен Алланы байланыстыра алмайды. Себебі материалдық тұрғыда саралағанда бұл үдерістердің ешқайсысына да Алланың қатысы жоқ. Солай бола тұра Яссауи бабамыз: "Әр демінде Жаратқанды талап қыл", – дейді. Талап қылу, байыбына барсақ, Аллаға мұқтаж екенінді біл деген ұғымды беріп тұр. Бұл ұғым иесі "Біздің ағзамызда жүріп жатқан үдерістердің тым болмағанда біреуінде сәл ақау пайда болса, біз бірден тұншыға бастаймыз" деген ғылыми танымға бас шұлғи қоймайды. Себебі әр демнің Алладан келіп тұрғанын көріп тұр.

Иә, кім нені көрсе, соған сенеді. Соған орай Яссауи бабамыз Аллаға, ал біз ғылымға сенеміз. Аллаға сенген адам сахар тұрып, Жаратушы Иеге мінәжат қылады. Рас, жайсыз түс көргенде, не тірлігіміз оңғарылмай қалған





кезде ол мінәжатты біз де қыламыз. Бірақ біздің бойымызда бұл жарыста өзгелерді шаң қаптырып кететін тұлпарлық қасиет жоқ. Шынтуайтына келгенде, тұлпарлық қасиет сахар тұруды жарыс деп білетіндерге тән. Ұлы ұстаз тек сондай жандарға ғана кепіл болады.

Олла-билла! Бұл – ант. Яссауи бабамыз: "Олла-билла, боқ дүниені талақ қылсаң, Хақ Жамалын көрсетпесе, кепіл болам", – деп ант ішіп тұр.

Талақтың мәні – бас тарту. Алланы кепіл қыла тұрып бас тарту. Бас тартқанда да үзілді-кесілді бас тарту.

Рас, қызылды-жасылды дүниеден ешкім де бас тартпайды. Бас тартпақ түгілі, жас та, кәрі де мына дүние қызығына тоймай кетеді. Сонда кімдер бас тартады? Жауап айқын. Олар –мына дүниенің "боқ" екендігіне көз жеткізгендер.

Хакім Абайға жүгінелік:

"Адам – бір боқ көтерген боқтың қабы,
Боқтан сасық боласың өлсең тағы.
Мені мен сен тең бе деп мақтанасың,
Білімсіздік белгісі – ол баяғы.

Кеше бала ең, келдің

ғой талай жасқа,

Көз жетті бір қалыпта тұра алмасқа.
Адамды сүй, алланың хикметін сез,
Не қызық бар өмірде онан басқа?!"

Біз соңына түскен дүниенің Алла алдында ешқандай да қадірі жоқтығын біле жүрейік деген мақсатпен сөз соңын мына бір ғибратты әңгімемен түйіндейік.

ҒИБРАТ

Бір күні Нұх Пайғамбар (ас) қабірдің басында жылап жатқан бір әйелге кезігіпті. Ол әйелден: "Не үшін жылап жатырсың?" – деп сұрапты.

Әйел: Баламның өліміне күйініп жылап жатырмын. Ол жастай өмірден өтті.

Нұх Пайғамбар (ас): Балаңның жасы қаншада еді?

Әйел: 300-жаста ғана еді.

Нұх Пайғамбар (ас) ол әйелдің қайғысын жеңілдету мақсатында: Өмір сүру жасы 60-тан аспайтын үмбетте өмір сүргенінде не істер едің? – деді.

Әйел: Сонда 60 жыл ғана өмір сүретін үмбет те болады ма?

Нұх Пайғамбар (ас): Иә, әлбетте!

Әйел: Ол үмбеттің ішінде, сол қысқа уақытта Аллаға қарсы келетіндер болады ма?

Нұх Пайғамбар (ас): Иә, бәлкім көпшілігі Аллаға қарсы келеді.

Әйел: Сол санаулы күнде дүниені жақсы көріп алданады ма?

Нұх Пайғамбар (ас): Иә, олардың көбінің бірден-бір мақсаты дүниені жақсы көру және сол үшін өмір сүреді, ал азы ғана ақыретті ойлайды.

Әйел: Олар сол болмашы дүние үшін таласып жанжалдасады ма?

Нұх Пайғамбар (ас): Таласып жанжалдасу былай тұрсын, сол дүние үшін бір-бірімен соғысады.

Әйел: Және сол қысқа өмірде үй-жай салады ма?

Нұх Пайғамбар (ас): Үй салу былай тұрсын, жүздеген жылдарға шыдайтын сарайлар салады. Сосын ол сарайларда тұрмастан өліп кетеді.

Әйел: Егер мен сол үмбетте өмір сүргенімде, мына ағаштың (талдың) астында Аллаһ Тағала разылығы үшін сәжде жасаумен өмірімді өткізер едім деген екен.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу әләйһи уә сәлләм) былай дейді: "Аллаһ Тағала алпыс жас өмір берген құлының ешбір сылтауын қабыл етпейді" (Бухари).

Жалғасы бар...





Алтыншаш ЖАҚИЯНОВА,
жазушы



КІШКЕНТАҰ ЖҮРЕК

(Өңгіме)

Сол бір жылдың қысы мамыражай, жылы болды. Жауған қар да «түске дейін мүйіз, түстен кейін киіз» дегендей, күн көтерілгенде еріп, әр жердің қара топырақтары көрініп қалып жатты.

Ананың алаңы – ішіндегі тұңғыш сәбиінің амандығы. Аман-есен өмірге алып келудің қамы. Айы-күні таяғалы тіпті уайымы көбейіп кетті. Ол да «қашанғы жата берем, уақытым таяды ғой» дегендей, түрткілеп, белгі беріп қояды.

Сая көбінде үйінде жалғыз, күйеуі ертеңгісін ерте жұмысқа кетеді. Қай жерде жүргені, қашан келетіні де белгісіз. Бастығы қайда жұмсайды, сонда кете береді. Кейде түннің бір уағында да келетін кездері бар. Сол кезде босанып қалсам қайтем, – деп аландаған Сая басқа қалада тұратын әке-шешесіне баруды жөн көрді. Күйеуі де солай ұйғарғасын жолға дайындалды.

Сая біртоға, елпілдеп-желпілдеген мінезі жоқ, барынша адал. Құлық-сұмдық дегенді білмейді. Өтірік айтатын адамдарды түсінбейді де, кешірмейді де. Көп ешкіммен арқын-жарқын араласа да бермейді. Жоғары оқу орнын ойдағыдай біті-

ріп, қызметін істеп, тұрмысқа да кешірек шықты. Ештеңеден тарлық көрген жоқ, ішем дегенін ішті, кием дегенін киді. Шешесі де, әкесі де «бір тал қыз» ғой деп, бетінен қаққан емес.

Әке-шешесіне баруға асықпай дайындалып, заттарын жинап жүрді.

«Құланның қасуына мылтықтың басуы» дегендей, жұмыстарымен олар өздері келе қалды. Әкесінің дайын көлігімен баратынына да қуанды. Қызының мұндай шешімін естіп, шешесі Толқын тіпті қуанып кетті.

Толқын Саяның анасы, жасы біразға келсе де, оны алпыста деп ешкім ойламайды, жүрісі, қимылы ширақ, бір жерге баруға алып-ұшып тұрады. Достары, таныстары көп, елмен араласқанды жақсы көреді.

Бір шай ішіп алып, артын жинап-теріп, заттарын бір түгендеп шықты да, үшеуі, іштегі сәбимен төртеуі көлікке отырды. Алпысты алқымдап қалған бұрыл шашты, ат жақты, бөкен қабақты Айбар көлікті барынша жайлы айдап келеді. Өйткені, жолдың кедір-бұдыр жеріне келгенде, қабағын кіржің еткізген



қызының түрін айнадан көріп отыр. Аңкылдап қалған Толқынның ойына ештеңе кіріп-шығар емес. Әңгімені соғып отыр: «Өзіміз жақ дұрыс қой, бәрі таниды бізді. Жағдайыңды толық жасайды. Тіпті бас дәрігерге де айтып қоямын!» деп желпініп қояды.

Жолда Сая дүкендерге соғып, болашақ сәбидің керек-жарағын алатынын айтты. «Ойбұй», деп ойлады, Айбар ішінен. Бұлар базарға кірді дегенше, базар жабылғанда бір-ақ шығады, немесе, ақшалары біткенше сауда жасайтын болды-ау, – деп, амал жоқ қызының көңілі үшін келісім беріп, көлік ішінде қала берді.

Базарға кірген екеуі расында да ұзақ жүрді. Баланың керек-жарақтары бітіп бола ма?! Орап алып шығатын алқызыл көрпе – «конверт», бірнеше ит көйлек, ползункилер, басына киетін қалың-жұқа шапка, бетін тырнап алмау үшін қолына кигізіп қоятын қолғаптар, жұп-жұмсақ жаялықтар, өзіне де қажетті дүниелер, әйтеуір, талай нәрсе алынды. Шомылдырғанда орайтын арнайы жұмсақ аппақ орамалды қызығып кетіп Толқынның өзі болашақ сәбиге арнап сатып алды. Онысына өзінің жүрегі елжіреп, бетіне тигізіп, сипап қояды. Арнайы жаялықтар салатын екі үлкен сөмкені көтеріп сыртқа шыққанда, қыстың қысқа күні едәуір еңкейіп қалған еді.

Көлікке келгенде қараса, Айбар машинаны қыздырып алып, ұйықтап кетіпті.

Жолда Толқынның ойына өз шешесінің алыс болғаны, енесінің бала дүниеге келмейінше бір шүберек сатып алмайтыны, жалпы ешнәрсе дайындатпайтыны есіне түсті. «Аман болса, шүберек табылады, алдын ала дайындап қажет емес» дейтін апасы Құрман қарт. Әйелдер босанатын үйден шығып келгенде, қырық күн бойы қойдың майымен майлайтын жаялық іздеп, жан-жағына қарағыштаған келінін байқаған апасы ең тәуір көретін таза крипдешин көйле-

гінің етегін дар еткізіп жыртып жіберіп, «осы жақсы болады, май сіңірмейді» деп, өзі майлап, орап, қазықтай қып қолына беретін. Толқын келесі балаларын да сол «апасының етегіне» орап, майлап жүрді. «Е, жарықтық апам-ай!» – деп, күрсініп қойды арасында. Дауысы сыртқа шығып кеткен болу керек, «Не дейсіз, мама?» деді Сая елең етіп. «Жай» дей салды Толқын, оны айтса, қызының түсінбесін білді. Қазіргі жастардың бәрі солай ғой, өз білгендерімен жүреді деді ішінен.

Баяу жүріспен келесі қалада тұратын үйлеріне қас қарая жетті. Келе тамақ қамына кіріскен Толқын әні-міне дегенше дайын қылды. Ұшып жүріп, дастарқанға барын қойды. Жолды, базардағы көп жүрісті көтере алмай қалды ма, Сая ауырыңқырап отырды. Қызы тамақ ішіп алған соң, ары-бері интернет қопарды. Ашылып ештеңе айтпайды. Не іздеп жатқанын да Толқын сезіп отыр. Қызының аман-есен босануын тілеп, іштей Жаратқанға жалбарынып қояды.

Бір ұйықтап алса да, жақсы болып қалар ма еді, ұйықтай да алмады. Ауырыңқырап тұрғанын айтты. Онсыз да түртіп қалса, ұшып кетейін деп, елеңдеп отырған шешесі жедел жәрдем шақыра бастады. Киімдерін жинап болам дегенше, есіктің қоңырауы шыр ете қалды.

– Келді! – деді Толқын абыр-сабыр болып.

– Бірнәрсеңді ұмытып кетпе, жарайды, ұмытсаң да апарып берем ғой, – дейді, аяқ-қолы жерге тимей, біресе есікке, біресе қызының жинап қойған заттарына жүгіріп. Қайтсін енді, жар дегенде жалғыз қызы дүниеге бала әкелейін деп жатса. Оның үстіне, тұмсасы. Әлі жас, ештеңені түсіне бермейді. Жедел жәрдемнің артынан күйеуінің көлігіне отырып өзі де жетті.

Ішке кіргізбейді. Еш дыбыс жоқ, күтіп отыр. «Адамнан адам шығуы оңай ғой дейсің бе?» деп қояды күбірлеп. Ойына өзінің алғашқы балаға аяғы ауыр кезі түсті.





– Бала екенмін ғой, деп ойлады...

...Қақап тұрған ақпан айы бітісімен, наурыздың ортасы ауа бастағанда жас келін болып былтыр жазда түскен Толқын енесіне құлақ қағыс қып, қыңқылдай бастады.

– Апа-ау, әке-шешемді де қатты сағындым, бір көріп қайтайыншы, сіз рұқсат етсеңіз. Балалы болғаннан кейін шыға алмай қалам ғой, түсініңізші, апа! – дейді сексендегі апасына.

– Ия, қарағым, түсініп отырмын, күн әлі жыли да қойған жоқ, жол алыс. Алдымен аман-есен босанып алсаңшы, – деп, алдына басын қойып, шашынан сипап отырып:

– Мен жіберермін-ау, оны ағаңнан сұра! Үйдің қожайыны сол ғой, ертең маған ренжіп жүрер, «неге аяғы ауыр келінді төркініне жібердің?» – деп. Ағаң біледі, – деді апасы сөздің токетері осы дегендей.

«Аға» деп тұрғаны жолдасының әкесі. Түрі сұстылау, үндемейтін кісі болғанымен балаға да, басқаға да зілі жоқ жан. Толқын ағасына айтуға бата алмай жүргенде, тағы бір апта өтті. Бір күні бар күшін жинап, жұмыстан келгенде, шайын құйып беріп отырып, тәуекел деп ойын айтып салды.

– Жалғыз өзің қалай барасың, балам-ау, айы-күнің жетіп отыр, жолдасың болса, жұмыста. Бәріміз де жұмыстамыз. Кім апарды сені?!

– Өзім бара беремін, аға! Ешкім жұмысынан қалмай-ақ қойсын!

– Мейлің, қарағым, қоймадың ғой, құдаларға не бетімізді айтамыз, жалғыз жібергендерің не? – дейді ғой.

Сонымен бір-екі күннің ішінде Толқын азын-аулақ сәлем-сауқытпен жолға шығып кетті. Үстіне әкесінің аулаған түлкісі жағасына салынған жұқалтаң пальтоны киіп, қол сөмкесін алды. Таң қараңғысында Аягөзге баратын ПАЗик автобуска отырды. Ауданнан қалаға дейін жол қашық, әрі кедір-бұдыр. Селкілдетіп келеді. Бекер-ақ шыққан екенмін, үлкендердің

айтқанын орындай салуым керек еді, – деп те ойлады.

Бірақ бәрі кеш. Ішін құшақтап отырып, әйтеуір түс ауа қалаға жетті-ау. Не пойызға алып қойған билеті жоқ. (Ол кезде сондай еді ғой, барып алатын билетті). Вокзалдың кассасына билет алуға кезекке тұрды. Ығы-жығы халық. Бір кезде бір әйел айқай салды: Көрмей тұрсындар ма, мына аяғы ауыр әйелді қысып тастадыңдар ғой, жіберсеңдерші, кезексіз-ақ алсын, өлтіресіңдер ме, қайтесіңдер?!

Сөйтті де өзі жеңінен ұстап, кассаның алдына әкелді. Билетті алып кетіп бара жатып естігені, «Біз үшін туатындай...» – деп қалды бір егде әйел. Толқын үндемей кете берді.

Не керек, еліне аман-есен жетіп, арқа-жарқа болып, демалып, күтініп, ет жеп, сорпа ішіп дегендей, аунап-кунап, бір апта өткен соң, қайтуға жиналды. Үйіндегілер, жеңгелері мен әпкелері «қала сал, осында босан, жете алмай жолда босанып қаласың, маскара боп», – деп, корқыта бастады.

– Жоқ, апам қалып қалма, алғашқы немереміз ғой, ертерек келетін бол! – деген. Қалуға болмайды, олар күтіп отыр, – деп бой бермей жолға жиналады.

Ертең кетіп қаласың ғой, бүгін мауқымды басып, қасыңда жатайыншы, құлыным-ау, – деп, Толқынның шешесі төсекті қасына салдырып, қатар жатты.

– Тоғыз бала тапқан анаңмын ғой, кәне, көрейінші қалай жатыр екен деп, қызының ішін сипалап көрді де, «аппақ бір ұл жатыр ғой» деді. Міне, тегін УЗИ. Ол кезде УЗИ деген мүлдем жоқ қой.

– Қойшы, апа, – деп қымсынып, Толқын оң жағына аунап кетті.

– Жарайды, барған соң, аман-сау жеткеніңді айтып, хабарыңды бер. Біз алаңдаймыз ғой.

Сонымен не керек, Қызылордадан пойызға отырып, Алматыға келіп, Алматыдан Аягөзге билет алды.



Аягөз вокзалына түсісімен «Тарбағатайға жол жоқ екен, жолда су тасқыны болып жатыр» деген жайсыз хабар естіді. Аяғы ауыр әйел сасқалақтап, сол жерде Тарбағатайға қайтатын әйелдермен танысып, бірге Жалғызтөбеге жетті. Түннің бір уағы. Бір қонақ үй тауып, үш-төрт әйел соған қонып шықты. Сол жерден телефон шалып, Жалғызтөбе арқылы баратынын жолдасына хабарлады. Таң қараңғысында ұзын автобусқа отырып, жердің түбіндегі ауылына қарай жол тартты. Босанып қалам-ау деген ойына келмейді. Дәрігер солай деген әлі он күн бар... оның санасында осы ғана. Сол күні түске таман жолдың бойынан Айбар күтіп алды. Аяғына қонышы ұзын рәзіңке етік киіп алыпты. Жердің миы шығып жатқан балшық, бірақ күн ызғары қайтпаған. Пальтосының алды ашық, түйме салуға жетпейді. «Қарыныңды жапсаңшы», – деп қояды күйеуі жаны ашып.

Аман-есен келгеніне үй ішіндегілер, әсіресе, апасы қатты қуанды. Дереву қазанға ет салып, нан илей бастады. Оны жаю өзінің парызы екенін біліп, Толқын оқтауды ала бергенде, белі ауырып кеткендей болды. Оны байқап қалған апасы: әкел, мен жайың, деп еді, Толқын бере қоймады. Ет жеп болып, бәрі дем алуға орындарына кетті.

Түнгі он екіде ішінің ауырып, белі айнала бастағанын сезді. Үлкендерді жинап, жедел жәрдем шақырып, ауруханаға жол тартты...

– Апа! Ойланып кетіпсіз ғой, – деді іштен шыққан дәрігер қыз. Толқын саңқ ете қалған дауыстан шошынып, атып тұрды.

– Не болды, не болып жатыр?! – деді жалма-жан.

Көңілі алаң, қызы аман-есен болса екен деп тіледі. Аллаға жалбарынды. Мына қыз неге үндемей тұр дегенше болған жоқ, бірнеше минуттан кейін, «қыз!» деп, айқайлап, баланың дәрігері шықты, телефонына нәрестені суретке

түсіріп алыпты. Көзін ашып, жан-жағына – жарық дүниеге байыппен қарап жатыр, бірнәрсе сұрап жатқан тәрізді. Толқын қуанғанынан жүрегі жарыла жаздап, қалтасындағы барын ақтарып бере салды. Балаға жақсылап қарауын өтінді.

Қызыңыздың жағдайы жақсы дегеннен кейін барып, көңілі орнына түсіп, енді кішкентайды сұрай бастады. Тіпті жақсы көріп кеткен сияқты, кішкентай адамды. Көргісі келе ме, қалай?! «Жаным!» деп қояды ішінен елжіреп.

Міне, осылай бір апта жатып, үйге шықты. Шығарудың өзі бір салтанат! Саяның күйеуі, қайнағасы мен абысыны қара ДЖИПпен келіп, шығарып алды. Толқын мен Айбар да осында. Баланы орап алып шыққандардың бәрін қарық қылып, салют атып, шар жарып, жылтырақ шашып деген сияқты қуанышты әрекеттер бірінен кейін бірі жасалып жатты. Осының бәрі кішкентай ғана нәрестенің дүниеге келуінің құрметі. Күйеу баланың екі езуі екі құлағында.

Құдалар – бәрі үйге келіп, дайын дастарқаннан тамақтанып алғаннан кейін:

– Үйде Саяға қарайтын ешкім жоқ, мама, мен жұмыстамын, қырқынан шыққанша сіздерде бола берсін! – деген күйеу баласының сөзіне шынымен қуанған Толқын дереу келісе кетті.

Қызының, «кішкентай жүректің» осында болатынына шынымен қуанып жүр.

Сая бір жұмыстарымен шығып кеткенде, кішкентай нәресте нағашы апасында қалады. Оны жылатпай ұстап отыру апасы үшін үлкен міндет.

Байқатпай іскеп қояды. Кімнен тығылып іскеп тұрғанын өзі де білмейді. Жұпар иісі мұрынды жарардай. Кішкентай қара көздері мөлдіреп, қарайды. «Таниды!» деді апасы.

Ол өте нәзік, кішкентай. Жуындыру да қорқынышты, қолынан түсіріп алатындай қорқады. Бірақ бар өнерін салады апасы. Түнде қыңқылдай бастаса, басқа бөлмеде жатса да, шешесінен бұрын жа-



нына жетеді. Күннен-күнге жақсы көріп барады. Ертең үйлеріне кетіп қалғанда сағынатынын әлден-ақ сезініп отыр.

Түскі ас үстінде Сая есіне әлдене түскендей, «сәбиге ат қоймаймыз ба?» дегені. Толқын да, Айбар да күліп жіберді.

– Біз де соны айтайын деп отыр едік, тамақ ішіп болған соң, атасы азан шақырып, атын қойсын! Мен қазір жеті шелпек пісіріп, көршілерімді шақыра қояйын, – деді Толқын.

Сонымен сәбиге азан шақырып, ат қойылып, сол күннен бастап «Ақбала» деген атқа ие болды. «Ақбала» деп, ішінен қайталап қойды. Күнде суға түсіріп, майлап-сылап, апасы тіпті бауыр басып қалған еді. Әрі-бері жүрістен шаршаған күйеу баласы бір ай өткенде «қайта-қайта келіп, екі ортада шаршап кеттім, енді әйелім мен қызымды үйге алып кете берейін» деп, өтініп болмаған соң, амал жоқ, кісінің баласы, рұқсатын берді. Барлық нәрсесін жинасып, қызын көлікке жайғастырып, Ақбаланы өзі түйе жүн салып арнайы тігіп берген қызыл көрпесіне орап, Саяның алдына берді. Байқап жүруін, баланы тоңдырып алмауын әбден тапсырды. Көлік жүріп кеткенде жүрек тұсы шым ете қалды. «Кішкентай жүрек» бар қызықты алып кеткендей, Айбар екеуі үйге де кіргісі келмей, далада, солардың кеткен жолына қарап, біраз тұрып қалды. Желтоқсанның ызғарлы түні салқын. Амалсыз ішке кірді. Екеуінде де үн жоқ. Үй бос қалған сияқты. Бұрын қалай өмір сүргенбіз деп ойлады. Жатса да, тұрса да көз алдында «кішкентай жүрек». Құдіретіңнен айналайын, сонша тәтті болармысың, кішкентай сәбиім! – деп жүріп, Толқын сәби жатқан бөлмені жинап, ретке келтірді. Жатқан жастығын, жаялықтарын иіскеп қояды. Қолына кигізетін қолғабы жастықтың астында қалып қойыпты. Бетіне тигізіп, елтіп, иіскеп жүрді біразға дейін.

Арада үш күн өтер-өтпесте «кішкентай жүректі» сағынып, Айбар мен Толқын қызының есігін қағып тұрды. Сая

да әке-шешесінің келгеніне қуанып қалды. Тәжірибесі аз, көп нәрсені біле бермейтіні белгілі. Ақбала ұйықтап жатыр екен.

– Бесікке жатқан бала таза, ұйқысы тыныш болады, өзіне де жақсы, біз бесікті алып келдік, жабдығының бәрін жаңадан тігіп әкелдім, – деді Толқын.

– Ой, мама, қазір ешкім бесікке салмайды ғой, елден ұят емес пе?

– Ұяты несі, бәрің де осы әкең жатқан бесікте жатып өстіңдер ғой. Бұл көк бесік – қасиетті бесік, өте жайлы. Сенбесең, жатқызып көрші. Алпыс жыл бұрын әкеңе үлкен атамыз арнайы ұстаға жасатқан екен. Бұған кім жатпады. Әкеңнен кейінгі бауырларының бәрі. Олардың балалары, түгелі жатты, бәрі аман-есен өсті. Екі ағаң да, олардың балалары да, өзің де осы көк бесікте өстіңдер.

– Жарайды, көреміз, – дей салды Сая көңілі үшін.

Кешке жұмыстан келген Асқарға бесікке салу туралы әңгіме ұнаған жоқ.

– Қойыңыздаршы, баланы байлап тастаған деген немене ол, обал емес пе?!

– Қазір шомылдырғаннан кейін жатқызып көрейік, бесік дайындаған бар еңбегімді зая кетірмеңдер, – деді Толқын жай ғана назын айтып.

Кешкісін жаялықтарының бәрін дайындап, майлайтын майына дейін жылытып қасына қойып, баланы тұзды суға жуындырып алды. Майлап, созып, дереу дайын бесікке сала қойды Толқын. Сәби қыңқ деген жоқ, біраз еміп алды да, бір жайлылықты сезініп, тәтті ұйқыға кетті.

Ертеңгісін ертелеу оянып алған Толқын қалай болды екен деп те алаңдады. Оянып, күйеуіне шай қойып жүрген қызынан сұрады.

– Сол жатқаннан әлі ұйықтап жатыр, мама, жаңа оятып емізіп алдым, – деп қызы мәз, күйеу бала да риза.

– Әне, айттым ғой сендерге, бұл қасиетті бесік, – деп, Толқын да еңбегі еш кетпегеніне қатты қуанды. Көп желпіне бермейтін Айбар да бұл әңгімеге араласып:



– Маған арнайы атам шеберге тапсырыс беріп жасатқан бесік қой бұл, – деді.

Міне, осылай «кішкентай жүрек» бесікке үйреніп-ақ кетті. Ұйқысы келіп быжылдап кеткенде бесікке сала қойса, екі қолын екі жағына түзу қойып, «о, жаттым-ау әйтеуір» дегендей, ұйқыға кетеді.

Қырқынан шығатын күн де жетті. Сол кезеңде Асқар командировкаға кететін болды. Оны күтсе, қырқынан шығаратын уақыт өтіп кетеді. «Өздерің өткізе беріңдер» – деп, рұқсатын берген соң, екі ағасы мен жақын-жуықтарын шақырып, Сая дастарқан жасады. Әке-шешесі де осында келген болатын. Бір ағасына сәбидің қырқын шашын алдырып, бір ағасына қолы шебер болсын деп ырымдап тырнағын алғызды. Келген қонақтардың ішінде мамасының жамағайыны болып келетін Гүлнар атты келіншек майлап-сылап, шомылдырып, бәрі жабылып тілек айта отырып қырық қасық су құйып, оның ішіне күміс тиын салып, тағы бір әке жағының жақындары Айгүл атты әйел бесікке салу рәсімін жасады. Кішкентай балалар «тыштыма» жинап, мәз-мәйрам. Ән-жырға, әзіл-қалжыңға бөленген шағын шілдехана түннің бір уағына дейін созылды. Бесікке салуды көптен көрмегендерін айтып, риза болып жатыр келгендер.

Міне, «кішкентай жүрек» осылай қырқынан шықты. Ол бұл күні де жақсы ұйықтады.

Күндер осылай өтіп жатты. Ақбала жайлап өсіп келеді. Апасы мен атасын жазбай таниды. Жылыұшырап, қуанып күледі. Өзі бір ерекше сүйкімді қыз. Қағілез болады деп қояды апасы.

Енді күнде емес, күн аралатып түсіретін болды суға. Баланың бала болуы оңай ма? Кейде жылайды, іші ауырып шырылдап кетеді. Мына жерім ауырып тұр деп айта алмайды, шырылдап жылай береді. Ондайда апасының жаны қоса шығып кетердей: осы бала ауырғанша, өзім ауырғаным жақсырақ болар еді, – дейді шын жаны ашып. Әйтеуір білген

ырым-сырымын жасап жатқаны. Адыраспанмен аластап, маңдайына күйе жағып, әлек боп жүргені. Бесікке әбден үйренген Ақбала шырылдап кеткенде, бесікке салғанда жаны жай табады. «Бөле мені!» дегендей екі қолын жанына қойып, «Уһ» деп дыбыс шығарған да күні болған. Бесікті дайындаудың өзі апасы үшін бір мәртебе. Бір тарыдай нәрсе сәбиінің денесіне батпасын деп, сипап отырып, асықпай жасайды.

Бесіктен шешкенде тонбасын деп, жұқалап қана жүн салып, жеп-жеңіл жұқа матадан кеудеше тігіп берді. Бесіктен керіліп-созылып, жып-жылы болып оянған баланы дереу жылы жаялыққа орай салып, осы кеудешені кигізіп қояды. Осынау кіп-кішкентай жүрек егде жасқа келіп қалған Толқынның санасын жаулап алғандай, көрмесе кәдімгідей сағынады, алаңдайды. Есіл-дерті сол жақта. Қалаға жиі келіп жүргенінің біреуін айтып, біреуін айтпай жүрсе де, ұлдары сезіп жүргендей. «Тағы келіп қайтыпсыздар ғой, бізге неге соқпадыңыздар?!» дегенде Толқын да, Айбар да ыңғайсызданып-ақ қалады. «Сендердің балаларың үлкен ғой, мыналар әлі жас, баласы кішкентай, аздап көмектесеміз» деп түсіндірген болады. Дегенмен жиі келетінін өздері де сезіп жүр.

Бесікті тербеп отырып, «Бесік жырын» айтады. Елең етіп тыңдап, сол әлдімен ұйықтайды. Санасында саңылау, бойында бір қасиет бар деп ойлайды апасы. Өнерге жақын болар, бәлкім!

Осындай тәтті қиялмен қалғып кеткен екен, ұйықтап жатқан сәбидің шықылықтап күлгенінен оянып кетті. Алғашында түсінбей, селт етіп қарады да, артынша тез есіне түсіп, «шалықтап жатыр, періштелері күлдіріп жатыр ғой» деп, сәбиге сүйсіне қарап қойды.

Таза ауада жақсы ұйықтайды. Арбасына жатқызып күн жылымық тартқалы далаға жиі шығарып жүр. Шыға салып, ұйықтап қалады. Екі-үш сағат ұйықтайтын да кезі бар. Өте қабаттап қалың





кигенді ұнатпайды. Оған ұнайтыны жұмсақ та жеңіл, апасының тіккен көрпесі.

Мамырлап мамыр айы да келді. Әр қылығына масайрап күндердің зуылдап өтіп жатқанын да, «кішкентай жүректің» бес айға толғанын да байқамай қалды. Аяғымен жер тіреп, ептеп басатын болды. Қылығы күннен-күнге шығып, тіпті тәтті болып барады. Бар жұмысты ысырып қойып, қолдары қалт еткенде атасы мен апасы Ақбалаға келеді. Оларға жердің тайғанағы да, боран, жауын-шашыны да бөгет бола алмайды. Бірінші кезекте «кішкентай жүрек». Кейде ұлының үйіне қонып қалғанда, биік үйдің терезесінен қарап, басқаларға білдірмей: «Әнебір көп үйлердің ішінде менің «кішкентай жүрегім» бар деп, іштей сағынып та, қуанып та қалады. Ертеңгі оны көретін күнге асығады. Ол да кіргеннен біле қояды, киіндіруді де күтпей, далаға апар деп ұмтылады. Көңілін қимай, далаға апарып, қыдыртып, бірнеше сағаттан кейін бір-ақ оралады. Шықылықтап күліп, қылық шығарып, кетерде қабағын түйіп, жібермей қояды. Ұйықтаған соң ғана болмаса, оған дейін шығуға рұқсат жоқ.

Жастыққа сүйеніп, ептеп отыра бастады. Далаға шығарып, көгалдың үстінде жалаңаяқ көтеріп тұрса, өзі жүгіріп бара жатқандай «зытады» кеп. «Міне, өзім жүгіріп барам ғой, көрдіңдер ме?» деген дей құлақтары қалқиып, қарап тұрғандарға бұрылып тұрып, мақтанып қарайды.

Алты айға толған күнін әкесі кафеде атап өтті. Сол күні апасы алғаш қызыл ала қыздың көйлегін сыйға тартты. Оны кигізіп, айнаға қаратқанда ол «әйәй» деп қатты қуанған болатын.

Ең сүйікті адамдарымен ең алғаш кафеде отырған оған да ұнаған болу керек. Сәкіге қойылған үстелді жағалап, үстел үстін қолымен шапаттап, мәз болды да қалды. Маусым айы, күн жылы. Табиғат тамылжып тұр. Аспанда бір түйір бұлт жоқ. Жерге төсеніш төсеп жата кеткің-ақ келеді.

Бұған да жетті. Ертесіне бәрі саяжай жаққа барып демалуды ұйғарды. Күннің көзіне жылынып тұрған шелектегі суды көргені сол, қолын созып ұмтыла берген соң, Сая шешіндірді де, қызын судың ішіне сала қойды. Суға түсуді қатты жақсы көретін ол шапаттап бір мәз болсын. Тіпті шыққысы келмейді. Алдап-сулап әрең шығарып алған Сая киіндіріп көгалға төсеніш төсеп, үстіне қоя берді. Бұл кең жерді, таза ауаны Ақбала қатты ұнатты. Жерде жатып, жылжуды үйренді. Таза ауада тіпті бала жақсы ұйықтайды ғой. Тамаққа да тәбеті шауып, нағашы ағаларының балаларымен ойнап бір масайрап қалды. Жаңа піскен өріктен де жеп, бітіріп қойып, қайта сұрады.

Текемет жайылған, көрпешелер төселген тапшанда бәрі самауырдың шайын ішіп, отқа піскен тамақ жеп, піскен өріктерді талдан сілкіп түсіріп, жәшіктерге теріп салып жүрген немерелеріне қарап Толқын «Тәуба!» деп қойды ішінен.

Қалаға бір келгенде атасы мен апасы тамақ ішкенде отыратын балаларға арналған үстел әкеп берді. «Қуанса, бала қуансын» деген, өзіне арнап әкелгенін сезінген Ақбала екі қолын шапаттап, көздері жайнап, қатты қуанды. Ешкімге тәуелді болмай, өзім жеке отырып тамақ жейтін болдым-ау дер еді, тілі бар болса. Бірақ соны айта алмаса да, көзімен ұқтырды.

Мың түрлі қылық ашып, Ақбала қырқүйекте тоғыз айға толды. Бөлме-бөлмеде еңбектеп, жортып жүр. Тым ерке. Ойыншықтарын жақсы көреді, маңына жинап қойғанды ұнатады. Келген сайын бір ойыншық, қуыршақ алып келетін апасын да тым жақсы көреді. Әр әкелген нәрсеге қуана біледі.

Атасының үйіне келсе, кеткісі келмей қалатыны бар. Қолын бұлғап әкешесіне «кете беріңдер, мен осы жерде, таза ауада қаламын» дегендей қылық көрсетеді. Жақсы көргенді бала да біледі, өзінің жайы қай жерде болатынын олар да сезеді екен ғой. Ақбала анасы зат-





тарының бәрін жинап, «ал кетеміз!» дегенде жүгіріп барып төрдегі төсекке жата салып, кішкентай қолдарын сермеп, қоштаса бастайды. Бұл қылығына апасы қатты риза.

Тіпті тастап кетсе, қала беретін де түрі бар. Бірақ қалдырмайды ғой...

Толқынның ойына ата-енесінің қолында өскен үлкен ұлы түсті. Бұларға келгісі келмейтін. Бір күні жаңадан шана сатып алып, «жүр, үйге барайық, саған жаңа шана сатып алдық, өте әдемі» деп қызықтырса да, барғысы келмей: «Бұл жақта да шанам бар» деп, ескі, тозығы жеткен шанасын айтып, теріс бұрылып кететін еді.

– Осында келсем, уақытында асымды ішіп, жуынып-шайынып жақсы болып қаламын. Үйде Ақбала шай ішкізбейді, түк істей алмаймын, – дейді Сая кейде шешесіне шағынып.

– Е, балам-ай, сендердің күндерің жақсы ғой. Арқан-арқан кір жуып, даладан отын әкеп, от жағып, үйінді жылытып, самауыр қойып жатқан жоқсындар! Менің шешем марқұм тоғыз баланы қалай өсірді екен?! Арқан-арқан апта сайын кір жуатын, баланың жаялығын айтпағанда. Таң атпай тұрып, үйге бір құшақ отын кіргізіп, от жағып, үйді жылытып барып, бізді бұрқылдап самауырда қайнап тұрған шайға оятатын. Пеште сүт пісулі, тамақ істеулі. Шешем марқұм үлгермеймін деп айтпаушы еді. Даладағы малды жайғау, сиыр сауу былай тұрсын, бізді киіндіріп, шашымызды өріп сабаққа жібереді ғой.

Сенің өзінді қалай өсірдім, Шығыстың боранды күндері қанша өртеп жақсақ та, үй жылынбайтын. Сен ол кезде қырқыңнан да шыққан жоқсың, ағаң жүрмейді, араларың өте жиі. Екі жүрмейтін баланы суық үйде қалай баққанымды сен қайдан білесің? Памперс деген жоқ ол кезде, кірді қолмен жуамыз, жуған жаялықтар кеппейді. Бойымыз жылынбай, қабат-қабат киіммен жүреміз. Сенің жаялығыңды ауыстырамы дегенше, тісің тісіне тимей, еріндерің көгеріп, қал-

шылдап қалатынсың. Сол жылы көмір өте нашар болды. Өзіміз бір немістің үйінде пәтерде тұрамыз. Тәуба де! – деп, қызын өткен күнді еске салу арқылы тәубаға шақырды.

– Ия, сенің басыңда өз үйің, астыңда көлігің, жылы төсегің, отың жағулы, кірің жуулы, сүтің сауулы, наның пісулі – одан артық не керек. Керек затыңды тіпті үйіңе әкеп береді.

Сая ойланып қалды.

Ақбала он бір айында жүре бастады. Ата-анасына қуаныш сыйлаған алғашқы қадамы басталды! Жүргеніне өзі де мәз.

Кішкентай кілемге отырып, салған төсектің төсенішіне жармасып отырып алып, сүйре деп тұрмай қоятын әдеті бар. Тіпті тазикке отырғызып сүйре дейтінді де шығарды. Сосын атасы картон жәшікке дөңгелек салып, үйге кіріп келгенде, одан бақытты жан жоқ еді. Атасы машина мінгізгендей болды. Көрпеше төселген «бортына» отырып алады, сүйресен, қуанып, шықшылықтап күліп мәз болады. Біршама сөздер біледі. Тілі ерте шығады-ау, біраз сөздер біледі, – деп ойлады апасы. Дені сау, ұйқысы тыныш. Ол ұйықтағанда шыбынның ызыңы естілердей үнсіздік орнайды. Аяғының ұшымен жүреді бәрі. Ұялы телефонның бәрін өшіріледі. Есіктің қоңырауы ажыратылады. Ол ұйықтап жатқанда бұл үйге адам кіру мүмкін де емес, келген адам далада тұрып қалуы мүмкін. Бір жаққа баратын болса да, төсектен жұлып алып, киіндіре салып, жолға шыққан емес. Ұйықтайтын уақыты да бұзылып көрмепті. Сәбилердің ұйқысы бұзылмау керек деген қағиданы жақсы ұстанады шешесі. Ол төсектен құлап кететін болса, тау құлап кеткендей, үйде азан-қазан жүргіріс болады. Жан-жағының бәріне жастық қойып, қайта-қайта қарап отырады Сая да, Асқар да.

Осы кезде Толқынның ойына тағы да балаларының кішкентай кезі түсті.

Жас кезі, 23-24 жас арасы. Ауылдың шет жағында бір қарт әйелдің қоржын





тамында пәтер жалдап тұрып жатқан кезі. Ауылға қызықты кинолар келеді. Бұлардың да әдемі киініп алып, елмен бірге қызықты киноларға барғысы келеді. Бірде балаларды ұйықтатып тастап, (ең кішкентайы бесікте) жолдасымен бірге киноға келеді. Клуб та жап-жақын жер емес. Кезекке тұрып билет алып, ішке кіргеннен кейін киноның қызығына кірген адам бәрін ұмытып кетпей ме?! Кино бітті деген жазу шыққанда, балаларын ұйықтатып, сыртынан жауып кеткені есіне жаңа түскендей, күйеуі екеуі үйге қарай асығады. Кино тым ұзақ болды, оянып кетпеді ме екен деген күдікпен жаны жай таппай келеді. Үйге жақындаған сайын есі шығып, әрнені ойлап, дегбірлері қашып кеткен. Күйеуі сыр бермей келе жатқаны болмаса, оның да ойы он саққа бөлініп, жүгіріп-жүгіріп қояды. Толқын қолы дірілдеп, есіктің кілтін жайлап аша бастады. Асыққанда ол да ашыла қоймайтын сияқты көрінді. Құрсын, бұдан кейін балаларды иен тастап ешқайда бармаймын деп өзіне-өзі іштей серт берді.

Кіргенде тып-тыныш ұйықтап жатқан балаларын көргенде, көңілі орнына түсіп, қара сорпа болған маңдайын орамалмен сүртті. «Не деген ақымақ едім», – деді іштей. Тәуба, Аллаға мың да бір шүкір. Оянып кетіп, жылап қалса қайтер едім, органшысы төсектен құлап қалса, не болады?! – деп, зәресі қалмай, ақылы енді кіргендей, тәубасына бір келгені бар. Періштелері қорғап қалған ғой, – деп, өзін-өзі ұзақ жұбатты. Бірақ одан кейін де бір қайталады. Жұмысқа шықпақ болып, декреттік демалыстан кейін жұмыс орнына барып сөйлесуге кеткенде, кішісін бесікке таңып, ұйықтатып кетті. «Оянса, тербет» деп үлкеніне қатты тапсырды. Жұмысқа шығатын болып, бір ай істесем де, балаларыма киім болсын деп келісіп, үйге асығып қайтып келгенде кіші ұлының бесіктен басы салбырап жатқанын көрді. Төсекке шығып алып, секіріп, айта алмай «ы, ы» деп тұрған

үш жастағы үлкен ұлын көріп, дереу жүгіріп келіп, бесіктің белбеуін шешкенде, көкпеңбек боп кеткен бала әрең тыныс алып жатты. Сәл болмағанда ауа жетпей, өліп кетуі мүмкін еді ғой. «Құдай сақтап қалды мені, құдай сақтап қалды!» – деп, айқай салып жылап, үйді басына көшірді. Бұл жылаумен бірге іштегі бар күйзелісін, шерін шығарып жатқандай еді. Үлкен ұлы інісінің басын көтеріп, қайта жастыққа салуға шамасы келмеген секілді. Бір сұмдықты сезіп, төсекке шығып секіріп, әлі тілі шықпаған бала ымдап көрсете берді.

Осыларды ойласа, Толқынның жүрегі ауырып кетеді. Өттең, шешесінің алыста екені есіне түсіп, қамығады. Ал, мен қызыма жақынмын ғой. Қарап бер десе қашпайын, – деп бекінді.

Қапалақтап қар жауып тұр. Ертең Ақбаланың бір жасқа толатын күні! Ақбаланың да, әке-шешесінің де қуанышында шек жоқ, ата-апасы да балаша қуануда. Атасы жалтыраған жап-жаңа 200 теңгеліктен «Ақбала» деп жазды қызыл пүлішпен қапталған фанерге. Ол тіпті көздің жауын алады. Апасы бастан-аяқ қазақша киім тікті. Билейтін музыкалы қуыршағы тағы бар. Әке-шешесі өзі отырып жүргізетін қып-қызыл машина сыйлады. Оған аулада қызықпаған бала жоқ. Машинаның артынан шұбап, бір сипап көргендеріне мәз боп жүргені.

Саяның дайындығы тіпті ерекше. Ілетін баннер, аяғының астына төсейтін «ақ жол» төсеніш. Той бастар, бомбенерки, т.б. дүниенің шарын үрлеп, мейрамхананың бір қабырғасын толтырды.

Тойға жақын-жуықтар жиналды. Тұсау кесу рәсімі басталды. Ақбаланың тұсауын өнер адамының біріне кескізіп, бері қарай тәй-тәй бастырып, тұсау кесу өлеңімен ақ жайманың үстімен жүргізіп әкеп, алдын ала қойылып қойған заттарды таңдау басталды. Ақбала ақ жібек-





пен жүріп келіп, жайлап отырды да, қайсысын таңдауды біраз ойланды. Қайсысын таңдасам екен деп, қарап отыр. Елдің айқай-шуы, қуанышы оған да әсер етіп, көздері бал-бұл жайнайды. Балалар туралы кітап, жиырма мыңдық бүтін ақша, домбыра, көліктің кілтті, апасы әкелген билейтін қуыршақ, т.б. бәріне бір-бір қарап алды да, домбыраға қол созды. Осыным дұрыс болды-ау дегендей, шешесіне қарап қойып, екі қолып шапалақтап, өзі қоса қуанды.

– Өнерлі бол, ботам!

– Талабыңа жет!

– Атақты домбырашы бол!

– Нағашыңа тартқан әртіс бол! – деген қуанышты тілектер жан жақтан естіліп, у да, шу болды да кетті. Толқын жерден көтеріп алып, бетінен сүйіп тұрып:

– Күнім менің, бір жасың құтты болсын! Талабыңа нұр жаусын! деді шын ниетімен риза болып.

Анасы да, өзі де аппақ көйлек киіп алған Ақбала күндегіден де сүйкімді болып кеткендей.

Толқын апасы бір жерге сүрініп қалмасын деп, бір сәтке де жанынан шығарған жоқ.

Бір жасқа толуға арналған тұсаукесер той өте қызықты, сән-салтанатты өтті. Келген екі жақтың құдалары ән тындап, жарасымды әзіл-қалжың, ақжарма тілек айтып, суретке түсіп көңілді тарады.

Бір жастағы Ақбаланың сол күнгі қылықтары, туған күнінің қуанышын сезінуі ерекше еді. Кейбір балалар тұсауын кесерде жылап, қонақтардың есін шығарып, үйді басына көшіріп жатады ғой. Бұл осының бәрі болу керек екенін алдын ала білетіндей, бала да болса, өзі үлес қосып жүргендей көрінді. Үстіндегі ақ шағырдай әдемі ақ көйлегін былғамай, ақ үлпілдек жүні бар ақ топлин бабымен аялап басады. Басындағы ақ үкілі ободогы да жарасып кеткен. Суретке де күлімсіреп, әдемі түскен.

Ақбала кішкентайынан құстарға, жан-жануарға, күшік-мысықтарға құмар.

Анасымен далаға шыққан сайын кептерлер мен торғайларға жем бергенді ұнатады. Олар да бұдан қашпай, қасына үймелеп алады. Қуыршақтарын да өте аялап ұстайды. Мысық сувенирді «фым-фым мияу» деп атады. Тілінің келгені сол. Бергін, тілі шыққанда қуыршақтарының бәріне ат қойып шығатын.

«Қызыл телпек», «Мақтақыз», қазақша киімі бар қуыршағына «Қамажай», орыс қуыршағына «Маша», т.б.

Олармен ойнауы да, тізіп қойып, кішкентай жастықтарын салып, жатқызып, үстін жауып, біраздан кейін тұрғызып «тамақ беруі» – бәрі-бәрі қызық болатын. Оларға сөйлеп отырып, анасының өзіне айтқан сөздерін айтқанда, «Мамам маған сөйтіп айтады ғой» деп, өзі күліп жіберетін.

Баланың ойлау қабілетін, миын дамытатын ойыншықтарды көп әпереді. Оның бәрін әп-сәтте құрап үйреніп алады. Ерінбей құрақ құрайтын апасы сияқты сол құрап ойнайтын конструкторлардың бәрін құрап болмай, тамаққа келмейтін. Суретті картиналарды бояғанды жақсы көреді. Бірақ сол қолымен ұстайтыны апасын ойландырады. Солақай болғалы тұр-ау, бірақ солақайларды зорлап, оңқай жасауға болмайды деуші еді ғой деп, әрі-сәрі күй кешеді.

Өзінің екінші ұлын солақай болып кетпесін деп, тамақ ішерде сол қолын байлап қоятыны есіне түсті. Соған әдеттеніп кеткен баласы, тамаққа отырғанда, «Мама, қолымды байла» деп сол қолын ұсынып тұратын. Ол сонымен оңқай болып, үйреніп кетті. Ақбаланың қолын байлауға ата-анасының құлқы жоқ.

Ақбала екіге таяп қалған кез. Аяқ астынан Сая жұмысын жалғастырмақ болып, әке-шешесінің үйіне келді. Асқар болса қалада бұрынғыша жұмысын істей береді. Мұны күтпеген Толқын мен Айбар абдырап қалса да, бір бөлмені түгелдей босатып, Сая мен Ақбаланы орналастырды. Бұлар Ақбаланың жанында болатынына қатты қуанып жүр. Ол былдырлап





неше түрліні айтады. Жартылай көшіріп әкелген Асқар Ақбала қызының төсегін де ұмытпапты. Әрине, бұл үйде баланың төсегі табылмайды, басқасының бәрі бар ғой. Бөлмені тазалап жуып шыққан Толқын адыраспанмен аластауды да ұмытқан жоқ. Ертесін ерте Сая тұрмыс құрмай тұрғанда қатарынан 5-6 жыл жұмыс істеген қызметіне кетті. Декреттік демалысын баланың үш жасына дейін жалғастыруына болатын еді. Ақшадан қысылды ма екен деген де ой келді Толқынға. Бірақ үндеген жоқ. Өйткені Ақбала жанында.

Анасына әбден бауыр басқан, ерке Ақбаланы қарай алам ба деген ой Толқынды түнімен мазалап шықты. Бірақ өзіне сенімді сияқты болды. Анасы жұмысқа кетті. Сәби ұйықтап жатыр. Құлағы сол бөлмеге түрлі. Есікті ашып қарағысы келді. Бала жататын төсекте емес, анасымен бірге жатқан екен. Тәтті ұйқысына қызығып қарап тұрғаны сол ұйқыға сергек Ақбала көзін ашты да, дереу анасын іздеді. Ол солай үйренген. Енді қайттім деді апасы абыржып.

– Міне, мен бармын ғой, қарашы, апаң қасында! – дегені сол еді, ойбайға салып, анасын іздей бастады. Ештеңеге көнбейді. Әкелген ойыншықтардың бәрін лақтырды. Толқын шынымен сасқалақтап, не істерін білмей тұрғанда қызы телефон шалды. Телефоннан анасының бейнесін көрген Ақбала одан сайын жылады.

– Қоймаса, алып кел, – деді қызы. Мұны не қылады, жұмысына кедергі қылып. Бірнәрсе қып жұбатармын, омыраудан да таяуда әрең шығарған еді ғой, еметін емес, неменеге апарамын, – деген сияқты ойлармен арпалысып жүріп, көтеріп, ойнатып, әйтеуір, кішкене жұбатқан болды. Ортаға үлкен түйе жүн көрпені жайып, үстіне ойыншықтарды шашып, қалағанын әперіп, бір әлек болды да қалды. Күнделікті шаруасы жайына қалды. Кәмпит жеуге болмайтынын білсе де, бір жылтыр қағазы әдемі кәмпит

көрсетті. Жат та жабысып, оны алып жеп алды да, қайта сұрады. Осы мүмкіндікті пайдалануды бала екең бала да біліп тұрғанын қарашы. «Бала – тамыршы», – деуші еді, әулие екен ғой апамыз! Жақсы көретін адамдары айтқанын істейтінін әбден біліп алған екен-ау, мына «тамыршы»! – деп ойлап қойды Толқын ішінен.

Апасы бесікте жатқан бала қыңқылдап ояғанда, «қыңқ» етсе бітті жанына жетіп бармаңдар деп үйреткен. Расында кішкене қыңқылдайды да, «мені ешкім керек етпейді екен ғой, онанша ұйықтайын», – дегендей ары қарай ұйқысын жалғастыра беретінін Толқын өзінің үш баласын өсірген тәжірибесінен біледі. Бұл да менің тамырымды басып тұрғанын қарашы. Мені қанша жақсы көрсе де, анасын іздейді екен ғой. Бірге ұйықтап, иісі сіңіп, әбден бауыр басып алған бала оңайлықпен ажырасын ба? Көзінде «Мамам қайда?» деген сұрақ. Толқын жаны ашып кетіп, киіндіріп, Айбарға көлікті қыздыруын өтінді. «Мамаңа барамыз! Сосын кетесің үйіңе» дегенді естігенде, Ақбаланың секіріп, қуанғанын көрсең. Анасындай бола алмаймыз ғой, әрине, құдайым сәбилерді анасынан айырмасын! – деп ойлап келе жатып, қызының жұмыс орнына да жетіп келді.

Машинадан түсіп жатқанын терезеден көріп отырған Сая астыңғы қабатқа түсіп, алдарынан шықты. Ақбала анасының басқыштан түсіп келе жатқанын көріп, «Мама!» деп жүгіре жөнелді. Екеуінің қауышқанының өзі бір кино ғой. «Қызым, Ақбөпем» деген Сая да екі-үш сағаттың ішінде сағынып-ақ қалған екен.

Көлікке сол отырғаннан өз үйлеріне біржола кетеміз деп ойлаған болу керек, Ақбала есік алдына тоқтағанда, бір ауыз сөзімен наразылығын білдіріп қалды. «Мына үйге тағы келдік пе, ой, апа...» дегені. Қыран-топан күлкі. Ішке кіріп, атасы қызық көріп, қайта сұрады: «Ақбала, сен жаңа не дедің?»

– Ой, құдайым-ай, мына үйге қайта келдік қой?! – деп, қолымен осы үйдің





еденін нұсқап-нұсқап нығарлап сөйледі. Сөзі қатты анық болмаса да, ойын тамаша жеткізіп тұр.

Ақбаланың омыраудан шыққаны да бір үлкен оқиға. Ащы жаққанға да, еш-нәрсеге көнбеген сәби, анасы әбден түсіндіріп айтқанда, болмайтынын ұғынып, емгісі келгенде, ауызын басып, егіле жылап жүріп, қиналса да, түсініп, осылай шыққан екен. Ақылыңнан айналайын, ақылды ғой менің балам, – деді естігенде апасы.

Осылай бір айдан аса уақыт өтті. Біршама үйреніп қалды, түсте Айбар Саяны алып келеді, тамағын ішіп болған соң, ұйықтағып кетіп жүр. Режимі бұзылмау керек. Бір күні өзі де қоса ұйықтап кеткен болу керек, атып тұрып, жұмыстан қалдым-ау, – деп, әкесінің машинасына отыра салып, жұмысына кетеді. Кешкісін ауырыңқырап қайтты. Толқын алаңдап, кешігіп қалып, жұмыста сөз естіп қалды ма? – деп те ойлайды. Бірақ қызы ештеңе айтпайды. Ауырып, ыстығы көтеріліп, жатып қалды. Дереву жедел жәрдем шақырды. Түпкі бөлмеде дәрігер қарап жатқанда кедергі жасамасын деп, Ақбаланы ойнатуға ас бөлмеге алып кеткен Толқынның құлағы әлденені шалып қалды.

– Неше ай болды? – дейді дәрігер.

– Үш ай, – дейді Сая.

Ойында ештеңе жоқ, баланы көтерген бойда Толқын ашық тұрған бөлмеге келеді.

– Мамамдар білмейді, – деп күлді Сая.

– Нені? – деді Толқын, бір жағы шошына.

– А, сіз білмеуші ме едіңіз, қызыңыз тағы бір сәби әкеледі! – деп, саңқ ете қалды ақ халат киген аққұбаша келген қыз.

– А-а, е, жақсы болған екен! – деп, Толқын да қуанышын жасыра алмай, абырғап қалды.

Сол екі ортада күйеу бала да келе қалып, бұлар қалаға біржола қайтпақ болды. Декреттік демалысын жалғастырмақ.

Бұлардың не білгендері бар екенін қайдан білсін, тағы да Ақбаланы сағынатынын ойлап, кішкене көңіл күйі өзгере қалды. Артынша жаңағы жақсы жаңалық есіне түсіп, бойын қуаныш кернеді.

«Кішкентай жүрекпен» тағы да қимай қоштасып, Толқын Айбар екеуі шошайып қала берді. Олар жатқан бөлме үңірейіп тұрғандай. Көпке дейін Ақбаланың қылығын айтып, күліп, бір мәз боп алады:

Бір күні анасы түстік үзіліске келгенде көңілденген Ақбала төсегінің үстінде секіріп тұрып: «Бақа, бақа, бааааақ!

Кетпе, мама, жатт!

Жвая ват, жвая ват,.....» деп көп қайталады. Сендермынаған не үйреткенсіңдер? – деп, Сая күлді. Сол сөздің не екенін Толқын әлі білмейді. Бала ғой, қызық, тілі келгенін айта береді.

Айтқан сөзіңді тез қағып алып, артынша қайталап айтатын. Әннің де әуенін ыңылдап екідегі бала айтып жүреді. Мұны апасы жақсылыққа жориды. Тегін бала болмайды деп ойлайды. Тілі анық болмаса да, былдырлап сөйлеп жүргені бір қызық. Қасықпен тамақты бірінің артынан бірін бере қалсаң, «нығыждама» дейтіні бар. Естігені ғой.

«Бартолита қораз» мультфильмін қойғызып, соның ішіндегі жан-жануарлардың дауысын салып, дауысын дұрыс таба алмаған әтешке кәдімгідей күйініп, ең соңында өз дауысын тапқанына сүйініп, қол шапалақтайды. Небір құрайтын ойыншықтардан биік-биік пирамида жасайды. Бір көргенін еш ұмытпайды.

Екі жарым жасынан бастап үйлеріне жақын жердегі балалар бақшасына барды. Көпке дейін үйрене алмай, ол жақта ұйықтай алмай, тамақтарын да жемей жүрді.

Сөйтіп жүргенде бұл жаз Ақбаланың өміріне де, ата-анасына да бір жақсы жаңалық әкелген жаз болды. Ақбала інілі болды! Анасы ауруханаға кеткенде, апасы қарады. Балабақшаға бауыр басып кете алмай жүргенде анасының қасынан кет-



кені Ақбалаға ауырлау тиді. Мамам қашан келеді? – деп, көп сұрайды. Апасы жағдайын жасап, ертегі айтып, «мамаң кішкентай ләлә әкеледі, той жасаймыз» деп, қуансын, алдансын деп, неше түрлі әңгіме айтады. «Бесік жырын» тыңдап жатып, ыңылдап өзі қоса айтады да, ұйықтап қалады.

Үйге кішкентай сәби келгенде Ақбаланың психологиясында бір өзгеріс пайда болғаны көпе-көрнеу байқалып тұрды. Бөпені ысырып қойып, анасының қойнына өзі жатып алатын болды. Оны шомылдырып, сылап-сипап жатқанда да, «мен де шомылайыншы» дегенді шығарды. Біразға дейін үйрене алмай, ел көзін ала бере итеріңкіреп қойып жүрді. Бала ғой, ақылы кіргенде жақсы көріп кетеді, барлық жағдай өзіне жасалып, көңілдің бәрі өзіне ғана бөлінгенге үйреніп кеткен. Енді үйіне кеше ғана келген бір кішкентай балаға бәрінің ықыласы ойысып кетіп, елдің бәрінің назары соған ауғанына қызғаныштық танытып тұрғанын түсінуге болады, – деп апасы бәрібір Ақбаланың сөзін сөйлеп тұратын.

– Апа, – деді, бір күні апасының құлағына сыбырлап, – Әлиханды сендер алып кетіндерші, сонда мамам мені ғана еркелетеді ғой демесі бар ма?!

– Сіз келсеңіз қатты еркелеп кетеді дегенді шығарды Сая. Ақбаланың апасын арқаланатыны рас. Бар өнерін көрсетіп, билеп, өлең айтып, елдің назарын өзіне аударғысы келіп тұрады. Апасы әрбір ісіне көңіл бөледі, мақтайды, білмегенін үйретеді, қыдыртады. Қолына ілінген жақсы нәрсесін Ақбаланың қолына ұстатады. Сосын неге жаман көрсін апасын. Атасын да жақсы көреді, соңынан кірсе, келмей қалды ма екен деп іздейді.

Үшке таяған кезде «Әліппе» кітабындағы әріптің таңбаларымен қойылған суреттің бәрін тауып, шамасының келгенінше атап шығады. Қандай жаңа ән шықса, соны телефоннан тауып, қойғызады. Соған билейді. «Жылтыр көйлек», үнді әуені «Жми-жми, ача ача», т.б

Ақбаланың үш жасы өзінің үйінде тойланды. Анасы неше түрін пісіріп, мол дастарқан жасап, барын қойып, құндақтағы сәбимен – төртеуі ғана атап өтті. Дастарқанның да, қабырға түгел әшекейдің де, түрлі-түсті шардың да Ақбалаға қажеті шамалы болып отырғанын алысқа қыдырап кеткен апасының іші сезді. Көңілсіздеу отырған немересін көріп, бізді іздеп отыр-ау, оған атасы мен апасы ғана жетпей тұр, жаным-ай! – деп, дәл осы кезде төркініне кете қалғанына өкінді. Бірақ бармасқа болмады ғой. Туған әпкесі жетпіске толып жатса...

Бірақ ол жақтан Ақбалаға арнап ең үлкен дүкенге арнайы барып, әдемі, көкпенбек етегі желбіреген, сәнді бантигі бар көйлек сатып алды. Қасында үлкен көзі бар «Лола» деген қуыршақ. Пойыздан түсісімен атасы мен апасы бірден осында тартты. Құйып қойғандай көк көйлекті, көзі танадай әдемі қуыршақты көргенде Ақбаланың көзі жайнап сала берді. Оларды былай қоя салып екеуін алма кезек құшақтап, беттерінен сүюді де ұмытқан жоқ.

– Апа, ата, рақмет! – деп, қолын кеудесіне қойып, басын иіп, алғысын білдірді. Бұл қылығына дән риза болған бұлар, Ақбаладан туған күніне келе алмағаны үшін кешірім сұрады.

– Сендерді көп күттім ғой, ұйықтайтын уақытқа дейін күттім, – деді.

– Білдім ғой, жаным-ау! Осы ең әдемі көйлек пен әдемі қуыршақты көп іздеп жүріп қалдым емес пе?! – дейді апасы.

– Бүгін сенің қасыңа жатайыншы, апа, сағынып кеттім!

– Жарайды, дегенің болсын!

Төсегін көтеріп әкеп, апасының қасына жатты. Әбден сағынып қалыпты. Қайта-қайта құшақтай береді. Арқасын сипап жатып, бесік жырын айтып жатқанда, «апа, кетіп қалмаңдаршы» деп өтініш білдірді.

– Кетпеймін, қозым, ұйықтай қой! – дерін десе де, үнемі уәдесінде тұра алмайтыны жанына батты. Кетіп қалғаннан





кейін ол қатты іздейді екен. Тіпті егіліп жылап алады дейді. «Апамдар неге кетіп қала береді, мен оларды жақсы көрем ғой, осында неге тұра бермейді» дейді екен. Баламысың деген... апасының үйі-жайы бар екенін, оның да өзіндік шаруасы болатынын қайдан білсін кішкентай балақан.

Жалпы, Ақбала көпшілікті жақсы көреді. Апасы есіктен кіріп келгендегі тыпырлап, шешінгенше шыдамай, құшақтай алады.

– Қоя тұр, балам, қолымды жуып алайын, даладан келдім ғой, – дегенде барып,

– Иә, апа, қолыңды жуып ал, сабындап жу, сосын мына орамалға сүрт, – деп, тазалықты жақсы көретін Ақбала өзі бастап кетеді.

Осы кейінгі кезде Ақбаланың ақылы кіріп: Әлихан менің бауырым, ол жақсы, алып кетпей-ақ қойшы, апа, өзім бағамын, – дейтін болыпты. Оны бесікте жатып жыласа, тербетеді. Сылдырмақ сылдырлатып, жұбағады.

Бір күні апасы өз ойын алаңынан жалықты ма деп Ақбаланы келесі арт жақтағы аулаға ойнатып алып барды. Сол кезде сөйлеп қалған бір қыз жандарына келіп, танысқысы келетінін айтты. Оның да аты «Ақбала» екен. Аттас болғаны ұнады ма, әлде сол қызды шынымен жақсы көріп қалды ма, екеуі тез тіл табысып, ойнап кетті. Ол бұған би билеуді үйретті. Бір кезде оны анасы шақырып, қоштасып, үйіне қарай жүгіріп кетті. Ертесіне де, одан кейін де шығып, ол қызды қайта кезіктіре алмады. «Апа, сол аулаға барайықшы!» деп, көпке дейін іздеп жүрді.

Сол кезде «Балқия» деген өлең хит болып, елдің бәрі айтып жүрген кез еді. Ақбала бір-екі естігенде-ақ жаттап алған. Мәнерін келтіріп, өте әдемі орындайды. Әнді орындаушыны да біледі. Апасы ұмытып қалып, Бабай-Қорған ба десе, жоқ, апа, «Ұлан Ғасыр» ғой, - деп, жөндеп қояды ынта-шынтасымен.

Бір күні аталарының үйіне қыдырып келгенде, ішінді Ұлан Ғасыр «Балқияны» айтатын концерт келетін болыпты. Ондай жақсы нөмірді соңына таман қоятыны белгілі ғой. Концерттің басынан аяғына дейін шыдап, сол әнші шыққанда сахнаға қоса шығып, сол орындаушы жігітпен бірге тұрып өлең айтты. Елдің бәрі қол соғып, бір тамаша көңіл күймен үйге қайтты. «Мен сөйтіп айттым ғой» деп масаттанып, қайтарда көліктің ішінде де емін-еркін әндете жөнелетін. «Алло» деген Ерке Есмахан айтатын өлеңді үтір-нүктесіне дейін қалдырмай айтып береді. Әнді бұзбай айтады.

Балабақшада мынау қасымдағы баланікі, мынау Айдардікі, мынау Гүләйімнің тақпағы деп, бүкіл жаңа жылға арналған ертеңгіліктің тақпақтарын айттып, аяғында, «Осымен ертеңгілігіміз аяқталды», – деп, басын иіп, сәлемін жасап, бір-ақ аяқтайтын. Тәрбиешісі дән риза болып: «Басқа балалар өз тақпақтарын жаттай алмай кібіргіктеп қалса, «апай, мен айта салайыншы» – деп, қолын көтеріп тұрады Ақбала, бәрінікін жаттап алған» – дейді. Оны естігенде апасының жүрегі жарылып кете жаздап қуанды, достарына айтып мақтанды.

– Апа, есік алдына ойнауға шыққанда маған бір қыздар орысша сөйлейді, мен оларға қазақша жауап бердім, олар түсінеді екен, – деп келді бір күні даладан.

– Өзіме тартқан құлыным-ау, тамыры таза қазақша байланған ботам, тілін, Отанын сүйіп өсетін, намысқой, ерекше бала боп өседі бұл, – деп, апасы тіпті желпініп кетті.

Бір күні ұйғыр достарының үйінде қонақта отырғанда Ақбала анасына телефон шалдырып, сөйлесе қалды. «Мынау апамдар бағана шығып еді ғой, машинамен, неге әлі келмей жатыр, – деп, алаңдап отыр. Олар келгенше босағадағы шкафта отыра берем», - деп түспей отыр деп, Сая ұялы телефонды қызына бере қойды.

– Апа, қайдасындар, мен сендерді кү-





тіп отырмын, тез келіңдерші!

– Ботатайым, біз Имамдунның үйіндеміз, біраздан кейін барамыз.

– Ой, апа, мимо дома не істеп жүрсіңдер, кірмейсіңдер ме дегені...

Ішегі қатып күлген бұлар «Құлыным күтіп қалды ғой, қайтайық» – деп, тез жинала бастады.

Жаздың жайма-шуақ күндерінің бірінде түнделетіп Сая балаларын алып, әке-шешесіне бірнеше күнге қыдырып келді. Түнделетіп әкеп тастамасам, ертең жұмыс қой деп, кеш келгендеріне ақталғандай болған күйеу балалары тамақ ішіп болған соң қайтып кетті.

Ақбаланың қуанышында шек жоқ, кіргеннен апасын құшақтап, бетінен сүйіп, өзі де бетін сүйгізіп, аузын жаппай әңгімесін айтып қарық болды да қалды.

– Апа, білесің бе, жолда келе жатып, небір ақымақтарды көрдік қой, бізге қарап жарығын жағып қояды да, түк көрсетпей, «өшір» деп әкем белгі берсе, өшірмейді, ақымақ екен өздері деп қояды екпіндеп.

– Қой, үлкен адамдарды ақымақ деуге бола ма, кім айтты саған оларды ақымақ деп, ұят болады олай айтпа!

– Апа, оны папам айтты, «мыналар таза ақымақ екен ғой» – деп ыза болды. Мен өзім де алдыңғы орындықта отырып көрдім ғой, олардың жап-жарық жарығынан көзімді аша алмай қалдым, сосын көзімді жұмып алдым. Ал, папам да мен сияқты көзін жұмып алса, көлікті қайтіп жүргізеді?! – деп, бойбермей, өзінің сөзін дәлелдеуге тырысты. Ия, алдыңғы жақта өзінің арнайы орындығында отырған немересіне де әсер етіп, жайсыздық тудырған жүргізушілерді апасы да іштей ұнатпай қалды. Әкесі жүргізуші болған соң ба, Ақбала жол бойындағы жол жүру таяқшаларындағы ережелердің барлығын біледі.

– Жолда ақымақтар көп болды, апа, бірақ осы жақта жоқ екен, – деп, қашанда апасы мен атасы мекендеген қаланы мақтай жөнелетін әдегіне басты.

– Ең жақсы жер – осы жер, бұл жерде атамдар бар, ауасы тап-таза, бөлмелері кең, ұйықтағанда жақсы ұйықтаймын. Далаға шығып ойнағанда, бір нәрсем далада қалып қалды ма деп қорықпайсың, даланың бәрі өзіміздің аула, қанша ойнаймыз десек те өз еркіміз. Өзіміз кіріп-шыға аламыз. Ойнайтын құмымыз бар. Мен құмды жақсы көрем, – деп, айтып бола бергені сол, бір жұмыстарымен гаражға кеткен атасы кіріп келді. Қолында кішкентай сүп-сүйкімді бала күшігі бар. Басында байқамай, атасының келгеніне қуанып тұрған Ақбала күшікті көргенде, тіпті есі шығып кетті.

– Ой, қандай әдемі, маған берші, ата, рақмет саған! Ой, ой! Қандай сүйкімді. Менің күшігім болсыншы! Мама, өтінем, алып кетейікші, өзім-ақ қараймынға басты. Күшікті бауырына басып, қатты ұнатып қалғанын сезген апасы дереу даладағы жылып тұрған суларды тазикке құйып, кір сабынмен әбден сабындап, артынан шампуньмен жуындырып алды. Қоңыр күшік, тіпті құлпырып кетті. Жүні жұп-жұмсақ, жылтырап тұр. Расында адам қызығардай. Ақбала үйді ұмытты. Сол күшіктің қасында, апасы далаға кең қып жайып қойған текеметтің үстінде ойнап отыр. Күшікті бауырынан да қызғана бастады. Бұл менікі, атам маған әкелді ғой.

– Ата, бұл күшікке мен ат қояйыншы, – деді жүгіріп кеп. Бауырының атын атасы азан шақырып қойғанда көргенін есіне сақтап қалған болу керек. Бәрімізді жинап: «Қараңдар, мен күшікке ат қояйын деп жатырмын, – деді де, күшіктің құлағына «Сенің атың – Қоңыртай» деп, үш рет айқайламасы бар ма! – Қоңыр ғой, ия, апа?! – дейді апасына қарап, бұным дұрыс па дегендей. Мұны күтпеген үй ішіндегілер:

– Әрине, әрине, дұрыс! – деп, қол шапалақтап жіберді.

Қоңыртайына арнайы ыдыс дайындап, оған сүт құйып, ішіне нан турап берді. Ол жеп алды.





– Сенің де қарның ашты ғой, ішке кіріп сен де тамақ ішіп ал, қазір күшікпен ойнауға шамаң келмей қалады, – деген жөн сөзге тоқтап, тамағын ішіп алып, қайта шықты. Ол кезде атасы әдемілеп Қоңыртайға ұя жасап жатты. Ұя біткенше Ақбала қарап жүрді. Атасы ұяның төбесіне көкпеңбек оракалмен «Қоңыртай» деп жазып қойды. Оған Ақбала секіріп қуанды. Ішіне жұмсақтап кішкентай кілемше төседі. Әбден шаршаған болу керек жайлы ұяға кірісімен қоңыр күшік ұйықтап қалды. Осы кезде Ақбала да ұйқыға кеткен еді.

– Жақсы болды ғой, ұя жасағандарың, болмаса, Ақбала бірге алып жатам деп, әлек болар еді, – деді Сая әкесіне ризашылығын білдіріп.

– Бәрін қойшы, мұны енді алып кетем деп қиғылық салады ғой, оны ойладыңдар ма? – деді апасы.

– Ой, сол да уайым болды ма, жиі-жиі апарып тұрамыз, сендердің үйлерің тар, үйге кіргізуге болмайды, далаға қойсақ, жоғалып кетеді ғой, – десек түсінеді, Ақбала ақылды ғой, – деді атасы.

Қоңыр күшік пайда болғалы Ақбаланың мінезі күрт өзгерді. Мейірімді, жоқтан өзгеге жыламайтын, бауырына қамқор, жүрегі бір қуанышты сезіп, жанары жарқылдап, жүзі бал-бұл жайнап, ұйықтап жатып та күлімсіреп жататын болды.

Атасы уәдесінде тұрып, Ақбала сағынып жүрген шығар деп, жәшікке салып Қоңыртайды алып барды. Қатты сағынып қалыпты. Атасына рақметін жаудырды. Жәшіктен шығарып алып, үлкендер шай ішіп отырғанда, апарып, диванның алдына жерге төсек салып жатқызып қойыпты. Ол аяқтарын созып, көсіліп рақаттанып ұйықтап жатыр. Әбден жуындырып әкелгеніне қуанған Толқын: Білдім ғой мен, осылай бас салатынын, – деп айтқанмен де, ит баласын үйге кіргізуге болмайтынын біледі. Оянысымен қайта жәшігіне салды.

Кішкентай Әлихан оны желкесінен

ұстап, көтеріп алады, ол не біледі, ойыншық екен деп ойлап жүрген шығар. Оны көргенде Ақбала шырылдап қоя береді. – Жібер, жібер, Әлихан, ауырады ғой. Ол жылайды қазір, жіберші, өзіме бер, – деп жалынады.

Осылай апарып жүрді де, кейін өсіңкіреп кеткесін апармайтын болды. Бірақ күшігімді сағындым дегенде апасы телефонмен көрсетіп жүрді.

– Ой, Қоңыртайым-ау, өсіп кетіпсің ғой, кішкентааай боп менің алақаныма ғана сыюшы едің ғой, қалай үлкейіп кеткенсің?! – дейді, ол бір түсінетіндей. Дегенмен анда-санда келгенде ойнап, бірге жүгіріп, сықылықтап күліп, қарық боп қалады.

«Кішкентай ғана жүрегімнің» жүрегі де нәзік-ау деп ойлады апасы.

P.S.

– Бүгін Ақбаланың жеке концерті болады, мама, сіздерді арнайы шақырып отыр, барасыздар ма?! – деген Саяның жарқын-жарқын шыққан дауысы тым көңілді естілді.

– Әрине, қызым-ау, неге бармаймын, міндетті түрде барамын! – деді Толқын орнынан жеңіл көтеріліп. – Арманына жеткен алтыным-ау, өзі телефон шалып, сізге бірінші айтып тұрмын, – деп еді кеше. Барамын, көремін! Көптен күткен қуанышын неге бөліспеске! – деп, қарт әже тіпті толқып кетті. Қуаныштың жасын қолындағы бет орамалымен сүртіп қояды.

– Кішкентайынан бойына сіңген, қанымен келген өнер ақыры, міне, жарқ етіп жарып шықты. Аңқылдаған алтын құлыным, өнерің үстем болсын, сенің биігіңді көрсем деуші едім, енді арманым жоқ, тәубе, тәубе! Е, Аллаһ, қазір алсаң да ризамын! Ақбаламды тіл-көзден сақтай көр! – деп, қарт әже асыға басып, үйінің есігінен шығып келе жатты.





Ермек ЗӘҢГІРОВ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі,
ҚР мәдениет қайраткері.


ТАҒДЫР

(ақын-жазушылардың өмір тарихтары)

АФРИКАЛЫҚ НОБЕЛЬ СҢЙЛЫҒЫНЫҢ БЕСІНШІ ИЕГЕРІ

Адам өмір сүру үшін жұлқыну, шатасу, соғылу, қателесу, бастап тастау, қайтадан бастау керек екен. Ал жан тыныштығын қалау рухани сатқындық көрінеді. Тағдырдың ең «сыбағалы табағы» осы табақтың ішінде шыжғырылып жатыр.

Танзаниялық жазушы Абдулразак Гурнаға Нобель сыйлығы «отаршылдықтың салдары мен оның мәдениеттер мен континенттер арасында қалған босқындардың өміріне тигізген әсері туралы ымырасыз және жанашыр ойлары» үшін берілді. Швед академиясы оның шындыққа деген керемет адалдығын және оңайлатудан бас тартатынын мойындады. Оның романдары стереотиптік сипаттамалардан бас тартып, Шығыс Африканың мәдени әралуандығына көзімізді жеткізді. Занзибарда дүниеге келген Гурна



АБДУЛРАЗАҚ ГУРНА
(1948 ж.т.)

1960 жылдары Ұлыбританияға босқын ретінде көшті. Ол Нобель сыйлығын алған бесінші африкалық жазушы.



2020 жылы американдық ақын Луиза Глюкке Нобель сыйлығы «сұлулығы жеке болмысты әмбебаптыққа айналдыратын сөзсіз поэтикалық дауысы үшін» берілді.

Нобель сыйлығы өзінің құпиялығымен және (шамамен болса да) элитизмімен әдебиеттің қасиетті өлшемін қалпына келтіреді. Нобель сыйлығын берудің бүкіл күрделі процесі (лауреат туралы жорамалдар, негіздеменің жариялануы, Нобель дәрісін күту және, ең соңында, Нобель сыйлығының лауреаты сөзінің өзі) ұлы әдебиеттің шынайы сиқырын қайта-қайта көрсетеді. Біз одан жұбаныш пен сәуегейлік іздейміз, ең қиын сұрақтарға жауап талап етеміз, гуманист жазушы бізге түбегейлі маңызды нәрсені айта алатынын мойындайтынына сенеміз. Біз әлі де сөз әлемді өзгерте алатынына сенеміз. Ең қорқынышты және азапты сұрақтардың жауаптары әлі күнге дейін кітаптардың арасында жасырылған. Ал Нобель сыйлығы өзінің мұқият жасалған рәсімдерімен қайта-қайта белгілі бір адамды емес, адамзаттың сөзге деген сенімін және оны ұстанушыларды марапаттайды. Бұл әлемдік тәртіптегі өте аңғал көзқарас. Бірақ бұл, барлық жағдайда мүмкін емес мәселе. Өйткені, сыйлық «идеалистік мақсаттағы ең елеулі әдеби туынды жасаған» авторға беріледі. Егер осы сөз шындық болса, осы уақытқа дейін бірнеше қазақ жазушылары оны иеленген болар еді.

Абдулразак Гурнаның кітаптары әлі орыс тіліне аударылған жоқ, сондықтан әзірге біз ХХ-ғасырдағы Нобель сыйлығының басқа лауреаттарының еңбектерін батыс әдебиетшілерінің еңбектерінен оқи аламыз.

Ол 1948 жылы Занзибар аралында

араб текті мұсылман отбасында дүниеге келген. 1968 жылы Занзибардағы арабтарға қарсы көңіл-күйге байланысты Ұлыбританияға көшіп, оқуын сонда жалғастырды. 1980 жылдан 1982 жылға дейін Нигериядағы Байеро университетінде дәріс оқыды. 1982 жылы Ұлыбританиядағы Кент университетінде PhD дәрежесін алды. 1985 жылы ол өзінің альма-матерінде оқытушы болып тағайындалды және отаршылдықтан кейінгі әдебиет пен диаспора жазушыларының, ең алдымен, Шығыс Африкадағы, Үндістандағы және Кариб бассейніндегі британдық колониялардағы шығармалары бойынша курстан сабақ берді. Қазіргі уақытта толық профессор ретінде ол Кент университетінде ағылшын тілі кафедрасының магистратура бағдарламасын басқарады. Ол Африка жазуы туралы екі томдық очерктер жинағының басқарушы редакторы қызметін атқарды. Ол сонымен қатар «Салман Рушдиге серік» журналының және «Васафири» журналының редакторы. Ол Видиадхар Сурадждипрасад Найпаул, Салман Рушди және Зои Уикомб сияқты бірқатар қазіргі заманғы постколониялық жазушылар туралы зерттеулердің авторы.

2021 жылы оған Нобель сыйлығы «мәдениеттер мен құрылықтар арасындағы және шығанақтағы отаршылдықтың салдары мен босқындар тағдырын жаңашырлықпен ымырасыз зерттегені үшін» берілді.

Жазушы өте тынымсыз және тез жазады. Оның жыл аралатып, жарық көрген «Жеткізу туралы естелік» (1987), «Қажылар жолы» (1988), «Дотти» (1990), «Жұмак» (1994), «Таңданатын тыныштық» (1996), «Теңіз жағасында» (2001), «Дезерация» (2005), «Менің анам Африкада фермада





тұрды» (2006), қысқа әңгімелер жинағы мен «Соңғы сыйлық» (2011), «Қиыршық жүрек» (2017) шығармалары бар.

Енді Танзаниялық жазушы әдебиет бойынша Нобель сыйлығына қалай ие болды және оның сыры неде? – деген сұраққа жауап іздесек. Сол бір жылдары Стокгольмде әдебиет бойынша Нобель сыйлығының лауреаты қандай жазушы аталады деген сұрақтар төңірегінде көп әңгімелер болды. Ұзақ талқылаудан кейін танзаниялық жазушы Абдулразак Гурнаның аты аталды. Біз су жаңа лауреат туралы қызықты деректерді жинаған болдық.

Әдебиет саласындағы «Нобель сыйлығы» – ең беделді және ең көп талқыланатын сыйлық және автор үшін ол шығармашылығының танылуының шыңы. Швед химигі, динамитті ойлап тапқан, меценат Альфред Нобель: «...Әдебиет саласындағы ең көрнекті шығарманы идеалистік бағытта жасаған адамға берілуі тиіс», – деп өсиет еткенде, оның адамзат баласын ізгілікке шақыратын құлшылық етуі болғандай. Бірақ өмір тұп-тура ізгіліктен тұрмайтыны анық. Әлемді күйреуден, күйзелуден, күңіренуден сақтайтын ең мықты қуат – адамның адамға деген – жалғыз махаббатынан тұрмасы да анық ғой. Дүниенің тартылыс заңын таразылайтын өлшем бірлігі өмірде теңеспеген. Оның қабырғасы тұтас бір материалдан соғылмаған. Осы жағдайда жазушыға аң мен құсқа табылған қара құрылықтан өзіне лайықты орын табылмаған кездер де болды. Жазушы масылдықты – малғұндықтың ұрық дәні деп білгендіктен басы ауған жаққа, өзіне ыңғайлы ортаға барын тұрғанды қалады.

Жасы ұлғайған кезде күл төккен жерін ауыстыру оңай ма? Жазушы өзіне ыңғайлы жер деп, Ұлыбританияны қалайды. Оның «Жұмақ» романы (1994) «Букер» және «Уитприд» сыйлықтарының, ал «Теңізде» (2001) романы тағы да «Букер» жүлдесінің тізіміне ендірілді. Жазушының бүкіл әлемге танымал үшінші романы – «Дезерт» (2005). Абдулразак Гурнаның шығармаларын тек түпнұсқада, ағылшын тілінде оқуға болады. Лауреаттың романдары әлі басқа тілдерге аударылған жоқ. Айтпақшы, Абдулразак Гурнаның жеңісі әлемдік қауымдас-тық үшін өте күтпеген жағдай болды, өйткені букмекерлік кеңселердің фавориттері француз жазушысы Анна Эрнанд пен жапон жазушысы Харука Мураками болатын.

Занзибар босқыны болып табылған профессор Абдулразак Гурна жергілікті билеушілердің арабтарға қарсы көзқарасы үшін туған жерін тастап кеткені көп айтыла бермейді. Бұл тақырып оның сырқат тұсы, сондықтан ол туралы аузын томпайтып айтқысы да келмейді. Әркім өз ойының жаңғырығын қайтарып қабылдап жатады. Егер ол жат болып көрінсе, ол ойдың тереңдігі емес, сананың төмендігі, түйсіктің керемдігі болар еді. Ол осыны санасына шегелеп тастаған.

Атақты адамдар, сырттан сұқтанушылар үшін ғана бақытты болып көрінеді. Бірақ олар өздерінің бақыттылар арасындағы бақытсыздар екенін көрсетпейді. Айқайлап күледі, жасырын жылайды. Абдулразак Гурна – 1948 жылы араб текті мұсылман отбасында дүниеге келген. Оның балалық шағы Занзибар аралында өткен, 1960 жылдардың соңында ол Ұлыбританияға босқын ретінде келе-



ді. Жас балғын арабтарға қарсы жасалып жатқан озбырлыққа байланысты туған үйінен кетіп қалады. Ағылшын және постколониалдық әдебиет профессоры ретінде жазушы өмірінің көп бөлігін ұстаздыққа арнайды. 1982 жылы Абдулразак Гурна Кент университетінің бітіріп, ғылыми дәрежесін алып шығады және зейнеткерлікке шыққанға дейін сол оқу орнында ағылшын және постколониалдық әдебиет профессоры болып қызмет атқарады. Нобель сыйлығының иегері «Африка әдебиетінің очерктері» екі томдық жинағының бас редакторы, сондай-ақ, қазіргі заманғы постколониалдық жазушылар туралы зерттеулердің авторы атанады. Шығыс Африканың мәдени әртүрлілігімен әлемді таныстыруға белсене араласады.

Әдеби сыншылар Абдулразак Гурнаның романдарынан стереотиптік сипаттамаларды таба алмайтындарын мойындайды. Нобель комитетінің өкілдері лауреаттың еңбектері «әлемнің басқа бөліктеріндегі көптеген адамдар біле бермейтін Шығыс Африканың мәдени әртүрлілігіне көздерін ашқанын» атап өтеді. Гурна шығармаларының кейіпкерлері өздерін мәдениеттер мен континенттер арасындағы кеңістікте, бұрынғы өмір мен жаңадан қалыптасқан өмір арасынан адаспай табады. Гурнаның ақиқатты ұстанатындығы және өмір ақидасын жеңілдетуден жиіркенішті ештеңе жоқ, деуі көптеген әдебиетшілердің шел басқан көзін ашқан. Жазушы ол ойы арқылы қараңғыны жарық, ымырасыздықты пәтуаға тарта білген. Сонымен бірге ол адамдардың тағдырын үлкен жанашырлықпен және айнымас мейірімділікпен байқаған.

Гурнаның ана тілі – суахили. Әдеби рөлі үшін ол ағылшын тілін таңдағанымен, прозалық шығармаларында суахили, араб және неміс тілдерінің іздері көрінеді. Нобель комитетінің басшысы Андерс Олсон Абдулразак Гурна "Отарлау саясатынан кейінгі кезеңнің әлем мойындаған жазушысы және олардың ішіндегі ең көрнектілерінің бірі», деп баға берген. Ол Шығыс Африкадағы отаршылдықтың салдарын және оның жер аударылғандар мен қоныс аударуға мәжбүр болған адамдардың өміріне ықпалын дәйекті және түсіністікпен зерттеген.

Әдебиет бойынша Нобель сыйлығына үміткерлер 50 жыл бойына қатаң құпия сақталады екен. 1901 жылдан 2021 жылға дейін 113 автор әдеби «Нобель сыйлығының» иегері болыпты. 16 әйел әдебиет саласында Нобель сыйлығының лауреаты атаныпты.

Мәселен, жазушы Иван Франконы 1915 жылы Венадан келген UGCC діни қызметкері доктор Иосиф Застырец «өз халқының ұлы көшбасшысы, халықаралық данышпан», “қазіргі Еуропаның ең көрнекті жазушысы» ретінде Нобель сыйлығына ұсынды. Ұсыныс хат Стокгольмге кеш, лауреаттар мәселесі шешіліп, үміткерлер тізімі бекітілген кезде түскен. 1916 жылы Иван Франко кенеттен қайтыс болады. Ол алуы тиіс болатын. Бірақ Нобель комитетінің Ережесі бойынша сыйлық тек тірі авторларға ғана беріледі.

Нобель сыйлығына ұсынылған украин ақын-жазушыларының ішінде: Иван Багряный, Павел Тычина, Лина Костенко, Иван Драч, Николай Бажан, Василий Стус, Олесь Гончар, Борис Олейниктер бар. Міне, көрдіңіздер, Украина әдебиетінің қанша-



лықты озық тұрғанын. Қазақ жазушыларынан кім ұсынылды, айта алмаймыз. Бірақ ұсынылуы керек, бұл жердегі мәселе, алуда емес, ұсынылуда болып тұр. Асылы, оның процедураларын білмейтін сияқтымыз. Қалай десек те, өзінікін өзімдікі дей алмаған жұртта ешқашан өзінікі болмайды.

Алғашқы сыйлық берілген кезден, осы уақытқа дейін тек екі автор сыйлықтан бас тартты. Француз философы және драматургі Жан-Поль Сартр Нобель сыйлығы өзінің тәуелсіздігіне кедергі болады, деп қорқыпты. Ал орыс жазушысы Борис Пастернак Кеңес үкіметінің нағыз қорлығы мен қысымы үшін «Нобель сыйлығынан» бас тартқан.

Сыйлық лауреаттары қазан айында жарияланады, алайда марапаттар 10 желтоқсанда – Альфред Нобель қайтыс болған күні тапсырылады.

Сыйлықтың әрбір лауреаты 2021 жылы 10 миллион швед кронның (1,137 миллион доллар) құрайтын ақшалай сыйлық алады. Сыйлықты алу үшін жеңімпаз марапатты алғаннан кейін алты ай ішінде Нобельдік дәріс оқуы тиіс.

Әдебиет бойынша Нобель медалінің сырт жағында лавр ағашының астында отырған жас жігіт бейнеленген. Қолында – қалам, тізесінде – таза парақтар. Жігіт қасында тұрып лирада ойнап тұрған музаға шабыттанып қарап тұр. Төменде Вирджилдің «Энеида» поэмасынан алынған латын тіліндегі дәйексөз келтірілген: «*Inventas vitam juvat excoluisse per artes*».

Академияның мәлімдемесінде Гурнаға бұл сыйлық Африка континентіндегі отаршылдықтың салдары және оның босқындардың мәдениеттер мен

континенттер арасында жылжып келе жатқан тағдырына әсері туралы ымырасыз және жанашыр ойлары үшін берілгені айтылған. Ол осы жеңіс алаңынан көрінуге ерте дайындалған. Гурна 18 жастан асқанда сыйлықтың шарттарымен танысып, өзінің жеке деректерін өңдеп отырған және электрондық поштасы мен SMS арқылы жарнамалық ақпараттық бюллетеньдерді алып отырған. Түбі оны осы сыйлыққа алып келген.

2020 жылы американдық ақын Луиза Глюк Нобель сыйлығын оның «өте сұлулығы жеке болмысты әмбебаптыққа айналдыратын ерекше поэтикалық дауысы үшін» алды. Нобель сыйлығы өзінің жабық табиғаты мен (солқылдақ болса да) элитизмінің арқасында әдебиеттің қасиетті өлшемін қайтаратын сиқырлығы бар. Нобель сыйлығын берудің бүкіл күрделі процесі (жеңімпазды болжау, дәлелді хабарлау, Нобель дәрісін күту және ақыр соңында, Нобель сыйлығының лауреатының сөзінің өзі) ұлы әдебиеттің шынайы сиқыры барын қайта-қайта көрсетеді. Біз одан жұбаныш пен пайғамбарлық іздейміз, біз ең қиын сұрақтарға жауап талап етеміз. Біз әлі де сөз әлемді өзгерте алатынына сенеміз. Әйтсе де, ең қорқынышты және азапты сұрақтардың жауаптары әлі күнге дейін кітаптардың арасында жасырылатынына мән бермей келеміз. Ал Нобель сыйлығы өзінің ескі әдет-ғұрыптарымен қайта-қайта белгілі бір адамды емес, адамзаттың сөзге деген сенімін және оны ұстанушыларды марапаттайтынын ескермей жатамыз.

Жалпы, бұл сыйлық «идеалистік мақсаттағы ең елеулі әдеби туынды жасаған» авторға беріледі.



МАЗМҰНЫ

Мәдени мұра

Қ.Алтынбек. Біртұтас Алатау аспаны.2

Поэзия

С.Сұлтанғазы. Жүрегімде сезім де бар, от та бар19

Проза

С.Олжабай. Ала сиыр, тұлып және Аққыз әжем25

Қаламгер дидары

Н.Сәдуақастегі. М.Әуезовтің "Абай жолы" роман-эпопеясындағы әділеттілік сарын.46

Мәдени мұра

Қ.Біләл. Яссауи тағылымы.58

Проза

А.Жақиянова. Кішкентай жүрек.73

Тарих және тұлға

Е.Зәңгіров. Тағдыр (ақын-жазушылардың өмір тарихтары).89





	СП-1	АБОНЕМЕНТ журналға на журнал		75548									
		ЖАЛЫН (басылым аты - наименование издания)		басылым индексі индекс издания									
		2026 жылға, айларына		комплектілер саны кол-во комплектов									
		2026 год по месяцам											
		1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
	Қайда												
	Куда	(пошта индексі - почтовый индекс, адресі - адрес)											
	Кімге												
	Кому	(фамилиясы, аты - фамилия, имя)											
	СП-1	Тасымалдау карточкасы Доставочная карточка		75548									
		ЖАЛЫН (фамилиясы, аты - фамилия, имя)		басылым индексі индекс издания									
		ПВ	Орны Место	журналға на журнал									
		Жазылу бағасы Стоимость подписки		___ теңге ___ тиын	Комплектілер саны Кол-во комплектов								
		Адресін өзгерту Переадресовка											
		2026 жылға, айларына		2026 год по месяцам									
		1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
	Қайда												
	Куда	(пошта индексі - почтовый индекс, адресі - адрес)											
	Кімге												
	Кому	(фамилиясы, аты - фамилия, имя)											

2026 ЖЫЛҒА “ЖАЛЫН” ЖУРНАЛЫНА ЖАЗЫЛУ ЖЫЛ БОЙЫ ЖАЛҒАСАДЫ.
Әр айдың онына дейін жазылсаңыз, келесі айдан бастап журнал қолыңызға тиеді.

Әдеби-мәдени және әлеуметтік, ғылыми саладағы үздік мақалаларды оқығыңыз келсе, «Жалынға» жазылудан кеш қалмаңыз, құрметті оқырман! Жарты ғасырлық тарихы бар қазақ руханиятының жаршысы "Жалын" журналы рухани серігіңіз болсын!

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ

Жеке адамдар үшін	Қала	Ауыл	Мекемелер үшін	Қала	Ауыл
Индекс 75548	бағасы	бағасы	Индекс 25548	бағасы	бағасы
1 айға	1 403,86	1 403,86	1 айға	1 649,52	1 603,86
3 айға	4 211,58	4 211,58	3 айға	4 948,56	4 811,58
6 айға	8 423,16	8 423,16	6 айға	9 897,12	9 623,16
12 айға	16 846,32	16 846,32	12 айға	19 794,24	19 246,32

"Жалын" журналына жергілікті "Қазпошта" бөлімшелері, сондай-ақ "Эврика пресс", "Евразия пресс", "Ернұр пресс", "Қазпресс" мекемелері арқылы жазылуға болады.



ПС-1 ф. Абонементін толтыру тәртібі

ПС-1 ф. абонементін сиямен, анық, қатесіз, қысқартусыз толтырады. Дұрыс толтырылмаған абонемент жарамсыз деп табылады.

Жазылушы бірнеше басылымға жазылу ресімдеген жағдайда әрбір басылымға жеке абонемент толтырады.

Жазылу кассалық аппарат немесе компьютермен жабдықталған пошта байланысы бөлімшелерінде ресімделген жағдайда ПС-1 ф. абонементі мен тасымалдау кәртiшкесінде кассалық машина немесе компьютердің бедері қойылады.

Кассалық машинамен жабдықталмаған пошта байланысы бөлімшелерінде қолма-қол ақшамен есеп айырысу арқылы жазылу ресімдеген жағдайда ПС-1 ф. “Казпочта” ААҚ байланыс бөлімшесінің пошталық мөрқалып бедері үш жерге: абонементке, тасымалдау кәртiшкесіне және абонементпен тасымалдау кәртiшкесін кесу сызығына қойылады да, ПС-2 ф. түбіртегі жазылып беріледі.

Абонемент пен ПС-2 ф. түбіртегін алған кезде міндетті түрде:

- абонемент және ПС-2 ф. жазылған басылымдардың атауын;
- жазылымға төленген ақша сомасын;
- жазылымды ресімдеген қызметкерлердің қолы қойылғанын;
- ПС-1 ф. абонементі мен ПС-2 ф. түбіртегінде пошталық мөрқалып бедерін тексеріп алыңыз.

Басылымдарға жазылу және жеткізу жөнінде толық анықтаманы өзіңізге қызмет ететін пошта байланысы бөлімшесінен алуыңызға болады.

"Жалын" республикалық әдеби-көркем және әлеуметтік журнал
Редакторлар кеңесінің төрағасы – Мереке ҚҰЛКЕНОВ
Бас редактор – Құдияр БІЛӘЛ

Редакцияның мекен-жайы: 050016, Алматы қаласы, Абылай хан көшесі, 105-үй, 1-қабат.

Телефондар: (707) 367-51-20, (8 701) 741-42-59;
e-mail: zhurnalzhalyngmail.com, zhalynginbox.ru

“Zhalyng” (Flame) - republican literary-artistic and social-public magazine.
Chairman of the Editorial Board – MEREKE KULKENOV
The main editor KUDYAR BILAL.

050016, Almaty, Abylai khan str. 105, floor 1,
Tel.: 8 (707) 367-51-20, (8 701) 741-42-59;
e-mail: zhurnalzhalyngmail.com, zhalynginbox.ru

“Жалын” - республиканский литературно-художественный и социально-общественный журнал.

Председатель редакционного совета – Мереке КУЛЬКЕНОВ

Главный редактор – Кудияр БИЛЯЛ

Адрес редакции: 050016, г. Алматы, ул. Абылай хан 105, 1-этаж.

Телефоны: 8 (707) 367-51-20, (8 701) 741-42-59;
e-mail: zhurnalzhalyngmail.com, zhalynginbox.ru

Журнал Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігінде 24.07.2003 ж. тіркеліп,
№ 4089-ж куәлігін алған.

Меншік иесі: Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі,
Ақпарат комитеті

Құрылтайшы: Қазақстан Жазушылар одағы

Журнал айына 1 рет жарық көреді. №2 ақпан, 2026 ж. Реттік нөмірі (246)

Басуға қол қойылды: 20.02.2026 ж. Қағазы 70x84/8. Офсеттік басылым.

Б/Т есебі - 4. Таралымы 1000 дана. Тапсырыс 462

Журнал материалдары редакцияда теріліп, беттелді.

"Алматы-Болашақ" АҚ баспаханасынан басылып шықты. Алматы қаласы, С.Мұқанов, 223 "В".

Журнал жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасы болып есептелмейді.

Журнал уақытында жеткізілмесе, редакциямен хабарласыңыздар.

“Жалын” журналының кез келген санын редакцияның өзінен сатып алуға болады.

Редактор-тілші – Ж.Иманқұл